

ДУЙСЕНБАЕВ БАХЫТЖАН ЖУМАБАЕВИЧ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «И.В. ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ДИРЕКТОРЫ

Дуйсенбаев Бахытжан Жумабаевич 1971 жылы 26 мамырда Қызылорда облысы, Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1991 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 1996 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін математика және информатика пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Бахытжан Жумабаевич еңбек жолын 1997 жылғы 11 сәуірде Қызылорда қаласындағы №173 орта мектебінде математика және информатика пәндерінің мұғалімі қызметінен бастап, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың логикалық ойлау қабілеті мен шығармашылық ізденісін дамытуға бар күш-жігерін жұмсады.

1997 жылғы 11 сәуірден 2001 жылғы 10 қыркүйекке дейін №173 орта мектебінде математика және информатика пәндерінің мұғалімі болып еңбек етіп, педагогикалық тәжірибе жинақтады.

2001 жылғы 10 қыркүйектен 2006 жылғы 10 сәуірге дейін Қызылорда облысы білім беру департаментінің Арнаулы, қосымша білім беру мен тәрбиелеу жұмыстары бөлімінің жетекші маманы қызметін атқарып, білім алушылардың тәрбиесі мен қосымша білім беру жүйесін дамыту, оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру, олардың қоғамдық белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыруға атсалысты.

2006 жылғы 7 шілдеден 2009 жылғы 4 ақпанға дейін Қызылорда облысы білім беру департаментінің Арнаулы, қосымша білім беру мен тәрбиелеу жұмыстары бөлімінің бас маманы қызметін атқарып, білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмыстары мен қосымша білім беруді ұйымдастыру, педагогтермен және білім беру ұйымдарымен өзара байланыс орнату, білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағыттарында кәсіби тәжірибесін жетілдірді.

2009 жылғы 4 ақпаннан 2010 жылғы 14 шілдеге дейін Қызылорда қалалық білім бөлімінің бастығының орынбасары қызметін атқарып, қаладағы білім беру ұйымдарының қызметін үйлестіруге, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыруға, педагог кадрлармен жұмыс жүргізуге және білім беру саласындағы міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуге белсенді үлес қосты.

2010 жылғы 14 шілдеден 2013 жылғы 5 қарашаға дейін №264 орта мектебінің директоры қызметін атқарып, мектепті басқару ісінде өзінің ұйымдастырушылық қабілеті мен кәсіби біліктілігін таныта білді. Осы кезеңде білім сапасын арттыруға, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге, оқушылардың пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, шығармашылық және спорттық сайыстарға қатысуына қолдау көрсетіп, мектептің оқу-тәрбие жұмысын жүйелі түрде ұйымдастырды.

2014 жылғы 20 қаңтардан 2018 жылғы 14 қыркүйекке дейін Қызылорда қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі қызметін атқарып, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, озық педагогикалық тәжірибені тарату, мұғалімдердің шығармашылық ізденісін қолдау, оқу-тәрбие үдерісін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету бағытында нәтижелі еңбек етті.

2018 жылғы 14 қыркүйектен 2020 жылғы 4 тамызға дейін І. Қабылов атындағы №12 орта мектебінің директоры қызметін атқарып, мектеп ұжымының ауызбіршілігін нығайтуға, білім сапасын көтеруге, оқушылардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға, педагогтердің шығармашылық және кәсіби әлеуетін арттыруға басымдық берді.

2020 жылғы 4 тамыздан 2025 жылғы 15 қыркүйекке дейін Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейдің директоры қызметін атқарып, білім беру ұйымының оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруге, оқушылардың пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалардағы жетістіктерін арттыруға, педагогтердің кәсіби байқауларға қатысуына жағдай жасауға және мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға басшылық жасады. 2025 жылғы 15 қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің директоры қызметін атқарып келеді.

Бахытжан Жумабаевичтің еңбек жолы педагогикалық қызметтен бастап, білім беру саласындағы әдістемелік, ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметтердің барлық деңгейін қамтитын мол тәжірибесімен ерекшеленеді. Білім саласында қызмет атқарған жылдары ол оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, педагог кадрлармен жұмыс жүргізу, білім сапасын арттыру, оқушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту, білім беру ұйымдарының стратегиялық дамуын қамтамасыз ету бағыттарында үлкен тәжірибе жинақтады.

Қазіргі таңда №5 мектеп-лицейінің директоры ретінде білім ордасының тұрақты дамуына, сапалы білім беруге және заманауи білім беру ортасын қалыптастыруға ерекше көңіл бөліп келеді.

Бахытжан Жумабаевич мектеп басшысы ретінде педагогтердің шығармашылықпен жұмыс жасауына, кәсіби біліктілігін арттыруына және заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалануына жағдай жасауды басты міндеттердің бірі санайды. Оның ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында мектеп ұстаздары кәсіби байқауларда, ал оқушылары пәндік олимпиадаларда, ғылыми жобаларда, шығармашылық және спорттық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетіп келеді.

2025–2026 оқу жылында да мектеп-лицей педагогтерінің кәсіби еңбегі жоғары бағаланып, бастауыш сынып мұғалімі Ющенко Надежда Константиновна «Ы. Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды. Математика пәнінің мұғалімі Мусаева Макузия Испусиновна ұзақ жылғы педагогикалық еңбегі мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін «Еңбек ардагері» төсбелгісіне ие болды. Бұл марапаттар мектеп ұжымындағы тәжірибелі әрі білікті педагогтердің кәсіби еңбегінің лайықты бағаланғанын көрсетеді.

2025–2026 оқу жылында мектеп оқушыларының пәндік олимпиадалардағы жетістіктері де жалғасын тауып, ағылшын тілі пәні бойынша республикалық олимпиаданың жүлдегерлері қатарынан 3 оқушы орын алды. Оқушыларды олимпиадаға дайындап, жоғары нәтижеге жеткізген пән мұғалімдері – А. Оналбаева, Б. Дузумбетова және Э. Смайлова. Оқушылардың республикалық деңгейдегі білім додаларында жүлделі орындарға ие болуы мектеп-лицейде дарынды білім алушылармен жүргізілетін жұмыстың жүйелі жолға қойылғанын және педагогтердің кәсіби ізденісінің нәтижелі екенін аңғартады.

Мектепте түрлі бағыттағы спорттық үйірмелер де тұрақты жұмыс істейді. Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің еңбегінің нәтижесінде оқушылар қала және облыс көлемінде ұйымдастырылатын спорттық жарыстарда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп келеді. Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі мен Қызылорда облысының білім басқармасы ұйымдастырған «Ұлттық мектеп лигасы» жарысында мектеп-лицей командасы «Бес асық» жүлделі I орын иеленді.

Бахытжан Жумабаевичтің білім саласындағы көп жылғы еңбегі қала, облыс және республикалық деңгейдегі бірқатар марапаттармен атап өтілген. Атап айтқанда, 2012 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің медалімен, 2018 жылы «Қызылордаға – 200 жыл» мерекелік медалімен, 2019 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Алғыс хатымен және «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының Құрмет грамотасымен, 2021 жылы ҚР «Нұр Отан» партиясының Алғыс хатымен және «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының Құрмет грамотасымен, 2022 жылы Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хатымен және «Қоғамдық келісім» КММ-нің Алғыс хатымен марапатталған.

Бахытжан Жумабаевич – өзіне де, өзгеге де жоғары талап қоя білетін, жауапкершілігі мол, ұйымдастырушылық қабілеті қалыптасқан, кәсіби білімі мен басқарушылық тәжірибесін білім саласының дамуына бағыттап келе жатқан білікті басшы. Ол ұжым мүшелерінің өзара ынтымақтастығы мен ауызбіршілігін сақтауға, әр педагогтің кәсіби және шығармашылық әлеуетін ашуға, білім алушылардың жеке қабілеттерін дамытуға, ата-аналармен тиімді серіктестік орнатуға ерекше мән береді. Басшының кәсіби ұстанымы – сапалы білім мен саналы тәрбиені қатар алып жүру, ұлттық құндылықтарды заманауи біліммен ұштастыру, әр оқушының қабілетін ашуға мүмкіндік жасау және педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуына жағдай қалыптастыру.

Бахытжан Жумабаевичтің басты мақсаты – ұлттық құндылықтарға негізделген, заманауи талаптарға сай, білім сапасы жоғары, шығармашыл әрі бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыратын білім ордасын дамыту. Ол басшылық жасап отырған мектеп-лицей ұжымының жылдан-жылға ауқымды әрі нәтижелі жұмыстар атқаруына бағыт-бағдар беріп, педагогтер мен оқушылардың жаңа белестерді бағындыруына қажетті жағдай қалыптастыруды көздейді. Алдағы уақытта мектептің материалдық-техникалық базасын одан әрі жетілдіру, білім сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту, дарынды оқушылармен жұмысты жүйелеу, ғылыми-зерттеушілік бағытты күшейту, ұлттық тәрбие мен заманауи білімді сабақтастыра дамыту, оқушылардың шығармашылық және спорттық әлеуетін арттыру, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту бағытындағы жұмыстарды жалғастыруды басты міндеттерінің бірі санайды.

Бахытжан Жумабаевич үшін мектеп – тек білім беретін мекеме ғана емес, ұлттық рухы биік, білімді, мәдениетті, ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын азаматтарды тәрбиелейтін қасиетті білім ордасы.

Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, ол И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруге, педагогикалық ұжымның кәсіби әлеуетін арттыруға, оқушылардың жан-жақты дамуына және білім ордасының қала мен облыстың білім кеңістігіндегі беделін одан әрі нығайтуға бар күш-жігерін жұмсап келеді. Бахытжан Жумабаевичтің педагогикалық және басқарушылық қызметтегі көпжылдық тәжірибесі, кәсіби білімі, ізденімпаздығы, ұйымдастырушылық қабілеті мен жауапкершілігі білім беру саласының дамуына, жас ұрпақтың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына бағытталған.

Дүйсенбаев Бахытжан Жумабаевичтің педагогикалық еңбек өтілі – 30 жыл, біліктілік санаты – бірінші санатты басшы, мамандығы – математика, информатика пәндерінің мұғалімі, педагогикалық санаты – педагог-зерттеуші.



АБЛАЕВ БОЛАТ МУХАМЕДАЛИЕВИЧ
ДИРЕКТОРДЫҢ ОҚУ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

Аблаев Болат Мұхамедәліұлы 1970 жылғы 1 қаңтарда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қазіргі таңда Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектепте оқу ісі орынбасары қызметін атқарады.

Кәсіби қызметі барысында білім беру саласындағы басқару, педагогикалық менеджмент, білім мазмұнын жаңарту және инклюзивті білім беру бағыттары бойынша біліктілігін арттырып келеді. 2021 жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Қызылорда филиалында «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында орта білім беру ұйымдарының педагогикалық менеджменті» тақырыбында 80 сағаттық курстан өтті. Сонымен қатар, инклюзивті білім беру бойынша онлайн-тренингке және ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларына арналған 40 сағаттық біліктілікті арттыру курсына қатысты. 2023 жылы «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» тақырыбында білімін жетілдірді.

Еңбегі мен кәсіби қызметі үшін әр жылдары Қызылорда облысы және қаласы әкімдігінің, қалалық және облыстық білім беру ұйымдарының, «Өрлеу» АҚ, облыстық кәсіподақ комитетінің, «Аманат» партиясының, «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының және басқа да ұйымдардың Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына, пәндік және зияткерлік олимпиадаларға дайындауда нәтижелі еңбек етіп келеді. Оның жетекшілігімен оқушылары республикалық және облыстық деңгейдегі түрлі байқаулар мен олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болды.

2021 жылы оқушы Комбай Абылайхан құқық негіздері пәнінен республикалық олимпиаданың II кезеңінде II орын, Жеңіс Малика ғылыми-зерттеу және шығармашылық жобалардың республикалық байқауында I орын алды.

2022 жылы Сақып Аяулым, Мерғалиева Жұлдыз және Ахметбек Асил «Тарих Ата» республикалық қашықтық олимпиадасында II дәрежелі дипломдармен марапатталды.

2023 жылы Зұлқарнай Жания «Тарих Ата» республикалық қашықтық олимпиадасында II дәрежелі диплом иеленді. Сол жылы оқушыларының жетістіктері үшін республикалық және облыстық деңгейдегі марапаттарға ие болды.

2024 жылы Бақытбекова Ақжан «Тарих Ата» республикалық қашықтық олимпиадасында және «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында II дәрежелі дипломдарға ие болды. Нұртай Жанерке «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының II дәрежелі дипломымен марапатталды. Бақытбекова Ақжан жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде III орын алды.

2025 жылы Нұртай Жанерке, Айтмұхамбет Инабат, Кажданбек Арсен, Нұржан Нұрислам және Алдамжар Ақнұр «Тарих Ата» республикалық қашықтық олимпиадасында I дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Аблаев Болат Мұхамедәліұлы білім беру саласында мол тәжірибесі бар, педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға және оқушылардың білім жетістіктерін арттыруға өз үлесін қосып келт жатқан тәжірибелі маман.



ЖЕКЕНОВ БЕКБОЛАТ ТЫНЫМБЕКҰЛЫ
ДИРЕКТОРДЫҢ ОҚУ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

1988 жылғы 16 қаңтарда Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Бұхарбай батыр ауылында дүниеге келген.

1995 жылы №33 орта мектептің 1-сыныбына қабылданып, 2006 жылы аталған мектепті бітірген.

2006 жылы Тараз қаласындағы М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетіне «Жеңіл өнеркәсіп тауарлары мен бұйымдарының технологиясы» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2010 жылы үздік дипломмен тәмамдаған.

2010 жылы осы университетке «Қаржы» мамандығы бойынша қайта оқуға түсіп, 2012 жылы бітіріп шыққан.

2011 жылдың қаңтар айынан бастап Қызылорда қаласындағы М. Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжінде еңбек жолын бастаған.

2012 жылы Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетіне «Алғашқы әскери дайындық» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2014 жылы тәмамдаған.

2014 жылы Қызылорда қаласындағы Т. Есетов атындағы №264 мектеп-лицейіне директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалған.

2018 жылдың мамыр айынан бастап аталған мектепте алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы қызметіне ауысқан.

2023жылы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейге директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып тағайындалған.

2025 жылы Қызылорда Болашақ» университетінің информатика мамандығын тәмамдады.

2025 жылы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің болашақ басшыларды даярлау ілгері деңгейі бойынша курсынан өтіп, республикалық кадр резервіне қабылданды.

Қазіргі уақытта директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары. Қазақ және орыс тілдерін еркін меңгерген. Ағылшын тілінде сөздік көмегімен сөйлесе алады. Жалпы еңбек өтілі: 15,8 жыл. Отбасылы.



АЙДАРБЕКОВА АЙГУЛЬ ЖАЛҒАСБАЕВНА
ДИРЕКТОРДЫҢ ОҚУ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ (БАСТАУЫШ САТЫСЫ)

Айдарбекова Айгүл Жалғасбайқызы 1977 жылы 19 қаңтарда Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1983 жылы Қызылорда қаласындағы №235 қазақ орта мектебінің 1-сыныбына қабылданып, 1992 жылы 9-сыныпты аяқтаған. Сол жылы М. Мәметова атындағы педагогикалық колледжге оқуға түсіп, «Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің бірінші сатысында оқыту» мамандығы бойынша білім алған. 1996 жылы оқу орнын тәмамдап, «Бастауыш сынып мұғалімі» біліктілігін иеленген.

Кәсіби білімін одан әрі жетілдіру мақсатында 2004–2007 жылдары Қызылорда гуманитарлық университетінде «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша жоғары білім алып, бакалавр біліктілігі мен академиялық дәрежесіне ие болған.

Еңбек жолын 1996 жылы эксперименттік ақылы мектеп-гимназиясында мұғалім қызметінен бастаған. Кейін білім беру ұйымының атауы «Парасат» мектебі болып өзгеруіне байланысты 1998–2005 жылдар аралығында аталған мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарған.

2005 жылы И.В. Панфилов атындағы мектеп-лицейіне бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа қабылданған. 2006–2008 жылдары директордың бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары қызметін атқарып, бастауыш білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға, білім алушылардың сапалы білім алуына және педагогтердің кәсіби қызметін үйлестіруге өз үлесін қосқан.

2008–2021 жылдар аралығында бастауыш сынып мұғалімі ретінде педагогикалық қызметін жалғастырып, білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және сапалы білім алуына бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізген.

2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін И.В. Панфилов атындағы мектеп-лицейінде директордың бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді.

Айгүл Жалғасбайқызы – білім беру саласында мол тәжірибесі бар, білікті әрі ізденімпаз педагог. Өзінің ұзақ жылдық педагогикалық және басқарушылық тәжірибесін білім беру сапасын арттыруға, бастауыш сыныптардағы оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және педагогтердің кәсіби дамуына бағыттап келеді. Басқарушылық қызметінде оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, мұғалімдердің шығармашылық ізденісін қолдауға, білім алушылардың білім сапасын арттыруға және мектептің даму бағытына сай жұмыстарды жүйелі жүзеге асыруға ерекше көңіл бөледі.

Педагогикалық қызметінде заманауи білім беру талаптарын басшылыққа алып, оқушылардың жеке қабілеттерін ескеруге, олардың шығармашылық және танымдық белсенділігін арттыруға, білімге деген қызығушылығын қалыптастыруға мән береді. Сонымен қатар әріптестерімен тәжірибе алмасып, педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіруге ұмтылады.

Жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 30 жыл. Басқарушылық қызметтегі еңбек өтілі – 7 жыл. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші.

Айдарбекова Айгүл Жалғасбайқызы өз еңбек жолын білім беру саласымен тығыз байланыстырып, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге, бастауыш білім берудің мазмұны мен сапасын жетілдіруге және педагогикалық ұжымның кәсіби дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан тәжірибелі ұстаз әрі білікті басшы. Отбасылы. Үш қыз тәрбиелеп отыр.



ТАСТАЕВА ТОЛҚЫН БАҚЫТОВНА
ДИРЕКТОРДЫҢ БЕЙІНДІ ОҚЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

Тастаева Толқын Бақытқызы 1984 жылы 8 маусымда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында дүниеге келген. Білімі – жоғары, педагог-сарапшы, II санатты директордың бейінді орынбасары. Еңбек өтілі - 17 жыл.

1991–2001 жылдары Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы №3 дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында білім алған.

2001–2006 жылдары Ресей-Қазақстан Қазіргі Заман Гуманитарлық университетінде жоғары білім алған.

Еңбек жолын 2009 жылы №215 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметінен бастаған. 2011–2012 жылдары «Табиғат тынысы» басылымында, 2012–2013 жылдары «Тіл сақшысы» басылымында тілші қызметін атқарған.

2014 жылғы 20 қарашадан бастап И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі және директордың орынбасары қызметтерін атқарып келеді.

Педагогикалық қызметі барысында білім алушылардың білім сапасын арттыруға, функционалдық сауаттылығын, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізіп келеді. Оқу-тәрбие үдерісінде заманауи педагогикалық технологияларды, цифрлық білім беру

ресурстарын және жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, озық педагогикалық тәжірибесін әріптестерімен бөліседі.

Кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында республикалық және облыстық семинарларға, вебинарларға, педагогикалық идеялар шеберханаларына, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға және әдістемелік іс-шараларға тұрақты қатысады. «Педагогикалық тәжірибе алмасу – мұғалімнің кәсіби дамуының тиімді тетігі» облыстық әдістемелік алаңында модератор, республикалық және облыстық олимпиадалардың қазылар алқасының мүшесі ретінде қызмет атқарған. Сонымен қатар білім беру ұйымдарын зерделеу және мемлекеттік аттестаттау комиссияларының жұмысына қатысқан.

Педагогикалық еңбегі мен кәсіби жетістіктері үшін бірнеше мәрте дипломдармен, алғыс хаттармен және Құрмет грамоталарымен марапатталған. 2023 жылы «Мастерская педагога – 2023. Проектная деятельность – средство формирования профессиональных компетенций учителя» облыстық педагогикалық байқауында II дәрежелі диплом иеленген. 2024 жылы «Көкжиек-Горизонт: Ұстаз сенімі, оқушы жетістігі» республикалық мұғалімдер байқауында III дәрежелі дипломмен марапатталған. 2025 жылы «Үздік педагог – 2025» дипломын алған. 2026 жылы «Шебер педагог» байқауында I орын және «Педагогикалық идеялар фестивалі» байқауының «Үздік қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» номинациясы бойынша I орын иеленген. Сондай-ақ «IQLab» республикалық эвристикалық онлайн-олимпиадасында II дәрежелі дипломмен марапатталған.

Шәкірттерінің пәндік білімін тереңдетуге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жүйелі жұмысының нәтижесінде оқушылары республикалық, облыстық және қалалық деңгейдегі олимпиадалар мен байқауларда жүлделі орындарға ие болып келеді. 2026 жылы оқушылары «SAPSAN» жалпы пәндік республикалық олимпиадасында, «Абай» пәндік олимпиадасының қалалық, облыстық және республикалық кезеңдерінде, «Шың» олимпиадасында, «Мақатаев оқулары» конкурсында және басқа да республикалық байқауларда I, II, III дәрежелі дипломдар мен жүлделі орындарға ие болған. 2025 жылы оқушылары «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында және республикалық «Кенгуру» жалпы пәндік олимпиадасында жүлделі нәтижелер көрсеткен. 2023–2024 жылдары да оқушылары пәндік олимпиадалар мен шығармашылық байқаулардың қалалық және облыстық кезеңдерінде жүлделі орындарға ие болған.

Педагогикалық және қоғамдық қызметтегі белсенділігі үшін Қызылорда облысының білім басқармасы, Қызылорда облысы әкімдігі және бірқатар қоғамдық, әдістемелік ұйымдар тарапынан Алғыс хаттармен, Құрмет грамоталарымен және дипломдармен марапатталған. Отбасылы, үш ұл тәрбиелеп отыр.



АЛИЕВ АДИЛБЕК ДАЙРАБАЕВИЧ
ДИРЕКТОРДЫҢ ТӘРБИЕ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің география пәні мұғалімі, директордың тәрбие ісі орынбасары, педагог-сарапшы 1992 жылғы 5 қаңтарда Қызылорда облысы, Қызылорда қаласында дүниеге келген. Педагогикалық саладағы жалпы және сала бойынша еңбек өтілі – 19 жыл, қазіргі еңбек ұжымындағы жұмыс өтілі де – 2 жыл.

Педагог еңбек жолында білім алушылардың сапалы білім алуына, олардың шығармашылық, зияткерлік және тұлғалық қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, патриоттық тәрбие беруге және мектептің қоғамдық-мәдени өміріне белсенді қатысуына ерекше көңіл бөліп келеді. География пәнін оқытуда заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, зерттеушілік және креативті ойлау қабілеттерін дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде. Педагогтің кәсіби еңбегі әр жылдары түрлі деңгейдегі Құрмет грамоталары, Алғыс хаттар, дипломдар мен сертификаттармен атап өтілген. Атап айтқанда, 2020 жылы қашықтықтан оқыту үдерісіндегі белсенділігі үшін Қызылорда қаласының білім бөлімінің Құрмет грамотасымен, 2021 жылы «Үздік тәрбие орынбасары – 2021» қалалық байқауына белсенді қатысқаны үшін Алғыс хатпен, сондай-ақ «QYZYLORDA OPEN – 2021» турниріне белсене қатысқаны үшін Мадақтамамен марапатталған.

2022 жылы Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хатына, Қызылорда облысының білім басқармасының Сыр өңірінің білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Алғыс хатына, Орталық сайлау комиссиясының республикалық референдумды және Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын дайындау мен өткізуге белсенді қатысқаны үшін Алғыс хаттарына ие болды. Сонымен қатар білім беру, спорттық-мәдени және әскери-патриоттық бағыттағы түрлі іс-шараларға белсенді қатысып, жүлделі нәтижелер көрсетті.

2023–2024 жылдары педагогикалық шеберлігін арттыру бағытында бірқатар біліктілікті арттыру курстары мен семинарларға қатысып, білім беру ұйымдарындағы басқару, педагогикалық менеджмент, ата-аналармен жұмыс, жағымды тәрбие ортасын қалыптастыру және география пәнінде оқушылардың креативті ойлауын дамыту бағыттары бойынша кәсіби құзыреттілігін жетілдірді. 2024 жылы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: ұлттық тәрбие – ел болашағы» тақырыбындағы қалалық семинарда өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын ұйымдастыруға және облыстық семинарлардың жоғары деңгейде өтуіне үлес қосты.

Педагогтің кәсіби жетістіктерінің қатарында «Педагогика жанашыры» республикалық педагогикалық ғылыми журналында «Использование инновационных методов работы на уроках географии» атты мақаласының жариялануы және 2025 жылы «Білім беру үдерісін басқарудың тәжірибелік негіздері және басқарудың әдіснамасы» атты әдістемелік нұсқаулыққа қатысуы бар.

2025 жылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу, адалдық пен тәрбие бағытындағы жұмыстарға белсенді қатысып, Қызылорда облысының білім басқармасы мен Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы ұйымдастырған іс-шараларға атсалысты. Сондай-ақ Мемлекеттік рәміздерді насихаттау және қолдану бағытындағы жұмыстарына белсенді қатысқаны үшін I орынға ие болған. Педагог кәсіби біліктілігін тұрақты жетілдіріп, заманауи білім беру талаптарына сәйкес ізденіс жұмыстарын жалғастырып келеді.

Педагогтің жетекшілігімен білім алушылар да қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі түрлі интеллектуалдық, шығармашылық және спорттық байқауларда нәтижелер көрсеткен. Атап айтқанда, оқушылары «Ақбота» республикалық зияткерлік олимпиадасында II және III дәрежелі дипломдарға, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы «Ертегі әлеміне саяхат» байқауында I орынға, «Сыр лигасы» жобасы аясындағы «Ана тілі аруы» және «Мобилография» байқауларында жүлделі орындарға ие болған.

Сонымен қатар педагогтің шәкірттері пікірсайыс, тоғызқұмалақ, стритбол, ән байқауы сияқты түрлі бағыттағы жарыстарда да жоғары нәтижелер көрсеткен. 2024 жылы «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында бірнеше оқушы II және III дәрежелі дипломдармен марапатталса, 2025 жылы Серік Қарақат, Алмас Гүлжанат және Табылда Жанерке аталған олимпиаданың жүлдегерлері атанып, II дәрежелі дипломдарға ие болды.

Педагог қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласып, білім беру саласындағы түрлі семинарлар мен іс-шараларға, сайлау және референдум комиссияларының жұмысына, спорттық және мәдени шараларға қатысып келеді. 2024 жылы республикалық референдумның құқықтық негіздері мен комиссия жұмысын ұйымдастыру бойынша семинарды нәтижелі аяқтап, тиісті сертификат алған.

Педагогтің кәсіби қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі – тәрбие жұмысы, ұлттық құндылықтарды насихаттау, оқушылардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру және мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Ол оқушылардың білім жетістіктерімен қатар, олардың шығармашылық, қоғамдық, спорттық және мәдени белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастырып келеді.

Жалпы, педагог өзінің 19 жылдық еңбек өтілі барысында білім беру мен тәрбие саласында мол тәжірибе жинақтап, оқушылардың білім сапасын арттыруға, олардың жан-жақты дамуына және мектептің қоғамдық өміріне елеулі үлес қосып келеді. Кәсіби ізденісі, қоғамдық белсенділігі, педагогикалық тәжірибесі және білім алушылардың жетістіктері оның білікті маман ретінде қалыптасқанын көрсетеді.



МЕНЛИБАЕВА АЙГЕРИМ ОМАРОВНА
ДИРЕКТОРДЫҢ ТӘРБИЕ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

1990 жылы дүниеге келген. 1997 жылы №39 орта мектептің 1-сыныбына қабылданып, 2006 жылы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейіне ауысып, 2008 жылы аталған мектепті тәмамдады. Сол жылы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Химия» мамандығына оқуға түсіп, 2012 жылы жоғары білім алып, университетті аяқтады. 2016 жылы Қызылорда мемлекеттік университетінің магистратурасына түсіп, 2018 жылы «Педагогика ғылымдарының магистрі» дәрежесін алды.

2014 жылдан бастап Жәлел Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейінде химия пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Педагогикалық қызметі барысында білім алушылардың білім сапасын арттыруға, химия пәніне қызығушылығын қалыптастыруға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулуға және олардың жан-жақты дамуына елеулі үлес қосты. 2025 жылдан бастап И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді. Қазіргі таңда білім беру және тәрбие саласында жинақтаған мол тәжірибесін жас ұрпақты тәрбиелеуге, білім алушылардың тұлғалық дамуына және мектептің оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге бағыттап келеді.

Педагогикалық еңбегі мен кәсіби ізденісі бірқатар марапаттармен атап өтілген. 2021 жылы Қалалық білім қызметкерлері кәсіподақ комитетінің Алғыс хатына ие болып, ҚР Педагогтер қоғамының ұйымдастыруымен өткізілген «Жыл үздіктері – 2021» республикалық байқауына ұсынған жұмыстарының үздік болғаны үшін Дипломмен марапатталды. 2022 жылы Қызылорда қаласы әкімінің Алғыс хатын алды. 2023 жылы республикалық «Педагогикалық идеялар фестивалі» конкурсының қалалық кезеңінде «Шеберлік палитрасы» бағытына белсенді қатысып, Алғыс хатқа ие болды, сондай-ақ «Инновациялық идея – жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі» облыстық семинарында шеберлік сағатын өткізгені үшін Сертификатпен марапатталды. 2024 жылы «EVEREST» баспа үйінің Алғыс хатын алып, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің К.Сәдуақасқызы атындағы «Химиялық білім беру» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған конференцияда мазмұнды баяндама жасағаны үшін Сертификатқа ие болды. Сонымен қатар ҚР Ақпараттық және қоғамдық даму министрлігінің TANYM KZ республикалық жобасының Алғыс хатымен, «XXI ғасырдағы жаратылыстану-ғылыми білім беруді трансформациялау» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысқаны үшін Сертификатпен және «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқауының аймақтық кезеңіне қатысқаны үшін Сертификатпен марапатталды. 2024 жылы III Халықаралық жастардың ғылыми-білім беру конференциясы «Химия 21 века в школе» конференциясының «Я учитель» секциясында III дәрежелі Диплом иеленді.

2025 жылы «Үздік авторлық бағдарлама – 2025» қалалық байқауында II орын алып, Дипломмен марапатталды. «Мектепте білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру теориясы мен практикасы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, Алғыс хат алды. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы – Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының Алғыс хатына ие болды. «Ізденіс. Тәжірибе. Нәтиже» республикалық ғылыми-тәжірибелік семинарында «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың жетілдіру жолдары» тақырыбында шеберлік сыныбын өткізіп, Сертификат алды. «Шеберлік шыңы» қауымдастығының мүшесі атанып, Сертификатпен марапатталды. Сонымен бірге Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығының Алғыс хатын, «Әдістемелік вернисаж» республикалық байқауының «Үздік сабақ жоспары» номинациясы бойынша II дәрежелі Дипломын, Қызылорда облысының білім басқармасы және Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Қызылорда облыстық ұйымының Құрмет грамотасын және Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хатын алды.

2026 жылы Қызылорда облыстық оқу орталығының «Жаңа халықтық Конституцияның нормалары мен құндылықтары: адами капиталды дамыту – білім беру жүйесінің стратегиялық негізі» тақырыбындағы дәстүрлі тамыз кеңесіне қатысып, Сертификат иеленді. Сондай-ақ Қызылорда облысы білім басқармасының «Тәрбие, спорт және білім беру орталығы» ұйымдастырған осы тақырыптағы тамыз педагогикалық конференциясына қатысып, Сертификат алды.

Педагогтің жетекшілігімен білім алушылар да түрлі деңгейдегі ғылыми жобалар мен олимпиадаларда жоғары нәтижелер көрсетті. 2020 жылы 1–7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» республикалық конкурсының қалалық кезеңінде Маратқызы Зивара II орын иеленді, ал «Ақбота» интеллектуалдық марафонында Набиев Шахмардан I орын алды. 2021 жылы республикалық олимпиаданың II кезеңінде химия пәнінен Умирали Ғайни III орын иеленсе, «Жас зерттеуші» I облыстық ғылыми-зерттеу жобалар байқауының химия бағыты бойынша Маратқызы Зивара II орын алды. 2022 жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалар конкурсының облыстық кезеңінде химия секциясы бойынша Юн Анастасия I орын иеленді. 2023 жылы К. Қаракөзов атындағы №235 орта мектебінің 50 жылдығына арналған қалалық ғылыми жобалар байқауында Юн Анастасия I орын алды, ал жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде химия пәнінен Бақытбек Бақдаулет III орын иеленді.

2024 жылы «Зерде» республикалық байқауының қалалық және облыстық кезеңдерінде «Химия, биология» секциясы бойынша Сапарбек Асылан I орын иеленіп, республикалық деңгейде ерекше жетістігі үшін Грамотамен марапатталды. Осы жылы Жұмажан Айару «Зерде» конкурсының облыстық кезеңінде II орын алды. Сонымен қатар жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде химия пәнінен Чангыбаев Дінмұхаммед II орын иеленді. Хегай Андрей мен Саруар Карим республикалық «El Umiti» олимпиадасының химия пәні бойынша жартылай финалына қатысты. 2024 жылы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы «Ертегі әлеміне саяхат» конкурсында оқушы III орын иеленді.

2025 жылы «Жас Ғалым – 2025» халықаралық оқушылардың ғылыми жобалар байқауында Жұмажан Айару I орын иеленді. «Зерде» республикалық конкурсының қалалық кезеңінде Тұрсынбаева Айнұр «Медицина, психология, экология» бағыты бойынша II орын алды. 2026 жылы «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының қалалық кезеңінде Айдарбек Ұлан «Жасыл идея» номинациясы бойынша I орын, облыстық кезеңінде III орын иеленді. Сонымен қатар «Қыз-еркем, өнерімен көркем» дәстүрлі арулар байқауында Әлиәкім Жанерке II дәрежелі Дипломға ие болып, облыс әкімінің жүлдесіне арналған «Сыр лигасы» жобасы аясындағы «Ана тілі аруы» байқауының қалалық кезеңінде III дәрежелі Диплом иеленді.

Педагогтің ғылыми-әдістемелік ізденістері де жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. «Жоғары сынып оқушыларының өзіндік жұмыстары арқылы химиядан үлгермеушіліктің алдын алу әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде ұсынылды. Сонымен бірге химия пәнінен үлгермеушілікті жоюға арналған «Бағдар» әдісі бойынша тест тапсырмалары әзірленді. «Оқушының өзіндік жұмыстары – химиядан үлгермеушілікті жоюдың бірден-бір тиімді жолы» атты мақаласы республикалық ғылыми-педагогикалық «Химия мектепте» журналында, «Химия пәнінен үлгермеушіліктің алдын алу жолдары» тақырыбындағы баяндамасы Алматы қаласында өткен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда жарияланды. «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары» қорытынды-жалпылау сабағы республикалық ғылыми-педагогикалық журналда жарық көрді. 2018 жылы «Білім алушы сауалнамасы – үлгермеушіліктің алдын алу құралы ретінде» тақырыбында баяндама жасады. 2024 жылы «XXI ғасырдағы жаратылыстану-ғылыми білім беруді трансформациялау» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы жинағына, 2025 жылы «Мектепте білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру теориясы мен практикасы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының мақалалар жинағына материалдары енгізілді.

Кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында педагог инклюзивті білім беру, химия және жаратылыстану пәндерін оқыту, қашықтан оқыту, білім алушыларды рефлективті ойлауға үйрету, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, виртуалды зертханалар мен цифрлық модельдеулерді қолдану және білім берудегі менеджмент бағыттары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті. 2020 жылы «Қашықтан оқуды үйренемін» және «Қашықтықтан оқыту: сабақты әзірлеуден бастап білім беру процесін ұйымдастыруға дейін» курстарын тәмамдады. 2021 жылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті білім беру және «Химия» мен «Жаратылыстану» пәндері бойынша педагог кадрлардың білімін арттыру курстарына қатысты. 2025 жылы «Білім алушыларды рефлективті ойлауға үйрету» бағыты бойынша 80 сағаттық курстан өтіп, «Young Scholar – 2025» халықаралық ғылыми жобасына белсенді қатысты. 2026 жылы «Химияны оқытуда виртуалды зертханалар мен цифрлық модельдеулерді қолдану» және «Білім берудегі менеджмент» бағыттары бойынша 80 сағаттық біліктілікті арттыру курстарын аяқтады. Педагогикалық қызметінде жаңашылдыққа, кәсіби дамуға және білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамытуға басымдық беріп, заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдаланып келеді. Жинақтаған тәжірибесі мен кәсіби ізденісі арқылы білім сапасын арттыруға, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және олардың шығармашылық әрі ғылыми әлеуетін ашуға тұрақты үлес қосып келеді. Қазіргі таңда директордың тәрбие ісі орынбасары қызметін атқарады.



НҰРТАНОВА АСЫЛЗАТ СЕРІКБАЙҚЫЗЫ
ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ

Нұртанова Асылзат Серікбайқызы 1994 жылы 26 маусымда Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, 1 мамыр ауылында дүниеге келген. 2012–2016 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің физика-математика факультетінде «Физика бакалавры» мамандығы бойынша жоғары білім алған. 2017 жылдан бастап И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде әлеуметтік педагог және физика пәні мұғалімі қызметін атқарып келеді. Біліктілік санаты – педагог-сарапшы.

Асылзат Серікбайқызы еңбек жолында өзін жауапкершілігі жоғары, ізденімпаз, кәсіби білімі мен педагогикалық тәжірибесін ұштастыра білетін маман ретінде танытып келеді. Әлеуметтік-педагогикалық

және оқу-тәрбие бағытындағы жұмыстарды жүйелі ұйымдастырып, білім алушылардың әлеуметтік бейімделуіне, құқықтары мен мүдделерін қорғауға, олардың тұлғалық дамуына қолдау көрсетеді. Сонымен қатар физика пәнін оқыту барысында заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға және білім сапасын көтеруге бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Педагог кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп, қалалық және облыстық деңгейдегі семинарларға, тәжірибе алмасу алаңдарына, кәсіби байқаулар мен қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысып келеді. Өз іс-тәжірибесін әріптестерімен бөлісіп, білім беру саласындағы заманауи бағыттарды тәжірибесіне енгізуге ерекше көңіл бөледі.

МАРАПАТТАРЫ МЕН КӘСІБИ ЖЕТІСТІКТЕРІ

2020 жыл – тәуелсіз еліміздің кемел тұлғасын қалыптастыруда, жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беруге және білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Дипломмен марапатталды.

2020 жыл – «Үздік әлеуметтік педагог – 2020» байқауында II дәрежелі Диплом иеленді.

2020 жыл – білім беру саласындағы қызметі және жас ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасымен марапатталды.

2020 жыл – білім беру саласындағы ұстаздық қызметімен саланың дамуына қосқан үлесі үшін қала әкімінің Алғыс хатына ие болды.

2021 жыл – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Жаңа 2022 жыл мерекесіне орай Алғыс хатпен марапатталды.

2022 жыл – жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беруге қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасымен марапатталды.

2022 жыл – «Ғани – ғасыр, Ғани – ғұмыр» тақырыбындағы байқауда «Дебаттық креатив» номинациясы бойынша Дипломмен марапатталды.

2023 жыл – «Jas Leader akademiyasy» жобасын жүзеге асыруға жәрдемдескені үшін Б.Өтемұратов қорының Алғыс хатына ие болды.

2023 жыл – жас жеткіншектерді оқыту мен тәрбиелеу жолындағы еңбегі үшін «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Құрмет грамотасымен марапатталды.

2023 жыл – жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге қосқан үлесі үшін Алғыс хатпен марапатталды.

2023 жыл – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Алғыс хатпен марапатталды.

2023 жыл – «Әлеуметтік-педагогикалық тәжірибені зерттеу» интеллектуалдық сайысында I орын иеленді.

2024 жыл – «Ұлттық тәрбие – отбасы құндылығының бастауы» тақырыбында өз іс-тәжірибесімен бөліскені үшін Алғыс хатпен марапатталды.

2024 жыл – әлеуметтік педагогтерге арналған «Заңың – айқын қорғаушың, әлеуметтік жолаушың» тақырыбындағы қалалық семинарда I орын иеленіп, Дипломмен марапатталды.

2024 жыл – жалпы білім беретін пәндер бойынша 7–8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде оқушысы II орын иеленгені үшін Дипломмен марапатталды.

2025 жыл – «DIGITAL KAZAKHSTAN» заманауи білім беру тамыз кеңесі аясында мазмұнды баяндама жасағаны үшін Сертификатпен марапатталды.

2025 жыл – білім беру саласындағы ұстаздық қызметімен саланың дамуына қосқан үлесі үшін Алғыс хатпен марапатталды.

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАРЫ

2020 жыл – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалының басылымында «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында физика пәні сабақтарын қысқа мерзімді жоспарлау» тақырыбында әдістемелік материал жарияланды. ISBN №978-601-7825-16-9.

2021 жыл – «Әлеуметтік педагог жұмысының әдісі мен технологиясы» атты әдістемелік көмекші құрал жарық көрді. ISBN №9965-781-687-02-2.

2023 жыл – «Бала құқығын қорғау – міндетіміз» тақырыбындағы облыстық семинарда тәжірибе алмасу әдістемелік алаңына қатысты.

2026 жыл – «Қоғамдағы әлеуметтік педагогтың рөлі және оның трансформациясы» тақырыбындағы қалалық тәжірибе алмасу әдістемелік алаңына қатысты.

БІЛІМ ЖЕТІЛДІРУ КУРСТАРЫ

2020 жыл – «Физика» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 80 сағаттық курсты аяқтады. «Өрлеу» БАҰО.

2021 жыл – «Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсынан өтті. «Өрлеу» БАҰО.

2022 жыл – «Мектептегі физика сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» білім беру бағдарламасы бойынша 160 сағаттық курсты аяқтады. NIS.
2024 жыл – «Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбындағы 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсынан өтті. «Өркен».
2025 жыл – «Әлеуметтік педагогтің жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісіндегі практикалық қызметі» тақырыбындағы 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсынан өтті.
ЖАРИЯЛАНҒАН БАСЫЛЫМДАРЫ
2021 жыл – «Мектептегі әлеуметтік педагог жұмысының маңыздылығы» тақырыбындағы мақала «Педагог жанашыры» республикалық педагогикалық, ғылыми журналында жарияланды.
2022 жыл – «Фотоэффект құбылысы» тақырыбындағы мақала «Педагог жанашыры» республикалық педагогикалық, ғылыми журналында жарияланды.
Нұртанова Асылзат Серікбайқызы – әлеуметтік-педагогикалық және пәндік бағыттағы кәсіби қызметін жауапкершілікпен атқарып жүрген, үнемі ізденіс үстінде болатын білікті маман. Ол білім алушылардың жан-жақты дамуына қолдау көрсетіп, әлеуметтік педагог пен пән мұғалімі ретіндегі тәжірибесін тиімді ұштастыра отырып, мектептің оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге өз үлесін қосып келеді.



ҚУАНЫШБЕК ИНАБАТ ТЕМІРБЕККЫЗЫ
ТӘЛІМГЕР

Қуанышбек Инабат Темірбекқызы 1999 жылы 26 қазанда Қызылорда облысында дүниеге келген. 2005 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Майлытоғай ауылындағы Қапан Сабиров атындағы №141 орта мектептің 1-сыныбына қабылданып, аталған мектепте білім алған. Мектеп қабырғасында қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, білім алуға және шығармашылық бағытта ізденуге қызығушылық танытқан. 2019 жылы «Болашақ» университетіне оқуға түсіп, таңдаған мамандығы бойынша кәсіби білім алған. 2022 жылы жоғары оқу орнын сәтті аяқтап, жоғары білім алған.

Еңбек жолын 2019 жылы Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде бастаған. Осы білім ордасында тәлімгер қызметін атқарып, қазіргі уақытта да педагогикалық ұжыммен бірлесе отырып, білім алушылардың қоғамдық және тәрбиелік бағыттағы жұмыстарын ұйымдастыруға белсенді атсалысып келеді.

Тәлімгерлік қызмет барысында оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға, олардың бойындағы көшбасшылық қабілеттерін дамытуға, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуына және шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған жұмыстар жүргізеді. Білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, мектеп өміріне белсенді араласуына, өзара сыйластық пен жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі.


Оқушылардың қоғамдық бастамаларын қолдап, түрлі тәрбиелік, мәдени-танымдық және әлеуметтік іс-шараларға қатысуына бағыт-бағдар береді. Мектептің тәрбие жұмысы аясында оқушылармен, педагогтермен және ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, жасөспірімдердің әлеуметтік ортаға бейімделуіне және азаматтық белсенділігін арттыруға ықпал етіп келеді.
Инабат Темірбекқызы өз қызметіне жауапкершілікпен қарайтын, ізденімпаз, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары және жас ұрпақпен жұмыс істеуге бейімі бар маман. Еңбек жолында заманауи тәрбие тәсілдерін тиімді пайдалануға, оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеруге және әр білім алушының өзіндік қабілетін дамытуға басымдық береді.
Кәсіби қызметімен қатар өзінің педагогикалық және ұйымдастырушылық шеберлігін үнемі жетілдіруге ұмтылады. Білім беру саласындағы жаңашыл бағыттарды меңгеріп, тәжірибесін жетілдіруді және жас ұрпақтың тәрбиесіне заманауи көзқараспен қарауды басты міндеттерінің бірі деп санайды.
Жалпы еңбек өтілі – 7 жыл.
Алдағы мақсаты – білім беру саласындағы кәсіби тәжірибесін одан әрі жетілдіру, тәлімгерлік қызметтің сапасын арттыру, оқушылардың жан-жақты дамуына қолдау көрсету және жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, жауапкершілік, еңбекқорлық, адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға өз үлесін қосу.

Қуанышбек Инабат Темірбекқызы – өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ізденіске ұмтылатын, оқушылардың тәрбиесі мен қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған нәтижелі қызмет атқарып келе жатқан жас маман.



ШАРАПАТ НАЗЫМ ҚАНАТҚЫЗЫ
ТӘЛІМГЕР

2004 жылы 5 шілдеде Қызылорда облысында дүниеге келді. 2010–2021 жылдары №257 орта мектепте білім алып, аталған мектепті тәмамдады.
2021 жылы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің химия мамандығына оқуға түсіп, 2025 жылы аталған жоғары оқу орнын үздік дипломмен бітірді.
2024 жылы университетте білім алу барысында академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысып, Түркия Республикасының Нийде қаласындағы Нийде Өмер Халисдемир университетінде (Niğde Ömer Halisdemir Üniversitesi) бір тоқсан білім алып, халықаралық білім беру ортасында тәжірибе жинақтады.
2025 жылдан бастап еңбек жолын И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде химия пәні мұғалімі ретінде бастады. Қазіргі таңда аталған білім беру ұйымында химия пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келеді.
Жас маман ретінде оқушыларға сапалы білім беруге, химия пәніне қызығушылығын арттыруға, заманауи оқыту әдістерін тиімді қолдануға және кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіруге бағытталған жұмыстар жүргізуде. Университетте алған теориялық білімін мектеп тәжірибесімен ұштастырып, оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық және практикалық дағдыларын дамытуға басымдық береді.



ВАЛИЕВ ВАХИТ МУХТАРОВИЧ

Валиев Вахит Мухтарович родился 10 октября 1970 года в городе Кызылорде.

В 1978 году поступил в среднюю школу №5 имени И.В. Панфилова. В 1986 году окончил 8 классов этой школы. В том же году поступил в Кызылординское музыкальное училище, которое окончил в 1990 году по классу «Домра-прима».

В 1990 году был призван на срочную воинскую службу в Вооружённые силы СССР. В 1992 году демобилизовался.

Трудовую деятельность начал в средней школе №5 в качестве учителя музыки и пения.
В 2000 году поступил в Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата на факультет «Физическая культура и спорт». В 2005 году окончил университет.

В период с 2001 по 2011 год работал учителем физической культуры. В течение восьми лет являлся руководителем школьного методического объединения учителей физической культуры и спорта. За годы педагогической деятельности подготовил большое количество учащихся, которые неоднократно занимали призовые места на городских и областных спортивных соревнованиях.
В 2011 году поступил в Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата по специальности «Начальная военная подготовка». В 2013 году окончил университет.
С 2011 года работает учителем начальной военной подготовки в школе-лицее №5 имени И.В. Панфилова.

В период с 2017 по 2019 год являлся руководителем городского методического объединения учителей начальной военной подготовки.

Награды и достижения

За многолетнюю педагогическую и общественную деятельность Вахит Мухтарович Валиев неоднократно отмечался благодарственными письмами и наградами, в том числе:

- благодарственным письмом вице-министра образования;
- благодарственными письмами акимов города Кызылорды и Кызылординской области;
- дипломами I, II и III степени за участие в городских и областных соревнованиях по прикладным видам спорта среди учителей начальной военной подготовки;
- юбилейными медалями общественных объединений города.

Под руководством Вахита Мухтаровича его учащиеся регулярно демонстрируют высокие результаты и занимают призовые места в городских и областных соревнованиях по военно-прикладным и спортивным дисциплинам.

Вахит Мухтарович является волонтёром Общества Красного Полумесяца Казахстана. Имеет сертификат инструктора по оказанию первой помощи.

Особое место в общественной деятельности Вахита Мухтаровича занимает военно-патриотическое и поисковое движение. Он является бойцом поискового отряда «Панфиловшылар» и ежегодно принимает участие в международных поисковых экспедициях, посвящённых сохранению исторической памяти о событиях Великой Отечественной войны.

Благодаря инициативе и активной деятельности Вахита Мухтаровича Валиева в школе-лицее №5 был организован Уголок боевой Славы, где собрана уникальная коллекция исторических экспонатов времён Великой Отечественной войны.

Вахит Мухтарович Валиев продолжает педагогическую и общественную деятельность, уделяя особое внимание военно-патриотическому воспитанию молодёжи, формированию у учащихся чувства ответственности, дисциплины, гражданственности и уважения к историческому наследию.



ШЫНЫБАЕВА БАҚЫТГҮЛ РАХМАНБЕРГЕНҚЫЗЫ
ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ

Шыныбаева Бақытгүл Рахманбергенқызы 1975 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданында зиялы отбасында дүниеге келген.

Әкесі – Шыныбайұлы Рахманберген, мамандығы бойынша агроном. Еңбек жолын агроном болып бастап, жауапкершілігі мен адал еңбегінің арқасында совхоз директоры, ауыл әкімі қызметтерін атқарған.

Анасы – Бұрғанбайқызы Райхан, ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарған.

1982-1992 жылдар аралығында Қазалы ауданындағы мектепте білім алған.

1992 жылы Қызылорда коммерциялық колледжінің «Банк ісі» факультетіне оқуға түсіп, 1996 жылы аталған оқу орнын тәмамдаған.

1996 жылы еңбек жолын Қазалы ауданындағы Ғани Мұратбаев атындағы ұжымшарда бастаған.

1997 жылдың қазан айында тұрмыс құрған.

1998 жылы Қазалы ауданында банк қызметкері болып жұмысқа орналасқан. Сол жылдың қазан айынан бастап бала күтіміне байланысты үш жылдық демалысқа шыққан. 1998 және 2000 жылдары екі баласы дүниеге келген.

Жолдасының қызметіне байланысты отбасы Қызылорда қаласына қоныс аударған.

Жолдасы – Алимов Серік Алимович, мамандығы – есепші.

2003-2006 жылдар аралығында «Бал-Кан и компания» ЖШС-де есепші болып жұмыс істеген.

2006 жылы үшінші баласы дүниеге келген.

2007 жылы Қызылорда су жүйесі мекемесінде оператор қызметін атқарған.

2007-2010 жылдар аралығында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Қаржы» мамандығы бойынша білім алған.

2008 жылы жолдасының қызметіне байланысты отбасы Алматы қаласына қоныс аударған.

2008 жылы Алматы қаласындағы «ВЖДО» мекемесінде іс қағаздарын жүргізуші болып жұмыс істеген.

2009 жылы Алматы қаласындағы №165 лицей-мектебінде кітапхана қызметкері және есепші қызметтерін атқарған.

2010 жылы Қызылорда қаласына қайта қоныс аударған.

2010-2014 жылдар аралығында жеке кәсіпкерлікпен айналысқан. 2010 жылы төртінші баласы дүниеге келген.

2015-2019 жылдар аралығында «АС-СЕНІМ» ЖШС-де жабдықтаушы-инспектор болып жұмыс істеген.

2016 жылы бесінші баласы дүниеге келген.

2021-2022 жылдар аралығында «АС-СЕНІМ» ЖШС-де директордың орынбасары қызметін атқарған.

2022-2024 жылдар аралығында «Kyzylorda Construction» мекемесінде басқарушы болып жұмыс істеген.

2022-2024 жылдар аралығында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Педагогика және психология» факультетінде білім алып, аталған мамандық бойынша оқуын аяқтаған.

Отбасындағы қарым-қатынас, бала тәрбиесі және қоғамдағы психологиялық мәселелерге қызығушылығы артып, осы бағытта кәсіби білімін жетілдіруге және ізденуге ден қойған.

Психология саласында біліктілігін арттыру мақсатында бірқатар арнайы курстардан өткен. 2024 жылы «Гештальт бағыты» бойынша 100 сағаттық оқу курсын, 2025 жылы «Заманауи отбасы психологиясы» бойынша 32 сағаттық курсты және бала тәрбиесі бағытындағы бірқатар оқу бағдарламаларын меңгерген.

Қазіргі уақытта психология саласы бойынша кәсіби қызмет атқарып, алған білімі мен тәжірибесін адамдарға психологиялық қолдау көрсетуге, отбасы құндылықтарын нығайтуға және бала тәрбиесіне қатысты мәселелерді шешуге бағыттап келеді.

Отбасылы, бес баланың анасы.



АЙТБАЙ НАЗЕРКЕ ӘЛІШЕРҚЫЗЫ
ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ

Айтбай Назерке Әлішерқызы 1996 жылғы 3 мамырда Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Бесарық ауылында дүниеге келген.

2002 жылы Бесарық ауылындағы №147 орта мектептің 1-сыныбына қабылданып, 2013 жылы аталған мектепті толық аяқтап, жалпы орта білім алған.

2013 жылы «Болашақ» университетіне «Педагогика және психология» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2017 жылы аталған мамандық бойынша оқуын тәмамдап, бакалавр дәрежесін алған.

2018 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде еңбек етіп келеді. Қазіргі уақытта аталған білім беру ұйымында педагог-психолог қызметін атқарады.

Қызметтік міндеттері аясында білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін зерделеу, психологиялық диагностика жүргізу, жеке және топтық кеңес беру, түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру, профилактикалық іс-шаралар өткізу және білім алушыларға психологиялық сүйемелдеу көрсету жұмыстарын жүзеге асырады.

Өз қызметіне жауапкершілікпен қарайды, білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге, олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына қолдау көрсетуге ерекше мән береді. Кәсіби білімін үнемі жетілдіріп, педагогика және психология саласындағы заманауи әдіс-тәсілдерді тәжірибесінде қолдануға ұмтылады. Отбасылы. Екі баланың анасы.



СЕКСЕНҒАЛИ ГҮЛЖАНАТ
ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ

1991 жылы 10 желтоқсанда Қызылорда облысы, Арал қаласында дүниеге келген.

1998–2006 жылдар аралығында Арал қаласындағы №13 Шевченко атындағы қазақ орта мектебінде білім алған. Мектепті аяқтағаннан кейін 2006–2010 жылдары Ақтөбе қаласындағы М. Мәметова атындағы медицина колледжінде «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша білім алып, арнайы орта медициналық білім алған.

Еңбек жолын 2010 жылы Ақтөбе қаласындағы №3 қалалық емханада мейірбике қызметінен бастаған. 2011–2012 жылдары Арал қаласында мейірбике болып еңбек етіп, медицина саласында тәжірибе жинақтаған.

2012–2013 жылдары Ақтөбе қаласындағы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «Жалпы психология» мамандығы бойынша білім алып, 1-курс студенті болған. Кейін кәсіби бағытын психология және педагогика саласымен байланыстырып, 2013–2016 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде білім алған. Университетте психология және педагогика, сондай-ақ пәнді оқыту әдістемесі бағыттары бойынша білім алып, жоғары оқу орнын тәмамдаған.

2017 жылдан бастап И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде педагог-психолог қызметін атқарып келеді.

Педагог-психолог ретінде білім алушылардың психологиялық жағдайын зерделеуге, олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына қолдау көрсетуге ерекше көңіл бөледі. Оқушылардың мектеп ортасына бейімделуіне, тұлғааралық қарым-қатынасын қалыптастыруға, өзін-өзі тануы мен өз қабілеттерін дұрыс бағалауына бағытталған психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүргізеді.

Білім алушылармен жеке және топтық кеңес беру жұмыстарын ұйымдастырып, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық қолдау көрсетеді. Ата-аналармен және педагогтермен тығыз байланыс орнатып, бала тәрбиесіне қатысты мәселелер бойынша кеңес беру, психологиялық ағарту және алдын алу жұмыстарын жүргізуге атсалысады.

Медицина саласында алған алғашқы кәсіби тәжірибесі мен кейінгі психологиялық-педагогикалық білімі қазіргі қызметінде өзара сабақтастық тауып отыр. Адамдармен қарым-қатынас жасау, тыңдай білу, жауапкершілікпен жұмыс істеу және әр баланың жеке ерекшелігін ескеру дағдыларын кәсіби қызметінде тиімді пайдаланып келеді. Жалпы еңбек өтілі – 9 жыл.

Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ізденімпаз, мейірімді және кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіруге ұмтылатын маман ретінде мектептің оқу-тәрбие үдерісіне белсенді араласады. Басты мақсаты – білім алушылардың психологиялық саулығын сақтауға ықпал ету, олардың қабілеттерін ашуға жағдай жасау және толыққанды тұлға болып қалыптасуына психологиялық қолдау көрсету.

Отбасылы. Төрт ұлдың анасы.



ЕРНАЗАРОВ АСЫЛЖАН БИСЕНҰЛЫ

ПЕДАГОГ-ДЕФЕКТОЛОГ

Ерназаров Асылжан Бисенұлы 1995 жылы 28 шілдеде Қызылорда қаласына қарасты Қаракөл ауылында дүниеге келген.

2002 жылы Қызылорда қаласындағы №39 Қызылөзек орта мектебінің 1-сыныбына қабылданып, 2013 жылы аталған мектепті тәмамдаған. Мектеп қабырғасында білім алумен қатар, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, болашақ мамандығына қажетті алғашқы бағыт-бағдарын қалыптастырған.

2013 жылы Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтына мемлекеттік білім беру гранты негізінде оқуға түсіп, «Дефектология» мамандығы бойынша жоғары білім алған. 2017 жылы оқу орнын сәтті тәмамдап, арнайы педагогика саласы бойынша кәсіби білім мен біліктілікке ие болған.

2019 жылдан бастап И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде дефектолог маманы қызметін атқарып келеді.

Кәсіби қызметі барысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық және түзете-дамыта қолдау көрсету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық қабілеттерін, сөйлеу дағдыларын, ұсақ және жалпы моторикасын, қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытуға бағытталған түзету жұмыстарын ұйымдастырады.

Асылжан Бисенұлы білім алушылардың оқу үдерісіне бейімделуіне, өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануына және әлеуетін ашуына жағдай жасауға ерекше көңіл бөледі. Жеке және топтық түзету-дамыту сабақтарын ұйымдастырып, білім алушылардың даму динамикасын бақылап, қажетті педагогикалық қолдау көрсетеді.

Сонымен қатар ата-аналармен және пән мұғалімдерімен тығыз байланыс орнатып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес беру және түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Инклюзивті білім беру қағидаттарын жүзеге асыруға, әр баланың білім алуға тең мүмкіндігін қамтамасыз етуге және мектеп ортасында қолайлы жағдай қалыптастыруға өз үлесін қосып келеді.

Дефектолог ретінде кәсіби білімі мен тәжірибесін үнемі жетілдіруге, арнайы педагогика саласындағы заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруге және оларды түзете-дамыту жұмыстарында тиімді қолдануға ұмтылады. Әр білім алушының мүмкіндігі мен қажеттілігін жеке қарастырып, олардың оқу және әлеуметтік ортаға бейімделуіне қолдау көрсетуді басты міндеттерінің бірі санайды.

Асылжан Бисенұлы – өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ізденімпаз, сабырлы әрі бала психологиясын түсінуге мән беретін білікті маман. Ол ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың сапалы білім алуына, әлеуметтік ортаға бейімделуіне және жан-жақты дамуына бағытталған нәтижелі қызмет атқарып келеді.

Жалпы еңбек өтілі – 7 жыл. Қазіргі таңда И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде дефектолог маманы ретінде қызмет атқарып, білім алушылардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, олардың білім алуына және тұлғалық қалыптасуына қажетті кәсіби қолдау көрсетіп келеді.



САРСЕНОВА ГУЛЬМИРА ЕРТАСОВНА
КІТАПХАНАШЫ

Сарсенова Гүлмира Ертасқызы 1972 жылы 20 наурызда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Майдакөл ауылында дүниеге келген.

1979 жылы Майдакөл ауылындағы №98 орта мектептің 1-сыныбына қабылданып, осы мектепте толыққанды білім алып, 1989 жылы мектепті тәмамдаған. Мектеп қабырғасында білімге, әдебиетке, мәдениетке және қоғамдық жұмыстарға қызығушылық танытып, болашақ кәсіби жолына қажетті алғашқы білім мен тәжірибені қалыптастырған.

1991 жылы Қызылорда педагогикалық институтының Шығыстану факультетіне оқуға түсіп, жоғары білім алуға бағыт алды. 1995 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін тәмамдап, еңбек жолын білім беру саласымен байланыстырды.

2001–2022 жылдар аралығында Жалағаш ауданындағы СПТУ-да мұғалім болып қызмет атқарып, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге өз үлесін қосты. Ұстаздық қызмет барысында білім алушылармен жұмыс жүргізу, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру және педагогикалық міндеттерді жауапкершілікпен атқару бағытында мол тәжірибе жинақтады.

2005 жылы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің кітапханасына жұмысқа орналасып, өзінің кәсіби қызметін кітапхана саласымен ұштастырды. Кітапхана ісіне деген қызығушылығын арттыра отырып, осы бағытта арнайы білім алуды мақсат етіп, 2006–2008 жылдары «Болашақ» университетінде «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша білім алды.

Арнайы кәсіби білімін педагогикалық тәжірибесімен ұштастыра отырып, мектеп кітапханасының жұмысын ұйымдастыруға белсенді атсалысып келеді. Қазіргі таңда И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде кітапхана меңгерушісі қызметін атқарады.

Гүлмира Ертасқызы кітапхана жұмысын жүйелі ұйымдастырумен қатар, білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға, олардың оқу мәдениетін қалыптастыруға және рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуға ерекше көңіл бөледі. Мектеп кітапханасының білім беру үдерісіндегі маңызын арттыру мақсатында педагогтермен, оқушылармен және мектеп ұжымымен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді.

Кітапхана қорын тиімді пайдалану, оқырмандарға қажетті әдебиеттерді ұсыну, оқу-танымдық және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру, кітапты насихаттау бағыттарында өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарып келеді. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай көркем әдебиетке, ғылыми-танымдық және тарихи кітаптарға қызығушылығын арттыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуге мән береді.

Гүлмира Ертасқызының педагогикалық саладағы еңбек тәжірибесі мен кітапхана ісі бойынша алған арнайы білімі қазіргі қызметінде өзара сабақтастық тауып отыр. Ұзақ жылдар бойы білім беру саласында еңбек етуі оның оқушылармен және педагогикалық ұжыммен тиімді қарым-қатынас орнатуына, мектептің оқу-тәрбие жұмысына белсенді араласуына мүмкіндік берді.

Ол өз қызметіне жауапкершілікпен қарайтын, еңбекқор, тиянақты, ізденімпаз және тәжірибелі маман ретінде мектеп ұжымының қоғамдық және мәдени өміріне белсенді араласып келеді. Өзінің кәсіби білімі мен өмірлік тәжірибесін жас ұрпақтың білімді, мәдениетті, рухани бай тұлға болып қалыптасуына бағыттап келеді.

Білім беру саласында жинақтаған мол тәжірибесі мен кітапхана ісіндегі кәсіби білімі Гүлмира Ертасқызының қазіргі қызметін сапалы атқаруына негіз болып отыр. Ол мектеп кітапханасын білім мен тәрбие берудің маңызды орталығы ретінде дамытуға, оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға және олардың шығармашылық әрі танымдық қабілеттерін дамытуға өз үлесін қосып келеді.

Гүлмира Ертасқызының еңбек жолы – білім беру мен кітапхана ісін қатар алып жүрген, кәсіби ізденіске негізделген ұзақ жылғы еңбектің үлгісі. Өз қызметін адал атқарып, мектеп ұжымының игілігі мен жас ұрпақтың сапалы білім алуына қызмет етіп келе жатқан тәжірибелі маман.

Отбасылы. Үш баланың анасы.



ТОПЖАРҒАНОВА АҚНИЕТ МАРАТБЕККЫЗЫ
ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ

Топжарғанова Ақниет Маратбекқызы 1994 жылы 1 сәуірде Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақжар ауылында дүниеге келген.

2000 жылы Ақжар ауылындағы №28 орта мектептің 1-сыныбына қабылданып, 2011 жылы аталған мектепті толық аяқтаған.

2011 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, «Педагогика және психология» мамандығы бойынша жоғары білім алған. 2015 жылы оқу орнын сәтті тәмамдап, педагог-психолог мамандығы бойынша кәсіби білімін жетілдірген.

Еңбек жолын білім беру саласымен байланыстырып, 2016 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде педагог-психолог қызметін атқарып келеді.

Педагог-психолог ретінде білім алушылардың психологиялық және тұлғалық дамуына қолдау көрсетіп, олардың жеке ерекшеліктерін зерттеу, психологиялық ахуалын бақылау, мектеп ортасына бейімделуіне жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Оқушылардың эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруға, өзін-өзі тануына, қарым-қатынас мәдениетін дамытуға және өз қабілеттерін дұрыс бағалауына ықпал ететін психологиялық жұмыстар ұйымдастырады.

Ақниет Маратбекқызы оқушылармен жеке және топтық жұмыстар жүргізіп, олардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті психологиялық қолдау көрсетеді. Сонымен қатар ата-аналармен және педагогтермен тығыз байланыс орнатып, білім алушылардың тәрбиесі мен психологиялық жағдайына қатысты мәселелер бойынша кеңес беру және түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Кәсіби қызметінде оқушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін сақтауға, қолайлы психологиялық орта қалыптастыруға, буллингтің алдын алуға, жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға және білім алушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне ерекше мән береді.

Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, мейірімді, ізденімпаз әрі тәжірибелі маман ретінде мектептің оқу-тәрбие үдерісіне белсенді араласып келеді. Психологиялық-педагогикалық бағыттағы білімін тәжірибемен ұштастыра отырып, әр оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына қолдау көрсетуді басты міндеті санайды.



БУРХАНОВА ГАЛИЯ ЖАРКЫНБАЕВНА
КІТАПХАНАШЫ

Бурханова Галия Жаркынбаевна 1980 жылғы 11 қарашада Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы, Жетікөл ауылында дүниеге келген.

1989 жылы Жетікөл ауылындағы №174 жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына қабылданып, 1998 жылы аталған мектепті аяқтаған.

2014 жылы Қызылорда қаласындағы И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжін тәмамдаған.

2016 жылы Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейіне лаборант қызметіне жұмысқа орналасқан.

2017-2020 жылдар аралығында Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінде білім алып, жоғары оқу орнын тәмамдаған.

Еңбек жолында білім беру саласында тәжірибе жинақтап, мектеп ұжымымен тығыз байланыста жұмыс істеп келеді. Өзінің жауапкершілігімен, ұқыптылығымен және еңбекке деген ынтасымен әріптестері арасында сыйлы.

Қазіргі уақытта Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде кітапханашы қызметін атқарып келеді. Мектеп кітапханасының жұмысын ұйымдастыруға, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға және кітап қорын тиімді пайдалануға өз үлесін қосып келеді. Отбасылы. Үш баланың анасы.



ҚҰРАШОВА ГҮЛДАНА ҚҰРМАНАЛЫҚЫЗЫ
МЕНЕДЖЕР

Құрашова Гүлдана Құрманалықызы 1993 жылғы 7 сәуірде Қызылорда облысы, Арал ауданы, Жақсықылыш кентінде дүниеге келген.

Әкесі – Измамбетов Құрманалы, «Аралтұз» тұз өндіру мекемесінде қоймашы болып қызмет атқарады. Анасы – Еңсепова Айымкүл, «Аралтұз» тұз өндіру мекемесінде оператор болып жұмыс істейді. Гүлдана Құрманалықызы отбасында тәрбиеленген. Отбасында екі әпкесі және екі сіңлісі бар.

2000 жылы Жақсықылыш кентіндегі №19 орта мектептің 1-сыныбына қабылданып, 2011 жылы аталған мектепті бітірген.

2011 жылы Семей қаласындағы Қаржы-экономикалық колледжіне оқуға түсіп, 2014 жылы оқу орнын тәмамдаған. Колледжде өндірістік оқыту шебері және техник-бағдарламашы мамандықтарын меңгерген.

2021 жылы «Болашақ» университетіне «Информатика пәні мұғалімі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2025 жылы жоғары оқу орнын аталған мамандық бойынша аяқтаған.

Еңбек жолын білім беру саласымен байланыстырып, мектеп ұжымында өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарып келеді. Мектептегі жалпы еңбек өтілі – 7 жыл.

Қазіргі уақытта Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде **менеджер** қызметін атқарады. Қызмет барысында ұйымдастырушылық қабілетімен, жауапкершілігімен, ұқыптылығымен және әріптестерімен жақсы қарым-қатынас орната білуімен ерекшеленеді. Білім беру ұйымының күнделікті жұмысын ұйымдастыруға және мектеп ұжымының бірлескен қызметіне өз үлесін қосып келеді. Отбасылық жағдайы: тұрмыста.



ТАЖИБАЕВА ЛӘЗЗАТ ҚҰРБАНБАЙҚЫЗЫ
ПЕДАГОГ-АССИСТЕНТ

Тажибаева Ләззат Құрбанбайқызы 1994 жылы 2 ақпанда Түркістан қаласында дүниеге келген.

2000 жылы Түркістан қаласындағы Ахмет Байтұрсынов атындағы №1 орта мектептің 1-сыныбына қабылданып, 2011 жылы аталған мектепті тәмамдаған.

2011 жылы Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының физика факультетіне оқуға түсіп, 2015 жылы аталған оқу орнын үздік дипломмен тәмамдаған.
Еңбек жолын 2018 жылы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде менеджер қызметінен бастаған. 2018–2024 жылдар аралығында аталған білім ордасында менеджер болып қызмет атқарып, мектептің ұйымдастырушылық және әкімшілік жұмыстарына белсенді араласқан.
Кәсіби білімін одан әрі жетілдіру мақсатында 2022–2024 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алып, білім бакалавры академиялық дәрежесін алған.
2024 жылдан бастап И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде педагог-ассистент қызметін атқарып келеді.
Педагог-ассистент ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға оқу үдерісіне бейімделуіне, білім алуына және мектеп ортасында өздерін еркін сезінуіне қажетті қолдау көрсетеді. Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың оқу тапсырмаларын орындауына, сыныптағы ортаға бейімделуіне және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруына ықпал етеді.
Сонымен қатар педагогтермен, ата-аналармен және мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен бірлесе жұмыс жүргізіп, білім алушылардың оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысуына жағдай жасауға атсалысады.
Ләззат Құрбанбайқызы – кәсіби білімі мен еңбек тәжірибесін ұштастыра білетін, жауапкершілігі жоғары, ізденімпаз маман. Физика саласындағы алғашқы жоғары білімі мен бастауыш оқыту педагогикасы бойынша алған екінші кәсіби білімін қазіргі қызметінде тиімді пайдаланып келеді.
Өзінің кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіруге, педагогикалық шеберлігін арттыруға және білім алушыларға сапалы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге ұмтылады. Мектеп ұжымымен тығыз қарым-қатынас орнатып, білім беру үдерісінің сапасын арттыруға өз үлесін қосып келеді.



СҰЛТАН АЙША СҰЛТАНҚЫЗЫ
ПЕДАГОГ-АССИСТЕНТ

Сұлтан Айша Сұлтанқызы 1996 жылы 24 қыркүйекте Қызылорда облысы, Шиелі ауданында дүниеге келген.

2003 жылы Шиелі ауданы, Алғабас ауылындағы №157 Б. Пәрімбетов атындағы қазақ орта мектебінің 1-сыныбына қабылданып, аталған мектепті 2014 жылы тәмамдаған.

2014 жылы Көкшетау мемлекеттік университетіне «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2018 жылы оқу орнын үздік аяқтаған.

2020 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Химия-биология» мамандығы бойынша жоғары білім алып, аталған оқу орнын тәмамдаған.
Еңбек жолын 2019 жылы Алматы қаласындағы №178 мемлекеттік балабақшада бастап, тәрбиеші қызметін атқарған. 2021–2025 жылдары Шиелі ауданындағы «Айналайын» бөбекжай-бақшасында тәрбиеші болып еңбек еткен.

2025–2026 жылдары «Ziyatker School» мектебінде химия-биология пәндерінің мұғалімі қызметін атқарған.

Айша Сұлтанқызы – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және жалпы орта білім беру саласында еңбек тәжірибесі бар маман. Педагогикалық қызметінде білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық қабілеттерін дамытуға, білімге деген қызығушылығын арттыруға және шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі.
Мектепке дейінгі тәрбие саласында жинақтаған тәжірибесін химия және биология пәндерін оқыту үдерісімен ұштастыра отырып, оқушылардың жаратылыстану ғылымдарына деген қызығушылығын арттыруға, теориялық білімдерін тәжірибемен байланыстыруға және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Кәсіби білімі мен еңбек тәжірибесін үнемі жетілдіруге ұмтылатын, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ізденімпаз әрі шығармашылықпен жұмыс істейтін педагог ретінде білім беру саласына өз үлесін қосып келеді.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БІРЛЕСТІГІ



КАЙРАНОВА АККУМИС СЕРИКБОЛОВНА

1982 жылы 3 қарашада Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында дүниеге келген.

1989–1999 жылдары Қызылорда қаласындағы №136 мектеп-лицейде білім алған. 1999–2004 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде жоғары білім алған.

Еңбек жолын 2004 жылы Жалағаш ауданы, Ақсу ауылындағы №116 мектепте бастап, 2010 жылға дейін аталған білім беру ұйымында қызмет атқарған.

2010 жылғы тамыз айынан бастап Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейге ауысып, қазіргі таңда аталған білім беру ұйымында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келеді.

Педагогикалық қызметі барысында білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізіп келеді. Оқушылары қалалық және облыстық деңгейдегі пәндік олимпиадалар мен шығармашылық байқауларда жүлделі орындарға ие болып келеді.

Атап айтқанда, жалпы білім беретін пәндер бойынша 10–11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 11-сынып оқушысы Қалабай Мерей ІІІ орын, 5–7 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 6-сынып оқушысы Нұрманова Еркеназ ІІ орын иеленген.

VII «Абайтану» республикалық олимпиадасының қалалық кезеңінде Қалабай Мерей ІІІ орын иеленген. Қалалық ақындар сайысында Қалабай Мерей ІІ орын алған.

«Тіл – достықтың көпірі» тақырыбында орыс тілінде білім алатын 8-сынып оқушылары арасында өткен қазақ тілі пәні олимпиадасында Дадажанов Эльяр ІІІ орын иеленген.

Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абай үні – әлем тілімен» тақырыбындағы 7–8 сынып оқушылары арасында өткен мәнерлеп оқу сайысында өзге ұлт өкілі Цой Анна Алғыс хатпен марапатталған.


«Білікті ұстаз» педагогтердің республикалық олимпиадасында «Қазақ тілі» пәні бойынша І орын иеленген.

Облыстық 10–11 сынып оқушылары арасында өткен «Кітап куиз» зияткерлік сайысында 11-сынып оқушылары Алғыс хатпен марапатталған.

«Ақберен» республикалық ақындық пен шешендік өнер байқауының қалалық кезеңінде «Шешендік, білгірлік өнер» номинациясы бойынша Ержанқызы Айзат ІІІ орын иеленген.

Педагогикалық еңбегі мен кәсіби қызметі үшін Қызылорда облысының білім басқармасы және Қызылорда облысы полиция департаменті тарапынан Алғыс хаттармен марапатталған.

Қазіргі уақытта И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, қазақ тілі мен әдебиеті бірлестік жетекшісі ретінде педагогикалық қызметін жалғастырып келеді.



КОКИЛОВА РОЗА АЛПАМЫСОВНА

Кокилова Роза Алпамысқызы 1966 жылы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасы, Шу ауданында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Қазақстан Республикасының азаматшасы. Білімі – жоғары.

1986 жылы Қызылорда педагогикалық институтының РКШ факультетіне оқуға түсіп, 1991 жылы аталған оқу орнын тәмамдаған. 2003 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша екінші жоғары білім алған.

Еңбек жолында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде педагогикалық қызмет атқарып келеді. 2007–2026 жылдар аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің жетекшісі қызметін атқарған. Педагогикалық қызметінде білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға, білім сапасын көтеруге, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Кәсіби қызметінде заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдаланып, әдістемелік тәжірибесін жетілдіруге және таратуға көңіл бөледі. Біліктілігін арттыру мақсатында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, Назарбаев Зияткерлік мектептері және басқа да білім беру ұйымдарының курстары мен семинарларына қатысқан. «Мектепте оқыту стандарттарын іске асыру контекстінде инклюзивті білім берудің мазмұны мен дамуы», «Қашықтықтан оқытуды үйрену» және басқа да кәсіби бағыттағы курстардан өткен.

2021 жылы «Білім әлемі» басылымында педагогикалық тәжірибесі жарияланып, «Жаңаша білім беру мазмұнында инновациялық технологияларды пайдалану» тақырыбында мақаласы жарық көрген. Сонымен қатар «Грамматикалық ойындар мен тапсырмалар» атты әдістемелік құралдың жарық көруіне үлес қосқан.

Педагогикалық еңбегі үшін қалалық және облыстық білім беру ұйымдарының мақтау қағаздарымен, Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен және дипломдармен марапатталған. 2019 жылы Қызылорда облысы Түрік этно-мәдени бірлестігінің Құрмет грамотасына, Қызылорда қаласы әкімінің Алғыс хатына ие болған. 2021 жылы кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасымен, 2023 жылы «Өрлеу» ұйымының Құрмет грамотасымен марапатталған. Сонымен қатар қала әкімінің 100 000 теңге көлеміндегі грантына ие болған.

Педагогтің шәкірттері республикалық, облыстық және қалалық деңгейдегі пәндік олимпиадалар мен шығармашылық байқауларда жүлделі орындарға ие болған.

2018 жылы 11-сынып оқушысы Горбачева Анастасия республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңінде II орын иеленген. 2019 жылы 10-сынып оқушысы Джорабаева Азиза «Тіл – парасат» байқауында I орын алған.

2020 жылы 5-сынып оқушысы Гатиятуллина Ляйсан «Абай оқулары» байқауында III орын иеленген. 2021 жылы оқушылары республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңінде жүлделі орындарға ие болған: 9-сынып оқушысы Ансеров Туран – III орын, 6-сынып оқушысы Розамұрат Санабар – III орын, 10-сынып оқушысы Ансеров Туран – II орын. Сонымен қатар Гатиятуллина Ляйсан «Әнмен тербелген тәуелсіздік» қалалық байқауында III орын алған.

2022 жылы Гатиятуллина Ляйсан «Ақмандайлым» байқауында II орын иеленген, ал Розамұрат Санабар республикалық «Дарын» орталығы ұйымдастырған 5–9 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиадада III орын алған.

2023 жылы 11-сынып оқушысы Ансеров Туран республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңінде I орын, III кезеңінде III орын иеленген. «Мың бала» өзге ұлт өкілдері арасындағы облыстық сайыста Бердник Александр мен Алимов Ислам II орын алған, ал Кан Марина қалалық кезеңде Алғыс хатпен марапатталған және республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңінде III орын иеленген.

2025 жылы Кравчук Злата «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында I дәрежелі дипломмен марапатталған.

Кокилова Роза Алпамысқызы мектептің қоғамдық өміріне белсенді араласып, әріптестерімен және білім алушылармен жұмыс барысында жауапкершілігімен, кәсіби білімімен ерекшеленеді. Қазіргі уақытта педагогикалық қызметін жалғастырып келеді.



МИЯНОВА СОФИЯ КОЖАБЕКОВНА

Миянова София Кожабековна 1970 жылы 19 тамызда Қызылорда облысы, Қызылорда қаласында дүниеге келген. Білімі – жоғары.

1977 жылы Қызылорда қаласындағы №5 орта мектепке қабылданып, 8-сыныпты аяқтағаннан кейін Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық училищеге оқуға түсіп, 1989 жылы «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1989 жылы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданындағы №31 орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі қызметінен бастаған. 1990 жылы Қызылорда қаласындағы №217 орта мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып ауысқан. 1992 жылдан бастап И.В. Панфилов атындағы №5 мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келеді.

2001 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетіне оқуға түсіп, жоғары білім алған.

Қазіргі таңда Миянова София Кожабековна И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші ретінде еңбек етуде. Жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 37 жыл.

София Кожабековна – өз пәнін терең меңгерген, тәжірибелі, шығармашылық ізденіспен жұмыс істейтін білікті педагог. Педагогикалық қызметінде білім алушылардың білім сапасын арттыруға, функционалдық сауаттылығын дамытуға, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруға басымдық береді. Сабақ үдерісінде заманауи педагогикалық технологиялар мен тиімді әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдана отырып, оқу нәтижесіне бағытталған жұмыстар жүргізеді. Сонымен қатар оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, жауапкершілікке, білімге құштарлыққа тәрбиелеуге ерекше көңіл бөледі.

Ұзақ жылдар бойы облыстық және қалалық деңгейдегі педагогикалық іс-шараларға белсенді қатысып, әріптестерімен кәсіби тәжірибесімен бөлісіп келеді. Ашық сабақтар, семинарлар, вебинарлар мен тәжірибелік алаңдарда педагогикалық тәжірибесін таратып, білім беру саласындағы әдістемелік жұмыстарға үлес қосуда.

Кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында бірқатар біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Атап айтқанда, 2020–2021 жылдары «Мәңгілік ел» патриоттық тәрбие берудегі сынып жетекшілердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы 40 сағаттық курсты аяқтап, №0423168 сертификатына ие болған. 2021 жылы «Қазақ тілі және қазақ әдебиеті мұғалімінің құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы 80 сағаттық курсты аяқтап, №0455401 сертификатын алған. Сол жылы «Жаһандық құзыреттілік» курсына қатысып, №00048697 сертификатымен марапатталған. 2022 жылы «Білім әлемі» инновациялық технологияларды пайдалану курсын аяқтап, №465 сертификатына, сондай-ақ «Қазақ тілі пәнін оқытудағы коммуникативті дағдыларды қалыптастыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер» тақырыбындағы 72 сағаттық курсты аяқтап, №К3349 сертификатына ие болған.

Миянова София Кожабековна педагогикалық бағыттағы авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдардың авторы. «Тыныс белгілерінің күрделі жағдайлары», «Қазақ тілі – туған тілім», «Қазақ тілі мен әдебиеті пәніндегі қызықты тапсырмалар» атты авторлық бағдарламалар әзірлеген. «Осындай әр түрлі сабақтар» жинағының және «Грамматикалық ойындар мен тапсырмалар» әдістемелік көмекші құралының авторы. «Қазақ тілі мен әдебиеті пәніндегі қызықты тапсырмалар» авторлық бағдарламасы 2023 жылғы 11 наурыздағы №117 хаттамамен расталған.

Педагог өз тәжірибесін республикалық және өңірлік басылымдарда жариялап, әдістемелік тәжірибесімен бөлісіп келеді. 2021 жылы Қызылорда облыстық білім басқармасы мен облыстық оқу орталығы ұйымдастырған «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде оқыту мен оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбындағы вебинарда тәжірибесін көрсеткен. Сонымен қатар «Критериалды бағалау – оқу сапасын дамыту құралы» тақырыбындағы тәжірибелік семинарға қатысып, кәсіби тәжірибесімен бөліскен.

Педагогикалық еңбегі мен кәсіби шеберлігі үшін бірнеше рет марапатталған. 2019 және 2020 жылдары қазақ тілі пәні бойынша республикалық қашықтық олимпиадасында II дәрежелі жүлдегер атанған.

2020 жылы Қызылорда облыстық және қалалық кәсіподақ комитеттерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. 2021–2022 жылдары білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі, өскелең ұрпаққа сапалы білім мен өнегелі тәрбие берудегі жетістіктері және кәсіби шеберлігі үшін №005000 марапатына ие болған. 2022–2023 жылдары білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін облыстық Құрмет грамотасымен марапатталған. 2023 жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби дамыту институтының №008011 Құрмет грамотасымен марапатталған. Сондай-ақ 2023 жылы Қызылорда қалалық «AMANAT» партиясы филиалының Алғыс хатына ие болған.

Педагогтің кәсіби жетістіктерінің маңызды көрсеткіштерінің бірі – шәкірттерінің білім нәтижелері. Оның оқушылары қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі пәндік олимпиадалар мен шығармашылық байқауларда жүлделі орындарға ие болып келеді.

2019 жылы оқушылары республикалық дәстүрлі интернет олимпиадасында және қазақ тілі пәнінен ұйымдастырылған онлайн олимпиадада I дәрежелі жеңімпаз атанған. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен (орыс бөлімі) республикалық олимпиаданың II кезеңінде оқушысы II орын иеленген.

2020 жылы 7-сынып оқушысы Айят Искендиров қазақ тілі пәнінен «Педстарт» республикалық қашықтық олимпиадасында III дәрежелі жүлдегер атанған. 2020–2021 оқу жылында қазақ тілі (орыс бөлімі) бойынша жалпы білім беретін пәндерден республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде Ергешбаева Феридэ II орын иеленген.

2021–2022 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша V республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіндегі «Қадыр оқулары» байқауында Бақыт Жанерке II орын алған. 2022–2023 жылдары Қызылорда музыкалық жоғары колледжі ұйымдастырған «Ана құдіреті» қалалық байқауында Бақыт Жанерке II дәрежелі жүлдегер атанған.

2025 жылы педагог шәкірттері республикалық және қалалық деңгейдегі бірқатар олимпиадалар мен шығармашылық байқауларға қатысып, нәтижелер көрсетті. Атап айтқанда, Валиева Даяна Дильшатовна қалалық олимпиадаға, Нефедова Айым Анатольевна Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Татулық пен шығармашылық үндестігі» тақырыбындағы Мұқағали сайысына және Бақыт Жанерке Қанатқызы «Ақбота» олимпиадасына қатысқан. Онталапқызы Мунира, Ансерова Тунтул Пулатқызы, Бурибаева Инкар Ануарқызы және Бектурганов Ильяс Махамбетович «Мыңбұлақ» республикалық байқауына, Трегубенко Устин Сергеевич «КЕНГУРУ» олимпиадасына қатысқан.

Миянова София Кожабековна – еңбекке жауапкершілікпен қарайтын, кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіретін, шығармашылық ізденісі қалыптасқан, әріптестері арасында беделді тәжірибелі педагог. Оның көп жылғы педагогикалық қызметі, әдістемелік ізденістері, авторлық еңбектері және шәкірттерінің жетістіктері білім беру саласына қосқан кәсіби үлесін айқындайды.



ЖУРМАХАНОВА АСЕМ ТУЛЕПБЕРГЕНОВНА

1988 жылы 19 наурызда Қызылорда облысы Қазалы ауданында дүниеге келді. 2006-2010 жылдар аралығында Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіндегі Филология факультетінің Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдаған. 2019 жылдың қаңтар айынан бастап, И.В.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып жұмыс атқарып келеді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиада қалалық кезеңі бойынша 7-сынып оқушысы Вахидова Сивиля Алғыс хат. Абай пәндік олимпиадасынан қалалық, облыстық , республикалық кезеңінен жүлделі орындар.«Мың бала Республикалық мәдени – ағартушылық» жобасы аясында өткізілген Өнерлі өрге жүзер облыстық байқауында 8 -сынып оқушысы Ергешбаева Эсмигюль II орын. «Менің отбасымның тарихы» атты ғылыми жоба байқауынан 8- сынып оқушысы Матешова Севара III орын. «Мемлекеттік тіл - этносаралық қатынас тілі» Республикалық жобасы «Тіл – тұғырым» қалалық интеллектуалдық сайыста 8-сынып оқушысы Ергешбаева Эсмигюль II орын.



СЫРГАБАЕВА АЙНУР ЕЛИКБАЕВНА

Сырғабаева Айнұр Елікбайқызы 1977 жылы 17 желтоқсанда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Білімі – жоғары.

1994 жылы жалпы орта білім беретін мектепті тәмамдап, 1994–1998 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде білім алып, жоғары білім алған.

Еңбек жолын 1998 жылы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде бастаған. Сол жылдан бері аталған білім беру ұйымында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келеді. Педагогикалық еңбек өтілі – 28 жыл.

Айнұр Елікбайқызы – өз пәнін жетік меңгерген, тәжірибелі, ізденімпаз және кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отыратын педагог. Қазіргі таңда педагог-зерттеуші біліктілік санаты бойынша еңбек етуде.

Педагогикалық қызметінде білім алушылардың білім сапасын арттыруға, пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруға, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізеді. Оқушыларды пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, интеллектуалдық және шығармашылық байқауларға дайындап, олардың түрлі деңгейдегі жетістіктеріне ықпал етіп келеді.

Айнұр Елікбайқызы кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында педагогикалық байқауларға, әдістемелік іс-шараларға және кәсіби бағыттағы жұмыстарға белсенді қатысып, өзінің тәжірибесін жетілдіруде. Заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді оқу үдерісінде тиімді пайдаланып, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, шығармашылық ойлауын және өздігінен іздену дағдыларын дамытуға көңіл бөледі.

Ұстаздық қызметімен қатар мектептің қоғамдық және әдістемелік жұмыстарына белсенді араласып, әріптестерімен тәжірибе алмасуға үлес қосып келеді.

Айнұр Елікбайқызы – еңбекке жауапкершілікпен қарайтын, кәсіби ізденісі тұрақты қалыптасқан, білім алушылармен жұмыс жүргізуде тәжірибесі мол педагог. Оның ұстаздық қызметіндегі негізгі мақсаты – сапалы білім беріп, білім алушылардың қабілетін дамыту және ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, білімді әрі жауапты тұлға қалыптастыру.

Отбасылы, бес баланың анасы. Қызметі мен отбасылық міндеттерін қатар атқарып, қоғамдық және кәсіби жұмыстарға белсенді араласып келеді.



АҚБЕРГЕНОВА ЖАНАР ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ

Ақбергенова Жанар 1982 жылы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, М.Шәменов ауылында дүниеге келген.

1989–1999 жылдары М.Шәменов ауылындағы №34 орта мектепте білім алған. 1999–2003 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығы бойынша жоғары білім алған. 2012–2014 жылдары «Болашақ» университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2003 жылы Жалағаш ауданы, М.Шәменов ауылындағы №34 орта мектепте бастаған. 2005–2006 жылдары Жалағаш кентіндегі Оқушылар сарайында үйірме жетекшісі, 2006–2008 жылдары №118 орта мектепте, 2008–2012 жылдары №201 орта мектепте мұғалім қызметін атқарған. 2012 жылдан

бастап И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етіп келеді.

Педагогикалық қызметінде білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізеді. Сабақ барысында заманауи педагогикалық технологиялар мен тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, білім алушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруге үлес қосып келеді.

Ақбергенова Жанардың шәкірттері қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, зияткерлік және шығармашылық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған.

2023 жылы оның шәкірттері «Рухани болмысты жаңғырту – ұрпақ ұлағаты» облыстық ділмар шешендер байқауында II орын, «Абай» пәндік олимпиадасының қалалық кезеңінде I орындар, облыстық «Дарын» ғылыми жобалар байқауында әдебиет секциясы бойынша III орын, «Әдебиет әлеміндегі дала қыраны» аймақтық байқауында II орын және «Абай» пәндік олимпиадасының облыстық кезеңінде I орын иеленген.

2024 жылы оқушылары қалалық олимпиадада II орын, «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында II және III дәрежелі дипломдар, «Көркем сөз – көңіл тілі» интеллектуалдық сайысында III орын, «Үш бәйтерек – үш алып» эсселер байқауында III орын иеленген. Сонымен қатар республикалық олимпиаданың II кезеңінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен III орын алған.

2025 жылы педагог шәкірттерінің жетістіктері жоғары деңгейде жалғасын тапқан. «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында оның 8-сынып оқушылары Ысқақ Елжас, Жаңбырбай Ғалымбек, Жанайұлы Дамир, Кемел Көркем, Болатбек Амина, Саруар Гульфайруз, 7-сынып оқушылары Сағындықов Елнұр, Төлепберген Бибінұр, Кемел Ақерке I дәрежелі дипломдармен марапатталған. Сонымен қатар Тауекел Раяна мен Алматов Арслан III дәрежелі, Серікбаев Заңғар II дәрежелі диплом иеленген.

2025 жылы «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық басылымы ұйымдастырған республикалық «Мақатаев оқулары» конкурсында Әбдіғани Асқар, Мұстафина Дана, Ұлықпан Азамат, Молдабек Армина және Ақылбек Айым I дәрежелі дипломмен, Саруар Гульфайруз II дәрежелі дипломмен марапатталған.

Педагогтің кәсіби еңбегі де бірқатар марапаттармен атап өтілген. 2023 жылы Қазақстан халқы тілдері күніне орай өткізілген іс-шараға белсенді қатысқаны үшін Қызылорда қаласы әкімінің Алғыс хатын алған. Сол жылы білім алушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға қосқан үлесі үшін бірқатар Алғыс хаттармен марапатталған. 2024 жылы Қазақстан Республикасының білім саласын дамытуға қосқан үлесі мен белсенді еңбегі үшін Алғыс хатқа ие болған.

Ақбергенова Жанар – педагогикалық қызметіне жауапкершілікпен қарайтын, кәсіби ізденісі қалыптасқан, шығармашылықпен жұмыс істейтін тәжірибелі ұстаз. Өзінің педагогикалық тәжірибесін үнемі жетілдіріп, шәкірттерінің білім жетістіктерін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Оның кәсіби қызметі білім алушылардың олимпиадалар мен байқаулардағы нәтижелері арқылы көрініс табады.



ӘБДРАХМАНОВА ДИНАРА ЕЛУБАЙҚЫЗЫ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі 1987 жылғы 16 тамызда Қызылорда облысы, Шиелі ауданында дүниеге келген. 2004 жылы №148 орта мектепті бітіріп, 2004–2008 жылдары Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

2008 жылдан бастап И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келеді. Педагогикалық қызмет барысында білім алушылардың пәнге

қызығушылығын арттыруға, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, сапалы білім мен саналы тәрбие беруге ерекше мән береді. Сабақ үдерісінде заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, оқушыларды түрлі пәндік олимпиадалар мен шығармашылық байқауларға дайындауда нәтижелі жұмыс жүргізіп келеді.

Кәсіби шеберлігін тұрақты жетілдіріп, педагогикалық тәжірибесін әріптестерімен бөлісіп, білім беру саласындағы түрлі кәсіби іс-шараларға белсенді қатысады. 2024 жылы ҚББ тарапынан «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің үздік мұғалімі» бағыты бойынша алғысқа ие болып, Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хатымен және Қызылорда облысының білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталған. Сондай-ақ «Оқытуда заманауи әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру» тақырыбындағы 80 сағаттық кәсіби біліктілікті арттыру курсын аяқтаған. 2024 жылы «Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру» тақырыбындағы қалалық семинарда педагогикалық тәжірибесімен бөліскен.

Педагогтің кәсіби қызметінің нәтижелілігі шәкірттерінің жетістіктерінен де көрінеді. 2024 жылы оқушысы Қуатбай Нұрасыл жалпы білім беретін пәндер бойынша 5–6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде II орын иеленді. Әкпар Аяулым «Абай» пәндік олимпиадасының қалалық және облыстық кезеңдерінде I орындарға ие болды.


2025 жылы шәкірттері Жапархан Каусар мен Кенесова Дания жалпы пәндік олимпиадада I орын иеленді.

2026 жылы оқушылары республикалық, облыстық және қалалық деңгейдегі бірқатар олимпиада мен шығармашылық байқауларда жүлделі орындарға ие болды. Атап айтқанда, Әкпар Аяулым республикалық «Абай оқулары» мәнерлеп оқу конкурсында I орын, Жапархан Каусар «Вейпсіз жастық шақ» эссе байқауында II орын, Болатбек Анеля «Менің Қазақстаным» республикалық эссе байқауында II орын, Кенесова Дания «Абай» жалпы пәндік олимпиадасының қалалық және облыстық кезеңдерінде I орын, Кенесова Дана аталған олимпиаданың облыстық кезеңінде II орын иеленді. Сонымен қатар Кенесова Дана «Білген аламан» республикалық олимпиадасына қатысып, нәтижелі көрсеткіш көрсетті.

Қожамұратқызы Торғын Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ұйымдастырған «Есіңе мені алғайсың» атты М. Мақатаев өлеңдерін оқу байқауында II орын иеленіп, республикалық «М. Мақатаев оқулары» байқауының қалалық кезеңіне белсенді қатысты. Джорабаева Мадина жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде «Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі» пәні бойынша III орынға ие болды.

Педагог өз қызметінде білім алушылардың білім сапасын арттырумен қатар, олардың ұлттық құндылықтарды құрметтеуіне, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және өздігінен ізденуіне бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп келеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі – өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіретін, шығармашылық ізденіспен еңбек ететін, шәкірттерінің білім жетістіктеріне жүйелі түрде қолдау көрсетіп келе жатқан тәжірибелі педагог.



САРБАЕВА АЙСУЛУ ТАЛҒАТҚЫЗЫ

1992 жылы 3 наурызда Қызылорда қаласында дүниеге келген.

1999–2009 жылдары Қызылорда қаласындағы №136 Т.Жүргенов атындағы мектепте білім алған. 2009–2013 жылдары «Болашақ» университетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша жоғары білім алып, оқу орнын үздік, «қызыл дипломмен» тәмамдаған.

2013–2015 жылдары «Болашақ» медициналық колледжінде іс жүргізуші және «Биология, география және спорт» кафедрасында лаборант қызметтерін атқарған.

2016 жылдан бастап И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келеді.

Педагогикалық қызметі барысында білім алушылардың сапалы білім алуына, пәнге деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөліп келеді. Сабақ барысында заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, оқушыларды пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, шығармашылық және зияткерлік байқауларға дайындауда нәтижелі

еңбек етіп келеді. Сонымен қатар педагогикалық тәжірибесін үнемі жетілдіріп, кәсіби шеберлігін арттыруға және білім беру саласындағы жаңашылдықтарды оқу үдерісіне енгізуге баса мән береді.

Педагогикалық еңбегі мен кәсіби жетістіктері үшін бірнеше мәрте марапатталған. 2026 жылы Қызылорда облысы білім басқармасының Қызылорда қаласы білім бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 2025 жылы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған республикалық шығармашылық байқауға белсенді қатысқаны үшін «Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау орталығының Алғыс хатына ие болды. Сол жылы «Білім шуағы» республикалық ғылым мен білімді қолдау орталығы ұйымдастырған «Жас зерттеуші академиясы» ғылыми жобалар байқауында оқушысы I орын иеленуіне байланысты Алғыс хатпен марапатталды.

2021 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған мұғалімдер арасындағы «Білім берудегі инновациялар: ізденістер мен шешімдер» атты педагогикалық оқуда баяндама жасап, II орын иеленгені үшін Алғыс хатпен марапатталды. Сол жылы «Мұқағали мұрасы – халық қазынасы» атты эссе байқауында Қалалық білім бөлімінің II дәрежелі дипломына ие болды.

2020 жылы «Берекелі алтын күз» республикалық балалар мен жасөспірімдер арасындағы өнер байқауына оқушыларды дайындап, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасымен марапатталды. 2017 жылы EXPO-2017 халықаралық көрмесін қолдау мақсатында ұйымдастырылған «Үздік жүргізуші – 2017» концерт жүргізушілерінің қалалық байқауына белсенді қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталған.

Педагогтің кәсіби қызметінің нәтижелілігі шәкірттерінің жетістіктерінен де көрінеді. Оқушылары ғылыми жобаларға, шығармашылық және зияткерлік байқауларға белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді. Атап айтқанда, 2025 жылы оқушысының «Жас зерттеуші академиясы» ғылыми жобалар байқауында I орын иеленуі – мұғалімнің оқушымен жүргізген жүйелі әрі нәтижелі жұмысының айқын көрсеткіші.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі – өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, шығармашылық ізденісі жоғары, кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отыратын білікті педагог. Ұстаз білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық, зерттеушілік және зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған нәтижелі педагогикалық қызмет атқарып келеді. Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруді басты мақсат ете отырып, білім беру саласының дамуына өзіндік үлесін қосып келеді.



СЕЙТСҰЛТАН ЖАЗИРА АЛМАТҚЫЗЫ

Сейтсұлтан Жазира Алматқызы 1996 жылғы 10 сәуірде Қызылорда қаласында дүниеге келген.

2003 жылы Қызылорда қаласындағы ЫБырай Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейіне оқуға қабылданып, 2012 жылы аталған білім ордасын тәмамдаған. 2012–2016 жылдары Мәншүк Мәметова атындағы гуманитарлық колледжде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алып, оқуын аяқтаған. 2016 жылы алғашқы еңбек жолын И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған. Сол жылы Шымкент қаласындағы Аймақтық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетіне оқуға түсіп, 2019 жылы жоғары білім алған.

Қазіргі таңда И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарып, педагог-сарапшы біліктілік санаты бойынша еңбек етуде.

Педагогикалық қызметі барысында білім алушылардың білім сапасын арттыруға, пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруға, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп келеді. Сабақ үдерісінде заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, оқушыларды пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және шығармашылық байқауларға дайындауда нәтижелі еңбек етіп келеді. Мектепішілік және қалалық деңгейдегі семинарларға белсенді қатысып, педагогикалық тәжірибесімен бөлісіп, алғыс хаттар мен сертификаттарға ие болған.

Педагогтің кәсіби қызметіндегі нәтижелі жұмыстарының бірі – шәкірттерінің жетістіктері. 2023 жылы қалалық пәндік олимпиадаға дайындаған оқушысы жүлделі III орын иеленді. 2024 жылы Тамыз конференциясына қатысып, сертификат алды, сондай-ақ «Үздік авторлық бағдарлама» байқауында жүлделі

III орынға ие болды. 2025 жылы «Зерде» ғылыми жобалар байқауына дайындаған оқушысы III орын, ал «Ақберен» байқауына қатысқан оқушысы II орын иеленді.

Сейтсұлтан Жазира Алматқызы – өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ізденімпаз, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отыратын білікті педагог. Ол білім алушылардың жеке қабілеттерін дамытуға, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға және түрлі білім, ғылым мен шығармашылық бағыттағы байқауларға белсенді қатысуына жағдай жасап келеді. Педагогтің кәсіби ізденісі мен жүйелі еңбегі шәкірттерінің жетістіктерінен көрініс тауып, мектептің білім беру сапасын арттыруға өзіндік үлесін қосып келеді.



КЕМАЛ ГҮЛЖАЙНА ФАЙЗОЛЛАҚЫЗЫ

Кемал Гүлжайна Файзоллақызы 1999 жылғы 14 сәуірде Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде дүниеге келген.

2006 жылы Қазалы ауданындағы №204 орта мектепке қабылданып, 2015 жылы аталған мектептің 9-сыныбын аяқтаған. 2015–2019 жылдары Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжінде «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша білім алған. 2019 жылы Шымкент қаласындағы Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша тәмамдап, жоғары білім алған.

Еңбек жолын «Esay English» оқу орталығында мұғалім болып бастаған. 2020 жылдан бастап И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келеді. Қазіргі таңда педагог-модератор біліктілік санаты бойынша еңбек етуде.

Педагогикалық қызметі барысында кәсіби біліктілігін арттыруға, заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді оқу үдерісіне тиімді енгізуге және білім алушылардың білім сапасын арттыруға ерекше мән беріп келеді. Кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсатында біліктілікті арттыру курстары мен түрлі педагогикалық іс-шараларға қатысып, тәжірибесін жетілдіруде.

Гүлжайна Файзоллақызының педагогикалық қызметіндегі нәтижелі жұмыстары шәкірттерінің жетістіктерінен де көрінеді. 2026 жылы оқушыларын «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына дайындап, бірнеше жүлделі орындарға ие болуына ықпал етті. Сонымен қатар «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасына дайындаған оқушысы III орын иеленді.

Кемал Гүлжайна Файзоллақызы – өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ізденімпаз, шығармашылықпен жұмыс істейтін, кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіруге ұмтылатын жас педагог. Ол білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және білім сапасын көтеруге бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп келеді. Педагогикалық қызметінде заманауи білім беру талаптарын басшылыққа алып, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге өз үлесін қосып келеді.



ЖҰМАДІЛОВА ӘСИМА МИРАМБЕККЫЗЫ

Жұмаділова Әсима Мирамбекқызы 1991 жылғы 14 қыркүйекте Қызылорда қаласында дүниеге келген.

2007–2011 жылдары Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы гуманитарлық колледжде «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша білім алып, аталған оқу орнын тәмамдаған.

2011–2014 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

2011 жылдың қыркүйек айынан бастап И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келеді.

Педагогикалық қызметі барысында мектепішілік және қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, білім алушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп келеді. 2015 жылы мектепішілік «Үздік жас маман» байқауына қатысып, III орын иеленген. Сол жылы қалалық «Көңілді тапқыштар» сайысында жетекшілік еткен команда жүлделі II орынға ие болды. 2017 жылы Әсима Мирамбекқызының жетекшілігімен №5 мектеп-лицейінің 5-сынып оқушыларынан құралған команда қалалық «Тіл білгірлері» сайысында II орын иеленді.

Қоғамдық жұмыстарға да белсенді қатысып, 2015 жылы қалалық жастар қоғамдық ұйымының төрайымы қызметін атқарған. 2018 жылдан бастап Қызылорда қалалық «Мәміле» клубының мүшесі болып келеді. Қоғамдық белсенділігі үшін қалалық «Нұр Отан» партиясының Алғыс хаттарымен және Қазақстан халқы Ассамблеясының Алғыс хатымен марапатталған.

2018 жылы «Мың бала» республикалық авторлық жобалар байқауында I орын иеленіп, кәсіби шығармашылық ізденісін көрсетті. Педагогтің шәкірттері республикалық деңгейдегі «Кенгуру», «Абай», «Ақбота», «Алтын қыран» олимпиадаларына қатысып, I, II, III дәрежелі жүлделі орындарға ие болып келеді. 2025 жылы республикалық «Білікті ұстаз» байқауына қатысып, II орын иеленді.

Педагогикалық тәжірибесін тарату мақсатында ашық сабақтар мен әдістемелік жұмыстар жүргізіп, авторлық және дидактикалық материалдарын түрлі әдістемелік білім беру сайттарында жариялап келеді. Жарияланған еңбектері мен кәсіби белсенділігі үшін арнайы сертификаттармен марапатталған.

Жұмаділова Әсима Мирамбекқызы – өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ізденімпаз, шығармашылықпен жұмыс істейтін, қоғамдық белсенділігі жоғары, кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отыратын тәжірибелі педагог. Ол білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және сапалы білім мен саналы тәрбие беруге өз үлесін қосып келеді.



САҚТАҒАНОВА АҚКЕНЖЕ ТАМПЫШҚЫЗЫ

Сақтағанова Ақкенже Тәжібайқызы 1980 жылы 8 қыркүйекте Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, 1 Май ауылында дүниеге келген. 2011 жылдың қыркүйек айынан бастап И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді.

Ақкенже Тәжібайқызы – ізденімпаз, шығармашыл, жаңашылдыққа ұмтылатын, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын тәжірибелі педагог. Сабақ үдерісінде заманауи технологиялар мен тиімді әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдаланып, оқушылардың білім сапасын арттыруға, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Шәкірттерін қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобалар мен шығармашылық байқауларға дайындап, жүлделі орындарға жетелеп келеді.

Педагогикалық қызметіндегі елеулі жетістіктерінің қатарында оқушыларының «Дарын», «Зерде», «Абай», «Ақбота» олимпиадалары мен ғылыми жобалар байқауларында, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болуы бар. Атап айтқанда, шәкірттері 2021-2025 жылдары қалалық және облыстық пәндік олимпиадалардан, ғылыми жобалардан I, II, III орындар иеленді. «Абай» пәндік олимпиадасының облыстық кезеңінде, «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» мәнерлеп оқу сайысында, «Тіл – мемлекет тәуелсіздігінің символы» республикалық олимпиадасында шәкірттері жүлделі орындарға ие болды. Сонымен қатар 2025 жылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы оқуларының қалалық кезеңінде оқушысы II орын алды.

Өзінің кәсіби жетістіктері де жоғары. 2020 жылы «КИО» пәндік олимпиадасында II орын, «Педстарт» республикалық қашықтық олимпиадасында III орын иеленді. 2023 жылы қазақ тілі пәнінен «Педстарт» республикалық қашықтық олимпиадасында I орын алды. Педагогикалық еңбегі үшін Қызылорда облысының білім басқармасы, Қызылорда қалалық білім бөлімі, «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы және кәсіподақ ұйымдарының Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Аққенже Тәжібайқызының педагогикалық тәжірибесі республикалық және облыстық басылымдарда жарияланып келеді. «Жаңа технологиямен жұмыс жасау оқушы құзіреттілігін қалыптастырудағы ықпалы», «Нәтижеге бағытталған тұлғаға сыни оқудың ықпалы» тақырыптарында баяндамалары жарық көрген. «Қазақ тілі мен әдебиет пәнін оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер арқылы жазылым дағдысын қалыптастыру» авторлық бағдарламасының авторы. Сонымен қатар «Абайтану» таңдау курсын әзірлеген.

Аққенже Тәжібайқызы – кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп, шәкірттерінің шығармашылық әлеуетін ашуға және сапалы білім мен саналы тәрбие беруге бағытталған тәжірибелі ұстаз.



БЕРКІНБАЙ САЛТАНАТ ҚАЛДЫБЕККЫЗЫ

1987 жылы 30 маусымда Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Майлытоғай ауылында дүниеге келген. 1993–2004 жылдары №141 Қапан Сәбіров атындағы мектепте білім алған. 2004 жылы Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетіне «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына оқуға түсіп, 2008 жылы жоғары білім алған.

Еңбек жолын 2009 жылы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде лаборант қызметінен бастап, 2011 жылдан бері қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді. Педагогикалық қызметінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Заманауи педагогикалық технологияларды сабақ үдерісіне тиімді кіріктіріп, сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ізденімпаздық танытып келеді.

Шәкірттері қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі пәндік олимпиадаларда, ғылыми жобалар мен шығармашылық байқауларда жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. 2022 жылы 5–6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде Салединов Азим III орын, «Ұшқыр» республикалық білім орталығы ұйымдастырған байқауда Төлебаева Ш. I орын иеленді. Сол жылы Т. Ізтілеуұлының 140 жылдығына арналған «Назым сөздің шебері» мәнерлеп оқу сайысында Аманжол Тоғжан Алғыс хатпен марапатталып, «Жауһар жырдың Асқары» көркемсөз оқу шебері номинациясында жүлдегер атанды.


2023 жылы Аманжол Тоғжан М. Мақатаевтың «Есіңе мені алғайсың» атты мәнерлеп оқу сайысында III дәрежелі дипломмен марапатталып, «Ана құдіреті» мәнерлеп оқу байқауында Алғыс хатқа ие болды. Сол жылы «Абай» пәндік олимпиадасының қалалық кезеңінде I орын, республикалық «Махамбет оқулары» байқауының қалалық кезеңінде I орын, облыстық кезеңінде II орын иеленді.

2024 жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығының Құрмет грамотасымен марапатталып, қалалық білім бөлімі ұйымдастырған семинарда өз іс-тәжірибесімен бөліскені үшін Алғыс хат алды. 2025 жылы шәкірттері «Кенгуру» жалпы пәндік олимпиадасында II орын, «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында I орын иеленді. «Ақберен» республикалық өнер байқауының қалалық кезеңіне қатысып, Алғыс хатпен марапатталды. «Әбіш оқулары» байқауында Ақсұлтан Нұрдана қалалық кезеңде I, облыстық кезеңде II орын алды. 2026 жылы осы оқушы «Әбіш оқуларының» қалалық және облыстық кезеңдерінде I орын иеленіп, республикалық кезеңге қатысты.

Мұғалімнің өзі де кәсіби және қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысып келеді. 2019 жылы қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Бес асық» сайысында I орын иеленіп, облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының Алғыс хатымен марапатталды. 2022 жылы «Бес асық» сайысында I орынға ие болды. 2025 жылы Қызылорда облысы полиция департаментінің ұйымдастыруымен

өткен қыздар арасындағы волейбол жарысына қатысып, Алғыс хатпен марапатталды. 2026 жылы мұғалімдер арасындағы дәстүрлі спартакиадада волейболдан II орын иеленді.

Педагог – кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіруге ұмтылатын, шығармашылықпен жұмыс істейтін, қоғамдық және кәсіби шараларға белсенді қатысатын білікті маман. Ұстаздың еңбегі шәкірттерінің пәндік олимпиадалардағы, ғылыми жобалар мен шығармашылық байқаулар



КАМАРБЕК РАБИҒА ҚАНАТБЕККЫЗЫ

Камарбек Рабиға Қанатбекқызы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-модератор. 1995 жылдың 18 қарашасында Қызылорда қаласында дүниеге келген.

Әр адамның өмірінде мамандық таңдауға ықпал ететін ерекше жандар болады. Менің өмірімдегі сондай жандар – ата-анам. Олар қыз баланың білім алып, жақсы мамандық иесі болуы керектігін үнемі айтып, менің және сіңлімнің сапалы білім алуымыз үшін бар күш-жігерін жұмсады.

2011 жылы анамның ақыл-кеңесімен ұстаздық мамандықты таңдадым. Сол жылы М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжге оқуға түсіп, 2015 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын меңгеріп шықтым. Білімімді одан әрі жалғастырып, 2015 жылы «Болашақ» университетіне түсіп, 2019 жылы жоғары білім алдым.

Педагогикалық еңбек жолымды 2016 жылдың қыркүйек айында И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде “Қазақ тілі мен әдебиеті” пәнінің мұғалімі болып бастадым. Міне, білім саласында еңбек етіп келе жатқаныма 2026 жылы 10 жыл толып отыр.

Он жыл – бір қарағанда аз уақыт емес. Осы уақыт ішінде ұстаздықтың жауапкершілігін де, қуанышын да, ізденісін де қатар сезіндім. Әр сабаққа дайындалу, әр оқушының бойындағы қабілетті байқау, оның білімге деген қызығушылығын арттыру – мен үшін күнделікті міндет қана емес, жүрекпен атқаратын жұмысым.

Ұстаздық жолымда мен үшін ең үлкен жетістік – шәкірттерімнің жетістігі. Оқушыларымды түрлі ғылыми, шығармашылық және интеллектуалдық байқауларға дайындап, олардың жүлделі орындарға ие болғанын көрген сайын еңбегімнің нәтижесін сезінемін.

2017 жылы мектепішілік «Жыл мұғалімі – 2017» байқауында «Ізденімпаз ұстаз» номинациясына ие болдым. Кейінгі жылдары оқушыларым қалалық, республикалық деңгейдегі түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындардан көріндім.

2018 жылы шәкірттерім «Қазақшаң қалай, балақай!» байқауында III орын иеленді. Сол жылы «Жолдау – өрлеу өзегі» атты үгіт-насихат бригадалары байқауында жетекшілік еткен «Jas Star» командасы «Үздік сценарий» номинациясымен марапатталды.

2019 жылы оқушыларым «Зерде» республикалық конкурсының қалалық кезеңіне, «Менің бастамам – менің Отаным үшін» республикалық шығармашылық жобалар байқауына қатысты.

2023 жылы оқушым Калибай Айша республикалық «Мақатаев оқулары» конкурсында II орын иеленді.

2025 жылы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының «Ақбота» интеллектуалдық байқауында оқушыларым Бауыржанұлы Тамерлан III дәрежелі, Ушакоф Тимофей және Сиваткин Андрей I дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Өзім де кәсіби ізденісті тоқтатпай, білімімді жетілдіруге ерекше мән беремін. Критериалды бағалау, цифрлық құзыреттілік, инклюзивті білім беру бағыттары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өттім. 2025 жылы қазақ тілі мен әдебиетін оқыту бағытында 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсынан өтіп, қосымша модульдер бойынша 92 балл жинадым. Сонымен қатар педагогикалық идеялар панорамасына қатысып, кәсіби еңбегім үшін түрлі Алғыс хаттармен және Құрмет грамоталарымен марапатталдым.

Ұстаздық жолдағы әр жетістігімнің артында ата-анамның маңдай тері бар екенін ешқашан ұмытпаймын. Әкем күннің ыстығы мен суығына қарамай қара жұмыс істеп, анам университетте кіші қызметкер болып еңбек ете жүріп, бізге білім алуға мүмкіндік жасады. Бүгінгі жетістіктерімді олардың адал еңбегінің жалғасы деп қабылдаймын.

Кейде адам өзінің жетістігін жеке еңбегім деп қабылдайды. Ал мен үшін әр жетістіктің артында ата-ананың үміті, ұстаздардың берген білімі, әріптестердің қолдауы және шәкірттердің сенімі тұр.

Бүгінде мен үшін ұстаздық – жай ғана мамандық емес. Бұл – үнемі ізденуді, жаңаруды, өзіңді дамытуды талап ететін үлкен жауапкершілік.

Оқушының «Рабиға Қанатбекқызы, сәлеметсіз бе!» деп жылы амандасқаны, сабақ соңында «Рақмет сізге!» деген бір ауыз сөзі – мен үшін кез келген марапаттан қымбат.

Мен ұстаздық жолды таңдағаныма еш өкінбеймін. Себебі шәкірттің жетістігін көріп, оның білімге деген талпынысын байқау – еңбегіңнің ең үлкен жемісі.

Ұстаздық жолымның бастауы – ата-анамның үміті.

Жалғасы – менің ізденісім.

Ал ең үлкен нәтижесі – шәкірттерімнің жетістігі.

Алдағы уақытта да білімімді жетілдіріп, заман талабына сай білім беретін, шәкірт жүрегіне жол таба білетін ұстаз болуға ұмтыла беремін.



БЕГМАНОВА ФАРИДА НУРМАГАНБЕТОВНА

1985 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келді. 1992-2002жылдары аралығында №235 мектепте оқыды. 2003жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің филология факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2007жылы бітірді. 2009 жылдан бастап И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі болып қызмет атқарады.

2021 жылы Диплом Республикалық олимпиаданың II кезеңінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша III орын иеленген №5 мектеп-лицейінің 5 сынып оқушысы Джорабаева Мадина марапатталды. 2021 жылы «Оқушының кітап оқуға ынтасын арттырудың тиімді жолдары» тақырыбында өткізілген жоба қорғау байқауына қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

2022 жылы Мадина Джорабаева қазақ тілінен өзге ұлт оқушыларының арасында қазақ тілін меңгеру бойынша «Тіл – мемлекет тәуелсіздігінің символы» атты республикалық қашықтық олимпиадасының жүлдегері атанып III дәрежелі Дипломмен марапатталды. Қызылорда облысының білім басқармасы «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы атынан Алғыс хатпен марапатталды.

2025 жылы №5 мектеп-лицейі мен кәсіподақтың атынан Алғыс хатпен марапатталды. Алғыс хат «Тіл достықтың көпірі» жобасы аясында «Тіл – халықтың жаны» тақырыбындағы 5-7 сынып (өзге ұлт) оқушылар арасындағы «Полиглот» сайысына қатысқаны үшін №5 мектеп-лицейінің 6-сынып оқушысы Темиргалиева Фарангизге берілді. Диплом «Абай» жалпы пәндік олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып I дәрежелі орынға ие болғаны үшін Квон Аля, Цай Диана марапатталды. Диплом Республикалық «Кенгуру» жалпы пәндік интеллектуалдық олимпиадасының I орын жүлдегері 6-сынып оқушысы Кенжебек Мединаға берілді.

«Жарқын болашақ» республикалық қазақ олимпиадасында «Әнші бұлбұлдар» бағыты бойынша 8-сынып оқушысы Матешева Севара III орын Дипломымен марапатталды. 2026 жыл Диплом «Абай» пәндік олимпиадасының облыстық кезеңіне қатысып I дәрежелі орынға ие болғаны үшін Квон Аляға берілді. «Дарын» республикалық орталығының ұйымдастыруымен өткен жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып, III дәрежелі Дипломмен 9-сынып оқушылары Абзал Ясмина, Мурат Алина, Катешев Ратмир, I дәрежелі Дипломмен 6-сынып оқушысы Кенжебек Медина марапатталды.



БАҚЫТЖАНОВА БАҒЖАН БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

1995 жылы 29 қарашада Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Есет батыр ауылында дүниеге келген. 2013–2016 дары М. Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінде «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» ндығы бойынша білім алып, біліктілік алған. 2016–2019 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік рситетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алып, бакалавр дәрежесін иеленген.

2017 жылдың қараша айынан бастап И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті ің мұғалімі болып еңбек жолын жалғастырып келеді. Педагогикалық қызметі барысында оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және білім сапасын көтеруге ерекше көңіл ді. Мектептің қоғамдық және шығармашылық жұмыстарына белсенді араласып, түрлі қалалық, облыстық және бликалық іс-шараларға қатысып келеді.

Кәсіби қызметінің алғашқы жылдарынан-ақ бірқатар жетістіктерге қол жеткізген. 2017 жылы Қызылорда ық білім бөлімінің «Үздік жүргізуші – 2017» номинациясы бойынша дипломымен марапатталды. 2018 жылы еу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Құрмет грамотасына ие болып, «Үздік жас маман – 2018» епшілік байқауында Бас жүлдені иеленді. Сонымен қатар «Тәжірибедегі рефлексия», өлкетану жұмысы және қазақ ен әдебиеті пәндері бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

2019 жылы Қызылорда қаласы білім бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталып, «Үздік тіл маманы – » байқауында II орын алды. Оқушылары да түрлі шығармашылық байқауларда жүлделі орындарға ие болды.

2020 жылы Қызылорда қаласы білім бөлімінің бұйрығымен педагог-сарапшы біліктілік санаты берілді. Сол ы «Ұлағатты ұстаз» республикалық оқытушылар конкурсында I орын иеленіп, қазақ тілі пәнінен республикалық қтық олимпиадасында I дәрежелі дипломмен марапатталды. Оның оқушылары Айтмұхамбет Инабат, Асылбек на, Жалғас Бекарыс, Жеткербай Еркежан және Шархан Азиза қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен республикалық қтық олимпиадаларында I дәрежелі дипломдарға ие болды. Сондай-ақ «Мың бала» республикалық мәдени-ағарту аясындағы «Тіл мерейі» байқауында оқушысы Черепанова Карина III дәрежелі дипломмен марапатталды.

2021 жылы оқушысы Асылбек Әмина «Алғыс жүректен шығады» тақырыбындағы сырттай қалалық еролик байқауында I орын иеленді. 2022 жылы А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Өмір жолы» ейлер әзірлеу байқауында I орынға ие болды. 2023 жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының с хатымен және «Темірбек Жүргенов – тарихи тұлға, ұлт жанашыры» мектеп театрлары байқауына белсенді сқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

жылы кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының қазақ тілі мен иеті пәндері бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтті. Сол жылы шәкірттері де жоғары нәтижелер көрсетті. 6-п оқушысы Кеңесбай Айкөркем «Sapsan» жалпы пәндік олимпиадасының облыстық кезеңінде I дәрежелі орын ді. 10-сынып оқушысы Жапархан Кәусар «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының қалалық інде III орын.



ДЖУСУМБЕКОВА ЗАУРЕГУЛЬ АВГАНОВНА


1979 жылы 28 тамызда Таджикистан Республикасы, Қорғантөбе ауданында дүниеге келдім. 1980 жылы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Бірлік ауылына қоныс аударды. 1986 жылы Ақүйік ауылындағы № 55 орта мектебіне 1-сыныпқа қабылдандым. 1996 жылы С.Қожанов атындағы №55 орта мектептің 11-сыныбын бітірдім. Сол жылы Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педагогикалық

колледжіне оқуғы түсіп, 1999 жылы М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжінің «Бастауыш класта оқыту» мамандығы бойынша бітіріп шықтым.

2002 жылы Түркістан қаласындағы мемлекеттік Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетіне түсіп, 2006 жылы осы университеттің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша толық курсын бітіріп шықтым.

2008 жылы Жамбыл облысының Тараз қаласындағы Құмшағал орта мектебінде тәлімгер болып, 2009-2010 оқу жылы тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 2010-2012 жылдар аралығында тәлімгер болып жұмыс істедім.

2012 жылдың қаңтар айында Қызылорда қаласындағы И.В.Панфилов атындағы № 5 мектпе-лицейіне қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмысқа тұрдым. Сол жылдан бастап осы мектепте жұмыс істеп келе жатырмын. Жұмыс жасау барысында көптеген жетістіктерім болды. Оқушыларымды қалалық, облыстық түрлі сайыстарға қатыстырып, жүлделі орындарға ие болдық.



БАЛМАНОВА АКЕРКЕ АБДИГАППАРОВНА

1992 жылы 9 маусымда Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Шаған ауылында дүниеге келген. 1999–2010 жылдары №37 орта мектепте білім алып, 2010–2014 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің филология факультетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

2019 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етіп келеді. Педагогикалық қызметімен қатар шығармашылық бағытта да белсенді жұмыс жасап, жас ақындарды тәрбиелеуге, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Шәкірттері қалалық деңгейдегі пәндік олимпиадалар мен шығармашылық байқауларда жүлделі орындарға ие болып келеді.

Кәсіби қызметінің алғашқы жылдарынан бастап түрлі шығармашылық байқаулар мен педагогикалық іс-шараларға белсене қатысып, 2019 жылы «Сыр елі – таланттар мекені» жас ақындар мүшайрасына қатысып, «Арынды ақын» номинациясы бойынша дипломмен марапатталды. Сол жылы «Тіл белесі, сөз маржаны» атты әдістемелік құрал әзірлеп, біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

2020 жылы «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» жас ұстаздар арасындағы ақындар мүшайрасында I орын иеленіп, Қызылорда қаласының білім бөлімі мен қалалық қызметкерлер кәсіподағының Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар Ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған мұғалімдер арасындағы ақындар мүшайрасында I орын алды. 2021 жылы «Поэзия, сен менімен егіз бе едің?» және Наги Ильясовтың 100 жылдығына арналған ақындар мүшайраларында II орындарға ие болды.

2022 жылы А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған конференцияда үздік жұмыс көрсетіп, Құрмет грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ «Ахмет – ұлы ұстаз» облыстық жазба ақындар мүшайрасына қатысып, Алғыс хатқа ие болды. «Шебер педагог» журналына педагогикалық материалдары жарияланды.

Педагог ретінде оқушыларын пәндік олимпиадалар мен шығармашылық байқауларға дайындап, олардың жүлделі орындарға ие болуына ықпал етіп келеді. 2023 жылы 5–6 сынып оқушылары арасындағы қалалық кезеңде Матешова Севара III орын, 2024 жылы Цай Диана II орын, 2025–2026 оқу жылында Чередникова Анна II орын иеленді. Сонымен қатар оқушылары түрлі шығармашылық байқауларға қатысып, жүлделі нәтижелер көрсетті.

2024 жылы «Тіл деген – алып мұхит, түбі терең» атты этнос өкілдері арасындағы байқауға оқушы дайындап, Алғыс хатқа ие болды. Сол жылы «Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру» тақырыбындағы қалалық семинарға қатысып, тәжірибесімен бөлісті.

2025 жылы «Ұлылыққа тағзым» ақындар мүшайрасында I орын, «Сырдың жас ақындары» жас ақындар мүшайрасында II орын иеленіп, Қызылорда облыстық білім саласының Құрмет грамотасымен

марапатталды. Сонымен қатар жас ақындар мүшайраларында және республикалық өнер байқауларында әділқазылық қызмет атқарып, ғылыми конференцияларда баяндама жасады.

2026 жылы «Сөз бен сөз» республикалық байқауында оқушысы Темірхан Сырым III орын иеленді. Сондай-ақ «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының 80 сағаттық Т2 деңгейлі курсын аяқтады.

Педагогикалық қызметінде кәсіби ізденіске, шығармашылыққа және оқушылардың қабілетін дамытуға басымдық беріп, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып келеді. Өзінің ақындық және педагогикалық қабілетін ұштастыра отырып, жас ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға, ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға елеулі үлес қосып жүрген шығармашыл ұстаз.



ЖҮНІСОВА ГҮЛЖАЙНА ЖОЛДАСҚЫЗЫ

1983 жылы 5 сәуірде Қызылорда облысы, Сырдария ауданына қарасты Абай ауылында дүниеге келген.

1990 жылы Абай ауылындағы №138 орта мектептің 1-сыныбына қабылданып, 2000 жылы аталған мектепті тәмамдаған. 2003 жылы Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы колледжге «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2006 жылы аяқтаған.

2006 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің күндізгі жеделдетілген бөліміне «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2009 жылы жоғары білім алған.

Еңбек жолын 2010 жылы Қызылорда қаласындағы білім беру орталығында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған. 2016 жылы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейіне тәлімгер қызметіне қабылданып, 2018 жылдан бастап осы білім ордасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді.

Педагогикалық қызметі барысында білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың шығармашылық, зияткерлік және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөліп келеді. Оқушыларын түрлі пәндік олимпиадалар мен интеллектуалдық сайыстарға дайындап, олардың білім жетістіктеріне жетекшілік етеді.

2025 жылы шәкірті Сермағамбет Талант республикалық «Кенгуру» жалпы пәндік интеллектуалдық олимпиадасында қазақ тілі пәнінен I орын иеленді. Мұғалім аталған олимпиадаға оқушының жетекшісі ретінде қатысты.

Сонымен қатар шәкірті Айзия Алдоңғар «BILGEN ALAMAN» республикалық олимпиадасының іріктеу кезеңіне қатысып, келесі кезеңге жолдама алды.

Оқушыларының осындай жетістіктері педагогтің кәсіби ізденісі мен еңбегінің нәтижесін көрсетеді. Ол білім алушыларға сапалы білім берумен қатар, олардың ұлттық құндылықтарды құрметтеуіне, шығармашылық қабілеттерін дамытуына және жан-жақты тұлға болып қалыптасуына бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Білікті де ізденімпаз ұстаз алдағы уақытта да педагогикалық тәжірибесін жетілдіріп, шәкірттерінің білім сапасын арттыруға және олардың түрлі білім сайыстарындағы жетістіктерін еселеуге өз үлесін қосуды мақсат етеді.



НҰРМАҒАНБЕТОВА ГҮЛЗАДА

МЕКТЕПБАЙҚЫЗЫ

1984 жылы 12 қазанда Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген.

1988 жылы балабақшаға барып, 1992 жылы №33 орта мектептің 1-сыныбына қабылданған. 2002 жылы аталған мектепті тәмамдаған. Сол жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің филология факультетіне «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2006 жылы жоғары оқу орнын аяқтаған.

Еңбек жолын 2006 жылы өзі білім алған №33 орта мектепте бастаған. 2009 жылы Қызылорда қаласына қарасты Талсуат ауылындағы №178 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған. 2010–2021 жылдар аралығында Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде әлеуметтік педагог қызметін атқарып, оқушылармен әлеуметтік және тәрбие бағытында жүйелі жұмыстар жүргізген.

2021 жылдың тамыз айынан бастап Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалған. Қазіргі таңда аталған білім ордасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етіп келеді.

Педагогикалық қызметі барысында білім алушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруге, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және тұлғалық қалыптасуына ерекше көңіл бөліп келеді. Мектептің қоғамдық және тәрбие жұмыстарына белсенді араласып, білім беру үдерісін жетілдіруге өз үлесін қосып келеді.

Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, тәжірибелі, ізденімпаз әрі еңбекқор педагог ретінде әріптестері арасында өзіндік орны қалыптасқан. Ұстаздық қызметінде кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіріп, оқушылардың білім сапасы мен тәрбиесіне баса назар аударып келеді.

Отбасылы. Үш баланың – екі ұл және бір қыздың ата-анасы. Отбасы мен қызметін қатар алып, қоғамдық және педагогикалық жұмыстарға белсенді қатысып келеді.



МЫРЗЫМОВА АРАЙЛЫМ УМИРЗАКОВНА

1990 жылы Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылында дүниеге келген.

1997–2008 жылдар аралығында Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылындағы Ә.Жәмішев атындағы №129 орта мектепте білім алып, аталған мектепті тәмамдаған.

2008–2012 жылдары Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша жоғары білім алған. Еңбек жолын 2013 жылы бастап, 2013–2016 жылдар аралығында баспа және медиа саласында қызмет атқарып, «Мектеп ұстаздары», «Сыр мектебі» басылымдарында тілші және редактор болып жұмыс істеген.

2016 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етіп келеді.

Педагогикалық қызметі барысында білім алушылардың сапалы білім алуына, пәнге деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөліп келеді. Сабақ үдерісінде заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, оқушылардың сауатты жазу, еркін ойлау және шығармашылық іздену дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізуде. Баспа және медиа саласында жинақтаған тәжірибесін педагогикалық қызметімен ұштастыра отырып, білім алушылардың тілдік сауаттылығын арттыруға және олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға өз үлесін қосып келеді. Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ізденімпаз әрі тәжірибелі педагог ретінде кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіріп, білім беру саласына өз үлесін қосып келеді.

РУССКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА



ЗЕЛЕНКОВА ТАТЬЯНА ИВАНОВНА

Родилась в 1967 году. В 1914 году закончила сш. №4 и поступила в пединститут имени Н.В.Гоголя на факультете филологии по специальности учитель русского языка и литературы в русском отделение. В1988 году закончила институт и устроилась на работу в школу-гимназию №1 имени К.Мухамеджанова. В 1988 году вышла замуж. С1989-1991г находилась в декретном отпуске. В 1992 году вышла на работу в школу-лицей №5 имени И.В.Панфилова так, как школа-гимназия №1 имени К.Мухамеджанова стала полностью школой с казахским языком обучение.

Татьяна Ивановна – опытный, творчески работающий учитель. Обеспечивает усвоение учебной программы всеми учащимися, воспитывает сознательную дисциплину, ответственное отношение к учебе. Для учителя характерно четкое построение уроков, их нацеленность на конечный результат, создание благоприятных морально-психологических условий для обучения и воспитания учащихся. В совершенстве владеет методикой преподавания предмета.

Ее ученики были неоднократными победителями городских олимпиад по русскому языку и литературе, областных олимпиад и научных проектов по предмету. Ежегодно ученики Татьяны Ивановны принимают участие в интеллектуальных дистанционных олимпиадах по русскому языку и литературе, занимая призовые места - «Русский медвежонок», «КИО», «Ак Бота».

Долгое время тесно сотрудничала с Институтом повышения квалификации: давала открытые уроки в областном и городском масштабах.

Зеленкова Татьяна Ивановна прошла курсы повышения квалификации учителей по обновленной программе 1 Продвинутого уровня, курсы по обучению школьных тренеров, курсы по Программе обновленного содержания.

Татьяна Ивановна является составителем авторских программ: «Сложные случаи пунктуации», «Лексикология русского современного языка».

Татьяна Ивановна является соавтором сборника «Такие разные уроки».

Татьяна Ивановна часто публикует свои уроки и педагогические статьи на страницах республиканских журналов, является составителем авторских программ по предмету.

Награды и достижения

1. Диплом 1 степени за участие в Республиканской дистанционной Олимпиаде для учителей по русскому языку (КИО)- 2016 год
2. Диплом за 1 место во 2 туре Республиканской Олимпиады по русскому языку и литературе- Филатова Ю.- 2016 год
3. Диплом за 3 место во 2 туре Республиканской Олимпиады по русскому языку (Ни Юлия)- 2016 год
4. Диплом за 1 место во 2 туре Республиканской Олимпиады по русскому языку –ЖумжуминаКамила - 2016 год
5. Диплом за 3 место во 2 туре Республиканской Олимпиады по русскому языку и литературе- ЖумжуминаКамила - 2017 год.
6. Грамота от ГОР ОО за участие в августовской конференции - 2016 год
7. Благодарственное письмо от партии «НурОтан - 2017 год.
8. Благодарственное письмо за 1место во 2 туре Республиканской олимпиады по русскому языку и литературе (Филатова Ю.) - 2017 год
9. Диплом за 1 место от Научно-методического центра «ZIAT” за участие в Республиканском педагогическом конкурсе «Открытый урок» - 2017 год
10. Диплом за 2 место во 2 туре Республиканской Олимпиады по русскому языку и литературе -Филатова Ю. - 2018 год
11. Диплом за 3 место в Областной Олимпиаде по русскому языку и литературе - Филатова Ю.- 2019 год
12. Сертификат за участие в 3 туре Республиканской Олимпиады по русскому языку и литературе (Филатова Ю.) -2019 год
13. Диплом 1 степени от Республиканского научно-практического центра «Дарын» за участие в дистанционной Олимпиаде по русскому языку «Педстарт»-2019 год
14. Диплом за 3 место во 2 туре Республиканской Олимпиады по русскому языку и литературе - ЖумжуминаКамила - 2018 год
15. Благодарственное письмо АО НЦПК «ӨРЛЕУ» - 2019 год
16. Благодарственное письмо от республиканского журнала «Білімжетістіктері»- 2018 год

17. Благодарственное письмо от Кызылординского государственного университета имени Коркыт-ата за участие в конкурсе сочинений –эссе «Поколение NEXT: выбор профессии» - Ни Юлия (1 место), Шакиров Фарух (2 место)- 2019 год
18. Грамота -2 место в лингвистической Олимпиаде (Ворчилова Дарья, 8 класс)- 2020 г.
19. Дистанционная Олимпиада по русскому и литературе ("Дарын-он-лайн" 1 место) -июнь 2020 год.
20. Диплом 1 степени за участие в Республиканской интернет-олимпиаде (ККО) по русскому языку - Безмельницев Даниил, 8 класс -2020 год
21.Диплом за 1 место в областной Олимпиаде по русскому языку и литературе- Глаголев Даниэль, 6 класс - 2020 год.
22.Диплом за 2 место в Республиканской Олимпиаде по русскому языку и литературе- Глаголев Даниэль, 6 класс - 2020 год.
23. Грамота за 2 место в КИО по русскому языку-ЗинуринкызыАкнур, 8 класс - 2021 год.
24.Диплом за 1 место в международном конкурсе "Языкознание для всех"-Рахматбаев Таир, 6 класс - 2021 год.
25. Диплом за 1 место в международном конкурсе "Языкознание для всех"-Безмельницев Даниил, 9 класс - 2021 год.
26. Грамота Министра Образования РК А. Аймагамбетова-2021 год
27. Диплом за участие в городском конкурсе чтецов –Альянова Дарья- 2 место,2022 год
28.Диплом за участие в городском конкурсе сочинений-эссе «Письмо герою-панфиловцу»- Альянова Дарья, 1 место,2022 год
29. Диплом за 2 место в предметной городской олимпиаде по русскому языку-Ворчилова Дарья, 10 класс.-2022год
30. Диплом за 3 место в предметной городской олимпиаде по русскому языку-Барабанова Александра-2022год
31.Диплом за 3 место в Республиканском Областном конкурсе научных проектов по русскому языку-Сыдыкова Зере, 10 класс, 2022 год
32.Диплом за 3 место в Республиканской Городской олимпиаде по русскому языку и литературе - Орехова Полина, 10 класс ,2023 год
33.Диплом за 2 место в Республиканской Городской олимпиаде по русскому языку и литературе- Ворчилова Дарья , 11 класс, 2023 год
34.Диплом за 1 место в Республиканской Городской олимпиаде по русскому языку и литературе- Абдуллина Амина, 9 класс,2024 год.
35. Диплом за 2 место в Республиканской Областной олимпиаде по русскому языку и литературе- Абдуллина Амина, 9 класс,2024 год.
36.Абдуллина Дина-1 место в городской Олимпиаде по русскому языку и литературе – 5 класс, 2024 год
37.Абдуллина Дина-3 место в Республиканской Областной олимпиаде по русскому языку и литературе- 5 класс,2024 год.
38.Грамота Городского Отдела образования ко Дню Независимости РК за № 13979
39. Диплом за 1 место в Республиканской Городской олимпиаде по русскому языку и литературе- Абдуллина Амина, 10 класс,2025 год.
40. Диплом за 3 место в Республиканской Областной олимпиаде по русскому языку и литературе- Абдуллина Амина, 10 класс,2025 год.
41. Абдуллина Дина-3 место в Республиканской Городской олимпиаде по русскому языку и литературе- 6 класс,2025 год.



УРАЗОВА ГУЛМИРА КАБЛАНБЕКОВНА

Родилась в 1969 году ,закончила среднюю школу № 5 им. И.В.Панфилова в 1986 году, поступила в Кызылординский педагогический институт им. Н.В.Гоголя на филологический факультет по специальности «учитель русского языка и литературы», который закончила в 1991 году. В этом же году принята на работу в качестве учителя русского языка в среднюю школу №2 им. В.И.Ленина. В 1993 стала учителем русского языка в школе-лицее № 5 им. И.В.Панфилова.

Педагогическое кредо учителя: «Вечным законом да будет : учить и учиться всему через примеры., наставления и применение на деле». Ян Амос Коменский.

Гулмира Кабланбековна – опытный, творчески работающий учитель. Обеспечивает усвоение учебной программы всеми учащимися, воспитывает сознательную дисциплину, ответственное отношение к учебе. Для учителя характерно четкое построение уроков, их нацеленность на конечный результат, создание

благоприятных морально-психологических условий для обучения и воспитания учащихся. В совершенстве владеет методикой преподавания предмета.

Ее ученики были победителями олимпиад по русскому языку и литературе. Ежегодно ученики Гулмиры Кабланбековны принимают участие в интеллектуальных дистанционных олимпиадах по русскому языку и литературе, занимая призовые места - «КИО», «Ак Бота».

Уразова Гулмира Кабланбековна прошла курсы повышения квалификации учителей по обновленной программе 1 Продвинутого уровня, курсы по обучению школьных тренеров, курсы по Программе обновленного содержания.

Гулмира Кабланбековна часто публикует свои уроки и педагогические статьи на страницах республиканских журналов.

За свой педагогический стаж были следующие достижения:

2020 г Құрмет Грамотасы «Өрлеу» **.**

2021 г. Құрмет Грамотасы Қалалық кәсіподақ комитетінің төрайымы О.Алимбетова .

2019 г. – «Алтын адам» – сертификат за участие в конкурсе эссе**.**

2019 г. – благодарность от гуманитарно-педагогического института и кафедры русского языка и литературы КГУ имени Коркыт Ата за активное участие в проведении семинара-тренинга на тему «Новые подходы в методике преподавания русского языка и литературы».

2021 г Алғыс хат от партии «Nur Otan» .

2022 г. - Құрмет грамотасы от Профсоюза Городского Отдела Образования .

2022 г. - Құрмет грамотасы от Института Повышения Квалификации Учителей «Өрлеу» **.**

2022 г. – диплом от Алматинского Республиканского Педагогического журнала «Білім әлемі» за подготовку будущих кадров в рамках повышения педагогического мастерства.

2021 г. – 3 место в городской предметной олимпиаде по русскому языку и литературе (Егорова Ирина – 10 класс) **.**

2022 г. 3 место в городской предметной олимпиаде по русскому языку и литературе (Айганова Ангелина – 11 класс) **.**

2017 г. – внутришкольные курсы по образовательной программе профессионального развития педагогических кадров в общеобразовательных школах «Рефлексия в практике», разработанной АОО НИШ.

2018 г. Окончила курсы по образовательной программе повышения квалификации педагогических кадров по предмету «Русский язык и литература» в школах с казахским языком обучения в рамках обновления содержания среднего образования РК.

2020 г. – окончила курсы по образовательной программе повышения квалификации педагогических кадров «Разработка и экспертиза заданий для оценивания» по предметам «Русский язык» и «Русская литература» в школах с русским языком обучения. Филиал центра педагогического мастерства Республики Казахстан **.**

2021 г. – курсы повышения квалификации на тему «Развитие цифровых компетенций педагога». «Өрлеу» **.**

2022 г. – публикация в республиканском педагогическом журнале «Русский язык и литература». Тема «Эффективность применения инновационных технологий на уроке русского языка и литературы».

2022 г. – диплом от Алматинского Республиканского Педагогического журнала «Білім әлемі» за подготовку будущих кадров в рамках повышения педагогического мастерства.

2022 г. – сертификат от журнала «Білім әлемі» **.**

2023 г.-Алгыс хат от института повышения квалификации “Орлеу”-

2024 г.- 2 место в областном туре олимпиады по русскому языку среди учащихся 5-6 классов (Югай Константин-6 класс).

2025 г.- 3 место в городском туре олимпиады по русскому языку среди учащихся казахской школы (Болатбек Анель-9 класс).

Является учителем-экспертом.

ФАЗЫЛОВА ЖАМИЛА САРСЕНБАЕВНА



Родилась 9 марта 1970 года в городе Кызылорда. По национальности — казашка.

Жамила Сарсенбаевна имеет высшее педагогическое образование. В настоящее время ей присвоена квалификационная категория **«педагог-исследователь»**.

Общий трудовой и педагогический стаж Жамилы Сарсенбаевны составляет 34 года, из которых все 34 года она непрерывно трудится в одном коллективе — учителем русского языка и литературы в КГУ «Школа-лицей №5» города Кызылорда.

Фазылова Ж. С. — опытный, преданный своему делу педагог, отличающийся высоким профессионализмом и творческим поиском. В преподавании русского языка и литературы она эффективно использует современные педагогические технологии (технологию развития критического мышления, проектное обучение, ИКТ и методы дифференцированного

обучения). Ее уроки проходят на высоком научно-методическом уровне, что способствует повышению интереса учащихся к предмету и обеспечивает высокое качество знаний.
Под руководством педагога проводится системная работа по развитию языковой компетентности, культуры речи и функциональной грамотности учащихся. Через анализ произведений русской и мировой классической литературы на уроках Жамилы Сарсенбаевны у учащихся формируются духовно-нравственные ценности.
За годы работы Жамила Сарсенбаевна подготовила множество победителей и призеров предметных олимпиад, научных проектов и интеллектуальных конкурсов:

- Конкурс научных проектов «Зерде»:

Кенжебекқызы Жанель — 1-е и 3-е места (2022–2023 учебный год).

- Областные и вузовские олимпиады:

Областная лингвистическая олимпиада: Великова Ксения — 2-е место (2021 год).
Предметная олимпиада Кызылординского университета имени Коркыт Ата для выпускников 11-х классов: Великова Ксения — 2-е место, Сайко Екатерина — 3-е место (2021 год).
Выпускница Великова Ксения стала обладателем государственного образовательного гранта Казахского национального педагогического университета имени Абая по специальности «Учитель русского языка» (2021 год).

- Городской этап Республиканской олимпиады по русскому языку и литературе:

2022–2023 учебный год: Кенжебекқызы Жанель — 3-е место;
2024–2025 учебный год: Викторова Елизавета — 3-е место, Қолқанат Күнсулу — благодарственное письмо (Алғыс хат);
2025–2026 учебный год: Суровикина Арина — 2-е место.

- Интеллектуальная олимпиада «Акбота»:

В период 2023–2026 гг. призерами олимпиады стали 20 учащихся.
Многолетний добросовестный труд и вклад Жамилы Сарсенбаевны в развитие сферы образования отмечены наградами (почетными грамотами/благодарностями) Акима области в 2013 и 2016 годах.

КУЗЕМБАЕВА РОЗА АСЫЛБЕКОВНА



Родилась 21 августа 1974 года в городе Кызылорда. По национальности – казашка.
В 1991 году закончила среднюю школу №3 имени К.Е. Ворошилова. В том же году поступила в Кызылординский педагогический институт им. КоркытАта на филологический факультет по специальности «Русский язык и литература». В 1995 году закончила данный вуз, получила диплом с отличием. В 2020 году поступила в магистратуру КУ им. Коркыт Ата по специальности «7 М01722 - Русский язык и литература». В 2022 году закончила обучение с G-3,85 и получила степень магистра педагогических наук.
С 17 октября 1995 года работает в школе-лицее №5 имени И.В. Панфилова. Стаж работы составляет 31 год. В 2018 году получила высшую квалификацию «Учитель-мастер». В 2024 году подтвердила данную квалификацию.
Кузембаева Роза Асылбековна работает в школе-лицее № 5 с 1995 года. Прекрасно владеет как содержанием своего предмета, так и современными технологиями и методами его преподавания. Она обладает всеми необходимыми учителю качествами: требовательностью к себе и ученикам, умением общаться с детьми, стремлением к самосовершенствованию, яркой индивидуальностью.
Как педагог-наставник, активно сотрудничает с Кызылординским университетом имени Коркыт Ата, Кызылординским Гуманитарным колледжем имени М. Маметовой, принимая участие в конференциях, семинарах по подготовке студентов к практике, экзаменах в качестве члена госкомиссии.
Роза Асылбековна активно участвует в проведении открытых и панорамных уроков, уроков-онлайн для слушателей ИПК и образовательных учреждений, выступает с докладами на городских и областных совещаниях, является рецензентом дипломных работ студентов филологического факультета КУ им. Коркыт Ата, сотрудничает с областным департаментом культуры и развития языков, с областным центром по подготовке к олимпиадам и дополнительного образования.
Ученики Кузембаевой Р. А. - призеры городских, областных, республиканскихи международных олимпиад по русскому языку и литературе, областной и республиканской олимпиады научных проектов, неоднократные победители интернет- и дистанционных олимпиад, таких как: «КИО», «Ак Бота», «Русский медвежонок», «Познание и творчество», «Инфоурок», «Мета-школа».
Уроки Кузембаевой Р.А. отличаются методической продуманностью, использованием нетрадиционных методов обучения, положительным эмоциональным настроем. Со статьями об опыте работы и научных изысканиях публиковалась на страницах газет и журналов.

Роза Асылбековна – добросовестный, принципиальный, требовательный к себе и людям человек. Она всегда болеет за интересы школы, предана своему делу.
В 2024 году награждена нагрудным знаком «Ы. Алтынсарин» за значительные достижения в образовании и воспитании молодого поколения.
В 2022 году – обладатель нагрудного знака «Білім беру ісінің құрметті қызметкері».
В 2020 году награждена Почетной грамотой Президента РК К.-Ж. Токаева за заслуги в государственной и общественной деятельности, вклад в социально-экономическое и культурное развитие страны и укрепление дружбы и сотрудничества между народами.
Педагогикалық тәжірибемді тарату және кәсіби даму бағытында түрлі сертификаттармен, алғыс хаттармен және дипломдармен марапатталдым. Сонымен қатар білім беру саласындағы заманауи бағыттарға арналған іс-шаралар мен кәсіби жұмыстарға белсенді қатысып келемін.
2024-2025 «Педстарт»республикалық байқауы 3-орын диплом, құрмет грамотасы 2025–2026 оқу жылында дайындаған оқушыларым «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында I, II және III орындарға ие болды. Оқушылардың жетістіктері мен білім нәтижелерін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келемін.

Педагогикалық қызметімде оқушылардың пәндік білімін тереңдетуге, ағылшын тілін практикалық тұрғыда қолдану дағдыларын қалыптастыруға, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға басымдық беремін. Сабақ барысында заманауи білім беру технологияларын, цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға көңіл бөлемін.

Кәсіби шеберлігімді үнемі жетілдіріп, педагогикалық тәжірибемді тарату және білім алушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау бағытында жүйелі түрде жұмыс жасап келемін.

ТАРИХ ПӘНІ БІРЛЕСТІГІ



ТАЖМАГАНБЕТОВ БАХЫТЖАН АНУАРОВИЧ

1975 жылы 16 шілдеде Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қызылорда қаласындағы №70 орта мектепті 1992 жылы бітірген. 1992-1996 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінің «Тарих» факультетінде жоғары білім алған. 1996 жылы оқуды бітірген соң, өзім оқыған №70 мектепке тарих пәнінің мұғалімі ретінде қызметке тұрдым.1997 жылы күзде әскер қатарына шақырылып, борышымды өтеді. 1999 жылдан бері И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде тарих пәнінің мұғалімі ретінде ұстаздық етіп келеді. Мектеп қабырғасында жүріп қоғамдық іс-шараларға белсене араласады. Сынып жетекшісі ретінде алғашқы түлектері 2007 жылы үлкен өмірге қанат қақты. Педагог-зерттеуші

1. КУӘЛІК «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Оқу үдерісі және ЖИ: генеративті модельдер мен промт-инжиниринг өнері» бағдарламасы бойынша онлайн оқудан өтті. 05.11.2025 ж.
2.СЕРТИФИКАТ DARYN USTAZ Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы, 80 академиялық сағат , 10-24.12.2025 ж.
3.СЕРТИФИКАТ «ALEM» Педагогикалық Инновациялар Орталығы ЖШС «Жасанды интеллект-мұғалімнің шабыты мен шығармашылығының кілті» 24-25.12.2025 ж.
4.СЕРТИФИКАТ Қызылорда ПШО 18.05-29.05.2026 ж. «Негізгі мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі» 80 сағат.
5.ДИПЛОМ «Білім педагогикалық шығармашылық орталығы» ұйымдастыруымен өткен «Білікті ұстаз» педагогтердің республикалық олимпиадасында Тарих пәні бойынша I орын иеленгені үшін.
6. СЕРТИФИКАТ . Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуы және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Дәуірлер тоғысындағы Сыр өңірі: тарих және тағылым» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысқаны үшін. Қызылорда қаласы, 17.10.2025 жыл
7. СЕРТИФИКАТ . «Смағұл Сәдуақасұлы және заманауи білім беру құндылықтары» тақырыбында өткен Халықаралық конференцияда іс-тәжірибе бөліскені үшін, Астана, 2025 жыл
8. II дәрежелі Диплом Профессор Е.Бекмаханұлының өмірі мен ғылыми мұрасын насихаттау мақсатында мұғалімдер арасында Қазақстан тарихы пәнінен ұйымдастырлған YIII Республикалық қашықтық олимпиадасы. Алматы қаласы, 13.03.2026 ж.
9. СЕРТИФИКАТ . «Білікті ұстаз-дарынды шәкірт ҚР педагогтерінің шығармашылық-әдістемелік орталығының ұйымдастырумен өткізілген «Білім берудегі жасанды интелектінің рөлі» атты I

Республикалық конференцияға қатысып, сөз сөйлеп, өзінің іс-тәжірибесін педагогтер арасында кеінен таратып білімнің жаңа даму саласына үлесін қосқаны, сонымен қатар педагогика саласында жақсы дәрежеде жұмыс жасағаны үшін 2026 жыл

10. ДИПЛОМ II Республикалық «Шебер педагог» педагогикалық олимпиадасына қатысып, жоғары кәсіби шеберлік танытқаны , педагогикалық білім мен тәжірибесін тиімді қолдана білгені үшін Қазақстан тарихы пәнінен I орын алған үшін. Астана 2026 ж.

11. II Дәрежелі ДИПЛОМ –ҚР Оқу –ағарту Министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК. «IQLab» республикалық эвристикалық онлайн олимпиадасында жоғры нәтиже көрсете білгені үшін, 2026 жыл



АХМЕТОВА АЙГУЛ ЖӘНІБЕККЫЗЫ

Ахметова Айгүл Жәнібекқызы Қызылорда қаласындағы «Сейхун» институтын 2000 жылы тарих пәні мамандығы бойынша тәмамдап, сол жылы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде еңбек жолын бастады. 2008–2010 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Педагогика ғылымдарының магистрі» дәрежесін алды. Жиырма бес жылға жуық педагогикалық еңбек өтілі барысында сынып жетекшісі, директордың бағдарлы оқыту жөніндегі орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тарих пәні бірлестігінің жетекшісі қызметтерін атқарып, білім беру саласында мол тәжірибе жинақтады. Қазіргі таңда тарих пәнінің мұғалімі ретінде кәсіби ізденісін жалғастырып келеді.

Айгүл Жәнібекқызы – білімін үнемі жетілдіріп, заманауи педагогикалық технологияларды оқу үдерісіне тиімді енгізіп жүрген тәжірибелі ұстаз. Кәсіби қызметі барысында қалалық және облыстық деңгейдегі бірқатар марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, 2013 жылы «Үздік тарих пәні мұғалімі» қалалық байқауында III орын иеленді. 2015 жылы «Білім шыңы» төсбелгісімен марапатталып, тарих пәні мұғалімдері арасында ұйымдастырылған Е.Бекмахановтың 100 жылдығына арналған педагогикалық оқу байқауында II орын алды. Сонымен қатар білім саласындағы еңбегі үшін Қызылорда қалалық білім бөлімінің, облыс және қала әкімдіктерінің, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының және басқа да ұйымдардың алғыс хаттары мен құрмет грамоталарына ие болды. 2016 жылы қала әкімінің грантын иеленді.

Ұстаздың кәсіби тәжірибесі мен әдістемелік ізденістері де жоғары бағаланып келеді. Әдістемелік материалдар мен сабақ жоспарларын республикалық білім беру порталдарына жариялап, тәжірибе алмасуға белсенді қатысқан. 2018 жылы «Адам. Қоғам. Құқық» пәнінен республикалық КИО олимпиадасында II орын, «Ұлы даланың жеті қыры» КИО олимпиадасында I орын иеленді. 2019 жылы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Тарих-ата» республикалық олимпиадасында жүлдегер оқушыларды дайындағаны үшін алғыс хатпен марапатталды. 2020 жылы «Менің кіші Отаным» республикалық интеллектуалдық конкурсының облыстық кезеңінде қазылар алқасының мүшесі болды.

Айгүл Жәнібекқызының жетекшілігімен оқушылары да түрлі республикалық және қалалық олимпиадаларда, ғылыми жобалар мен интеллектуалдық байқауларда жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. 2016 жылы Қазақстан тарихы пәнінен жалпықазақстандық қашықтық олимпиадасында Кемаладинова Аружан, Сейтназарова Жанерке, Байниязова Камила, Қосан Ақтолқын және Қалдар Ұлпан I дәрежелі дипломдармен марапатталды. Сол жылы Қалекешова Дана республикалық олимпиаданың II кезеңінде III орын иеленді.

2018 жылы «Тарих-ата» республикалық қашықтық олимпиадасында Көбекбай Мағжан, Біржанұлы Ерасыл, Рахмжан Аружан, Есенбек Камила, Ғани Еңілік және Тұрсынбек Ердәуір I дәрежелі, Қашақбай Нұртөре, Бекхожаева Үміт, Байымбетова Асем және Кемаладинова Аружан II дәрежелі, Бақытжан Қанат, Басанов Диас, Рахмжан Әділжан және Нұрлыбек Нұрай III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Қалекешова Дана республикалық олимпиаданың II кезеңінде III орын иеленді.

2019 жылы ҚИО республикалық қашықтық олимпиадасында Алтынбек Нұрасыл I орын, Байниязова Камила II орын, Әбдрахман Аружан, Дастан Жанель, Басанов Диас және Асқарбекова Сағыныш III орын иеленді. Сол жылы Қалекешова Дана Қазақстан тарихы пәнінен республикалық олимпиаданың II кезеңінде II орын алды.

2021–2022 жылдары «Тарих-ата» республикалық қашықтық олимпиадасының қорытынды кезеңдерінде де оқушылары жүлделі орындарға ие болды. 2021 жылы Әкпар Аяулым II дәрежелі, Арыстанбек Нұрай III дәрежелі дипломмен марапатталса, 2022 жылы Алмат Нұрдаулет I дәрежелі, Барақбай Нұрсезім, Арыстанбекқызы Нұрай, Есенбек Нұрбақыт, Жеткербай Айболат, Нұрлыханов Нұрислам, Махамбеталиев Әділет және Абайұлы Нұрасыл II дәрежелі дипломдарға ие болды.

Ұстаздың жетекшілігімен оқушылар ғылыми-зерттеу бағытында да нәтижелі жұмыстар атқарып келеді. «Алтын Орда – 750 жыл» тақырыбындағы қалалық ғылыми жобада 9 «А» сынып оқушысы Қосан Ақтолқын I орын иеленсе, «Сауысқандық петроглифтері – ежелгі өнер галереясы» тақырыбындағы ғылыми жобада II орын алды. «Менің кіші Отаным» республикалық интеллектуалдық конкурсының қалалық кезеңінде «Менің туған жерім» номинациясы бойынша 10 «А» сынып оқушысы Әбдрахман Аружан II орын иеленді.

Айгүл Жәнібекқызы – тарих пәнін оқытуда оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға ерекше мән беретін, кәсіби шеберлігі мен педагогикалық тәжірибесін ұдайы жетілдіріп келе жатқан білікті ұстаз. Оның шәкірттерінің түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен ғылыми жобалардағы жетістіктері – ұстаз еңбегінің нәтижелі екенін көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі.



ШАЙХУТДИНОВА ВИКТОРИЯ ФАУИСОВНА

1987 жылғы 15 ақпанда Қызылорда қаласында дүниеге келген.
1994 жылы Қызылорда қаласындағы №173 орта мектептің 1-сыныбына қабылданып, 2005 жылы осы мектепті бітірді.
Сол жылы «Болашақ» университетіне оқуға түсіп, 2010 жылы тәмамдады.
2006 жылдың қыркүйегінен 2014 жылға дейін А. Молдагулова атындағы №173 орта мектепте жұмыс істеді.
2014 жылдан 2016 жылға дейін П. Д. Осипенко атындағы №8 орта мектепте жұмыс істеді.
2016 жылдың қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін И. В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді.

2021 гҚалалық байқау « Алғыс жүректен шығады» II орын Оңталапқызы Мунира
2022 ж. Республикалық зияткерлік байқауы 1- кезен « Менің шағын Отаным» IIорын Ергешпаева Угилжан
2023 г I орын дипломы за қатысқаны в Республиканском конкурсе «Тарих ата2023» Зулкарнай Жания.
2021 ж. Қала әкімінің Алғысы Налибаева Н. 2021гҚұрмет грамотасы «Өрлеу»
2021г III орын дипломы «Үзлік зайырлық және дінтану негіздері пәні мұғалімі»
2021гI дәрежелі диплом « Кемеңгер ұстаз-2021» КИО
2022гҚұрмет грамотасы «Өрлеу» 2022-2023
Республикалық зияткерлік байқауы 1- кезен « Менің шағын Отаным» IIорын Ергешпаева Угилжан I орын дипломы за қатысқаны в Республиканском конкурсе «Тарих ата2023» Зулкарнай Жания. 2023-2024
Республикалық байқау «Ақбота» II орын дипломы. Ганиулы Альтаир
Республикалық байқау «Ақбота» III орын дипломы Бурибаева Акнур
Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі Диплом II құқық негіздері Жумабеков Куаныш
Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі Диплом III құқық негіздері Шамшидин Ерасыл
2024-2025 Республикалық ұстаздар арасында «Үздік Педагог» - 2024 атты байқауында «Үздік сабақ жоспары» номинациясы бойынша Диплом I орын
«Үздік мақала» дипломы Алматы Ұстаз шапағаты
«Ақбота» II орын дипломы Нысанбаева Диляра, Ерболат Аяулым. III орын дипломы Сейлхан Енилик, Юн Давид, Отегенов Саламат. I орын дипломы Сарсенбаев Бексултан,Нурсултаекызы Каусар.
«Ақбота. Лидер 21 ғасыр» I орын дипломы Гатиятсыныплин Айрат.
«Тарих Ата» III орын дипломы Куандык Саид,Кан Альбина, Калинина Злата, Гатиятуллин Айрат
2025-2026
«Рухани сабақтастық: ұлт тарихының тұтастығы» тақырыбында қалалық панорамалық сабақ байқауы 3 орын

«Дәуірлер тоғысындағы Сыр өңірі: тарих және тағылым» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ҚМУ Қорқыт Ата
Сертификат
Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың Қазақстан тарихы мен Құқықтану негіздері пәндері бойынша олимпиаданың ұйымдастыру жұмыстарына қатысқаны үшін ҚББ. Анықтама «Менің шағын Отаным» атты интеллектуалдық байқауының облыстық кезеңінде әділ - қазылар мүшесі «Дарын» Анықтама
Жалпы білім беру ұйымдарының 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың екінші қалалық кезеңінде әділқазы мүшесі ҚББ Анықтама
«Менің отанымa - менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауы, «Мен – Қазақстанның азаматымын» ҚББ 2 орын
«Тарих Ата» Картпанбет Айару, 5 сынып Дарын . 1 орын «Тарих Ата» Акылбек Инкар, 5 сынып Дарын 2 орын «Тарих Ата» Кайрбек Аяулым, 5 сынып Дарын 3 орын
Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы "Ақбота" зияткерлік олимпиадасы Тлеубергенов Эмир, 5сынып Дарын 1 орын. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы "Ақбота" зияткерлік олимпиадасы Сапар Динмухаммед, 5сынып Дарын 3 орын. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы "Ақбота" зияткерлік олимпиадасы Жакай Жанадил, 7сынып Дарын 2 орын
Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы "Ақбота" зияткерлік олимпиадасы Ушаков Тимофей, 5сынып Дарын 1 орын. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы "Ақбота" зияткерлік олимпиадасы Кенжебек Медина, 5сынып Дарын 1 орын. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы "Ақбота" зияткерлік олимпиадасы Кан Альбина, 7сынып Дарын. 2 орын «Менің шағын Отаным» атты республикалық интелектуалдық конкурсы «Менің өлкемнің символдары» Инюшин Игнат, 9сынып ҚББ 3 орын
Жалпы білім беретін пәндер бойынша «Құқық негіздері» пәні бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі Жумабек Нуртас, 10 сынып ҚББ 2 орын
"Ақбота" Гатиятуллин Айрат, 5сынып МИОЦ «Лидер 21 века » 1 орын
Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы "Ақбота" зияткерлік олимпиадасы Сарсенбаев Бексултан, 7сынып Дарын 1 орын. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы "Ақбота" зияткерлік олимпиадасы Нысанбаева Диляра, 5сынып Дарын 2 орын.Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы "Ақбота" зияткерлік олимпиадасы Отегенов Саламат, 6сынып Дарын 3 орын
Жалпы білім беретін пәндер бойынша «Қазакстан тарихы» пәні бойынша Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі Тлеубергенов Эмир, 5сынып ҚББ 2 орын.
Курстар: 26.03.2026. «Педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін дамыту: тарихты оқытудың тиімді тәжірибелері және құқық негіздері» ПШО.№ 176487. 05.02.2025 «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу» UmtulAcademy # 013968 . 22.12.2025 «Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар және оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Daryn Ustaz №28462.



ҚОЙШЫБАЕВА АЛТЫН БОРАНБАЙҚЫЗЫ

Қойшыбаева Алтын Боранбайқызы 1983 жылы Қармақшы ауданы Ақжар ауылында дүниеге келген. 2004 жылы Қорқыт Ата атындағы ҚМУ тарих факультетін үздікке тамамдап, И.В.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейде 2020 жылдан бастап тарих пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарады. 2025 жылы «Смағұл Сәдуақасұлы және заманауи білім беру құндылықтары» тақырыбында өткен Халықаралық конференцияда іс-тәжірибе бөлісті. 2025 жылы 3 желтоқсанда Өрлек АҚ ұйымдастарған Қазіргі мектептегі инновациялар: Тарих және құқық негіздерін оқытудағы функционалдық сауаттылық. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияда тәжірибе бөлісті. «Білім педагогикалық шығармашылық орталығы» **«Білікті ұстаз»** педагогтердің республикалық қашықтық олимпиадасының жүлделі 1 орын иегері. Өрлеу АҚ ұйымдастырған «Үздік цифрлық сабақ 2025» тарих және құқық негіздері пәні мұғалімдерінің облыстық байқауының қатысушысы.
2025-2026 оқу жылында Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналаған Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Жаканов Саят 8 «Б» сынып **III орын** иеленгенді.

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы. Жалпы білім беретін мектептерге арналған АҚБОТА зияткерлік олимпиадасының жүлдегерлері 9 сынып Әбілжан Айзере, Садық Роза, Кемел Көркем, Мирамбекова Жания. 8 сынып Барақбай Ризат, Зұлқарнай Жания, Хұлымбет Нұрай. 5 сынып бойынша Асхат Әкімжан, Оразбек Нариман, Саламат Нұрперзент Арыстанбек Раяна, Серік Ерасыл, Зейнолла Нұрәлі жеңімпаз болды.



МҰХТАРБАЕВА ГҮЛШАТ НЫШАНБЕККЫЗЫ

Мен, Мұхтарбаева Гүлшат Нышанбеккызы 1990 жылдың 3 желтоқсанында дүниеге келдім. Жоғары білімімді «Болашақ» университетінде алып, 2013 жылы «Тарих пәні мұғалімі» мамандығы бойынша жоғары оқу орнын тәмамдадым.

Еңбек жолымды білім беру саласымен байланыстырып, қазіргі таңда №5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі қызметін атқарып келемін. Жалпы педагогикалық еңбек өтілім – 4 жыл, лауазымдық еңбек өтілім – 4 жыл. Қазіргі біліктілік санатым – модератор, санатты 2025 жылы алдым.

Мектепте Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері және Дінтану бағыттары бойынша сабақ беремін. Өз мамандығымды жақсы көріп, оқушылардың тарихи танымын қалыптастыруға, олардың білімге деген қызығушылығын арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлемін.

Кәсіби білімімді жетілдіру мақсатында бірқатар біліктілікті арттыру курстарынан өттім. Атап айтқанда, 2022-2023 жылдары «Зайырлық және дінтану негіздері», 2023-2024 жылдары «Инклюзивное обучение», 2024-2025 жылдары «Тарих және құқық негіздерін оқытудың инновациялық әдістері», сондай-ақ «Дін мәселесі бойынша білікті маман» тақырыптарында курстардан өттім.

Педагогикалық қызметім барысында түрлі кәсіби байқаулар мен конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. 2022-2023 оқу жылында қазақтың ұлы тұлғасы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың 110 жылдығына арналған «Аңыз адам – Жаңа Қазақстанның ұлы тұлғасы» тақырыбындағы тарих пәні мұғалімдерінің қалалық конференциясында I орын алдым. 2023-2024 оқу жылында ұстаздар арасында ұйымдастырылған қалалық дебатта «Ұлттық валюта – тәуелсіздік кепілі» тақырыбы бойынша II орын иелендім.

2024-2025 оқу жылында педагогтердің республикалық «Білікті ұстаз» олимпиадасында тарих пәні бойынша I орын иелендім. 2025-2026 оқу жылында «Шебер педагог» республикалық педагогикалық олимпиадасында Қазақстан тарихы пәні бойынша I орын алдым. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы педагогтері арасында өткізілген «Үздік педагог-2026» республикалық байқауында «Үздік педагог» номинациясымен марапатталдым. Еңбегім ескеріліп, 2023-2024 оқу жылында «Құрмет грамотасымен» №009646 марапатталдым. Сонымен бірге «Кітап – достық көпірі» қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің Алғыс хатына ие болдым.

Ұстаздық қызметімдегі басты мақсатым – сапалы білім беру ғана емес, оқушылардың ел тарихын құрметтейтін, ұлттық құндылықтарды бағалайтын, өз ойын еркін жеткізе алатын білімді әрі жауапты азамат болып қалыптасуына ықпал ету.

Оқушыларымның да түрлі олимпиадалар мен танымдық байқауларда жетістіктерге жетуі – мен үшін үлкен мақтаныш. 2022-2023 оқу жылында оқушыларым Қазақстан тарихы бойынша облыстық пәндік олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болды. Сонымен қатар, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Тарих ата» республикалық қашықтық олимпиадасына қатысып, бірнеше оқушым I және II дәрежелі дипломдармен марапатталды.

2023-2024 оқу жылында оқушыларым «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында жүлделі орындарға ие болып, «Тарих ата» республикалық қашықтық олимпиадасының қорытынды турында бірнеше оқушым I орын иеленді. Қазақстан тарихы бойынша облыстық пәндік олимпиадада оқушым II орын алды.

2024-2025 оқу жылында Қазақстан тарихы пәнінен облыстық пәндік олимпиадада оқушым III орын иеленді. Сондай-ақ «Түркі әлемінің перзенті – Мұстафа Шоқай» тақырыбындағы қалалық танымдық конференцияда оқушым II орын алды.

2025-2026 оқу жылында да оқушыларымның жетістіктері жалғасты. «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында оқушыларым I және III орындарға ие болды. «Тарих ата» республикалық олимпиадасында оқушыларым II

және III орындар, ал жалпы білім беретін пәндер бойынша «Шың» олимпиадасында оқушыларым I және III орындар иеленді.
Мен үшін ұстаздық – үлкен жауапкершілік пен үздіксіз ізденісті талап ететін қасиетті мамандық. Сондықтан алдағы уақытта да кәсіби шеберлігімді арттырып, заманауи оқыту әдістерін тиімді пайдаланып, оқушыларымның білімін тереңдетуге және олардың әрқайсысының қабілетін ашуға бар күш-жігерімді жұмсаймын.



УТЕГАЛИЕВА БОТАГОЗ ГАЛИМГАЛИЕВНА

Утегалиева Ботагоз Галимгалиевна 1985 жылы 15 қазанда Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. 2003-2007 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарих факультетінде «Тарих пәні мұғалімі» мамандығы бойынша білім алды. 2026 жылдан бастап И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейінде тарих пәні мұғаліміболып жұмыс жасап келеді.

Қызылорда облысының Білім басқарамасының Алғыс хатымен (2021), «Атадан-мұра» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «ДАРАБОЗ» V республикалық байқауының Құрмет грамотасымен, «Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім –Қонаев» атты көрмеге белсене қатсықаны үшін Халықаралық Д.А.Қонаев қоғамдық қоры, «Жастар рухы» Жастар қанаты, Еуразия Инновациялық Ғылыми-зерттеу орталығы мен Сыр жастары облыстық жастар ресурстық орталығының Алғыс хатымен (2022), Қызылорда қаласының әкімі А.Шаменовтың Алғыс хатымен (2023); жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде және білім саласын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін Қызылорда қаласы бойынша Білім бөлімінің басшысы Е.Бодановтың Алғыс хатымен (2023); жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың III (облыстық) кезеңінде жеңімпаз шәкірт дайындағаны үшін Қызылорда облысының Білім басқармасының басшысы М.Шермағанбеттің Алғыс хатымен (2023) марапатталды.

Республикалық олимпиаданың II (қалалық) кезеңінде жеңімпаз шәкірт дайындағаны үшін сертификат (2023) иегері, Қазақстан педагогтарының білімін дамыту және қолдау ортағының Құрмет грамотасы (2023) иегері, «Білім педагогикалық шығармашылық орталығы» мен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Үздік ашық сабақ» I Республикалық педагогикалық байқауының I орын (2023) иегері.
Оқушылары Дүние тарихы бойынша Түркияда өткен халықаралық олимпиадалардың жүлделі орын; Республикалық Олимпиаданың облыстық кезеңінің құқық пәні бойынша II, III орын; Республикалық Олимпиаданың қалалық кезеңінде Қазақстан тарихы, құқық пәндері бойынша I , II , III орын; «Тарих ата» республикалық қашықтық олимпиадасы бойынша I , II , III I дәрежелі диплом; «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы бойынша жүлдегер диплом иегерлері.
Түлектері еліміздің және шет елдік университтердің ректорлық және мемлекеттік грант иегерлеі.



ӨМІРБЕК ҚАЙСАР ҚАЙРАТҰЛЫ

1999 жылы 28 сәуірде Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2006 жылы Қызылорда қаласындағы №7 орта мектептің 1-сыныбына қабылданып, 9-сыныпқа дейін білім алған. Мектеп қабырғасында тарих пәніне қызығушылығы артып, ұстазы Нағима Асановнаның үлгісі мен қолдауы болашақ мамандығын таңдауға ықпал еткен.

2015–2019 жылдары И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжінде «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша білім алып, техник-механик біліктілігін алған. Кейін тарих ғылымына деген қызығушылығына байланысты С.М.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «Ғылыми тарих» мамандығы бойынша білімін жалғастырып, археологиялық қазба жұмыстарына қатысқан. Одан әрі Ә.Марғұлан атындағы Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінде «Тарих» мамандығы бойынша білім алып, 2023 жылы бакалавр дәрежесін тәмамдаған.

Студенттік жылдары «Жаңа Қазақстан жағдайында педагогикалық білім беруді жаңғырту» халықаралық конференциясына қатысып, «Оғыз мемлекетінің құрылуы және олардың Еуразияның саяси өміріндегі рөлі» тақырыбында ғылыми мақала жариялаған. Педагогикалық тәжірибесін Павлодар қаласындағы №39 инновациялық орта мектепте жинақтап, заманауи және интерактивті оқыту әдістерін меңгерген.

2023 жылдың 28 қыркүйегінен бастап Қызылорда қаласындағы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде тарих пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді. Қазіргі таңда «педагог-модератор» біліктілік санатына ие.

Педагогикалық қызметі барысында кәсіби шеберлігін жетілдіріп, оқушыларды пәндік және интеллектуалдық олимпиадаларға дайындауда нәтижелі жұмыстар атқарып келеді. 2024 жылы «Жұлдызың жансын, жас маман!» кәсіби байқауында Бас жүлде иеленіп, бірқатар мектепішілік және қалалық деңгейдегі марапаттарға ие болды. 2025–2026 оқу жылында «Білікті ұстаз» республикалық пәндік олимпиадасында I орын алды. Сонымен қатар волейбол жарыстарында жүлделі орындарға ие болып, қоғамдық және спорттық іс-шараларға белсенді қатысып келеді.

Оқушылары да республикалық, облыстық және қалалық деңгейдегі олимпиадаларда жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Атап айтқанда, «Ақбота» интеллектуалдық олимпиадасында, «Тарих ата» республикалық қашықтық олимпиадасында, «Абай» пәндік олимпиадасында және жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадаларда I, II, III дәрежелі жүлделі орындарға ие болған оқушыларды дайындады.

2022–2023 жылдары ғылыми-зерттеу бағытында ізденіс жүргізіп, «Становление государства огузов и их роль в политической жизни Евразии» атты ғылыми мақаласын халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында жариялады. 2026 жылы «Мустафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі: тарихи мұра және жаңғыру» тақырыбында оқу-әдістемелік материал әзірлеп, мектептің әдістемелік кеңесіне ұсынды. Сонымен қатар пікірсайыстарға әділқазы ретінде қатысып, қалалық семинарларда өз іс-тәжірибесімен бөлісіп келеді.

Кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында тарих және құқық пәндерін оқыту, инклюзивті білім беру, жасанды интеллект және цифрлық технологияларды білім беру үдерісінде қолдану бағыттары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

Педагог өз қызметінде тарих пәнін заманауи әдіс-тәсілдер арқылы оқытуға, оқушылардың зерттеушілік, сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше мән береді. Білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, олардың түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен ғылыми-зияткерлік байқауларда жетістікке жетуіне жүйелі түрде жетекшілік етіп келеді.



ҚОСПАНОВА АЙЖАН ТӘҢІРБЕРГЕНҚЫЗЫ

1990 жылы 5 тамызда Қызылорда қаласында дүниеге келген. №233 орта мектепті 2007 жылы бітірді.2007-2011 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің педагогика психология мамандығын бітіріп шықты.Алғашқы еңбек жолын 2011-2012 оқу жылынан бастап педагог психолог маманы болып бастады.Қазіргі уақытқа дейін №5 мектеп-лицейінде Жаһандық құзыреттілік пәнінің мұғалімі.


Марапаттаулары: 2019-2020 ж Қалалық білім бөлімі «Алғыс хат »

2021-2022 ж Қызылорда қаласының әкімі «Алғыс хат»

Мұғалімнің кәсіби байқаулардағы жетістіктері:

2019-2020 ж


Nio.kzинтернет олимпиада «Алғыс хат»
Nio.kzинтернет олимпиада «Диплом» I-степени
Nio.kzинтернет олимпиада «Диплом» I-степени
Nio.kzинтернет олимпиада «Диплом» I-степени
2021-2022 ж Қалалық білім бөлімі «Ізгілік-өмір нәрі» әлеуметтік жоба III-орын
Республикалық олимпиада II-кезеңі III-орын



НҰРТАЗАЕВА ӘЛИЯ НҰРҚАСЫМҚЫЗЫ

1994 жылы 12 қарашада Қызылорда облысы, Қызылорда қаласында дүниеге келді. 2001-12 жылдары №264 мектепте білім алып, 2012-16 жылдар аралығында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Алғашқы әскери дайындық» пән мұғалімін бітірген. 2018 жылдан И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде жұмыс істейді. Сабақтағы жалпы адамзаттық құндылықтар»
Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту
Облыстық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушы Сертификат №079
«Үздік қысқа мерзімді жоспар-2021» қалалық кезеңінде өзін-өзі тану пәні Диплом III орын №9531
www.nio.kz I дәрежелі диплом өзін-өзі тану пәні № D-74604159/2021
www.nio.kz Мадақтама №123: Z-0007919
«Зерде» қалалық кезеңінде өзін-өзі тану пәні Диплом III орын Амандықұлы Нұрхан №927
www.nio.kz I дәрежелі диплом өзін-өзі тану пәні Камила Арыстанбек
№ D-82152149/2021

БАСТАУЫШ СЫНЫП (ҚАЗАҚ БӨЛІМІ) БІРЛЕСТІГІ



КӨПТІЛЕУ ГУЛМИРА СЫДЫҚҚЫЗЫ

1967 жылы 24 сәуірде Қызылорда облысы Әйтеке би кентінде дүниеге келген. 1988-1993 жыл аралығында Қызылорда Қорқыт ата атындағы педагогикалық институтын «Бастауыш педагогикасы және методикасы әдістемелері» мамандығы бойынша жоғары білім алып, бастауыш сынып мұғалімі және мектепке дейінгі әдіскері мамандығымен бітірді.
Алғашқы еңбек жолын 1994-2003 оқу жылдары Қазалы ауданында Әйтеке би кентінде №234 қазақ орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек етті. 2003-2007 жылдары И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық -техникалық колледжінде әлеуметтік ақпараттар класында жүйеші қызметін атқарды.
№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейіне 2007-2008 оқу жылынан бастап, бастауыш сыныптар мұғалімі, педагог-зертеуші санатымен жұмыс жасап келеді.
Оқу ағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсембаевтың Алғыс хатымен 2024ж, Республикалық «Өрлеу» білім-ғылым технология порталының Мадақтамасымен, облыстық білім кәсіподағының “Құттықтау грамотасымен” марапатталды. 2014 жылы қала әкімі Н.Нәлібаевтың «Үздік мұғалім-2014» номинациясы бойынша 150 000 сыйақы иегері марапатын алды. 2026 жылы Кәсіподақ қалалық Алғыс хатымен марапатталды

2020жҚалалық деңгей «Зерде» 1-7 сыныптар арасында ғылыми жоба диплом II орын иеленген оқушысы Қуанышова Аяла.
2020 ж Облыстық деңгей ҚР «Арнау» халықаралық шығармашылық орталығы , мәнерлеп оқу I орын иеленген оқушысы Абдрахманов Бақтияр .
2021 ж Қалалық «Unikum» өнер-білім орталығы математика пәнінен I орын Өмірзак Мадина
2021жҚалалық деңгей «Тіл деген мұхит, түбі терең» атты мәнерлеп оқу диплом II орын Жеткербай Айшат
2022ж «Дарын» Бастау олимпиадасы Садуақас Жібек II орын алды.
2022ж Қалалық «Зерде» мақал-мәтелдер сайысында Өмірзақ Мадина диплом II орын алды.
Алтын белгі иегері оқушылары:

1. 2018ж. Ергеш Шәкизада №5. И.В.Панфилов атындағы мектеп түлегі
2. 2018ж. Темирнурова Наргиз №5. И.В.Панфилов атындағы мектеп түлегі
3. 2018ж. Бақытбек Гүлбану №187мектеп түлегі
4. 2022ж. Бақытжан Қанат №5. И.В.Панфилов атындағы мектеп түлегі
5. 2022ж. Сәкен Нұрдаулет №5. И.В.Панфилов атындағы мектеп түлегі

2025жылы Білім педагогикалық шығармашылық орталығынан 1 орын диплом алды.
2026жылы «Алтын сақа» қалалық логика -математика олимпиадасынан 2 орын Ибайдулла Нұртілеу,Сақтаған Айбар оқушылары алды.
2026 жылы «Алтын сақа» облыстық көлемде логика-математика олимпиадасынан Сақтаған Айбар 2-орын иеленді.



АЙПЕИСОВА НУРИЛА ПИРМАШОВНА

1969 жылы 4 қарашада Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Абай ауылында дүниеге келген.

1986–1988 жылдары Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педагогикалық училищеде «Мектепке дейінгі тәрбие» мамандығы бойынша білім алып, 1988 жылы Сырдария ауданы, Абай ауылындағы №14 «Шұғылы» балабақшасына тәрбиеші болып еңбек жолын бастаған. 1994–1999 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Педагогика және бастауыш мектепте оқытудың әдістемесі» мамандығы бойынша жоғары білім алған. 1994 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарып келеді.

Педагогикалық қызметі барысында оқушылардың білім сапасын арттыруға, олардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөліп, түрлі олимпиадалар мен ғылыми жобаларға оқушылар дайындап келеді. Кәсіби еңбегі үшін ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Құрмет грамотасымен, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалының «Үздік бастауыш сынып мұғалімі – 2020» Алғыс хатымен, «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының, Қызылорда қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасымен және бірқатар қоғамдық ұйымдардың Алғыс хаттарымен марапатталған. Сонымен қатар «Өрлеу» БАҰО АҚ басқармасының Құрмет грамотасына, облыстық кәсіподақ комитетінің «Біркөлік» шипажайына жолдамасына және «Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қорының Алғыс хатына ие болған. 2024 жылы бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «ПедSTART» республикалық қашықтық олимпиадасында математика пәні бойынша I дәрежелі дипломмен марапатталған.

Ұстаздың жетекшілігімен оқушылары да республикалық деңгейдегі зияткерлік олимпиадалар мен шығармашылық байқауларда жүлделі орындарға ие болып келеді. 2024 жылы «Зерде» ғылыми жобасында Кішкенбай Айқын II орын иеленсе, 2025 жылы «Зерде» ғылыми жобасында Алмас Жанель мен Кішкенбай Айқын II орынға ие болды. Оқушылары «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында бірнеше рет I және III орындар, «Кенгуру – математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурсында I және III орындар, «Әл-Фараби» олимпиадасының республикалық кезеңінде I орын, «Мақатаев оқулары» байқауында II орын иеленді.

Сонымен қатар оқушылары «Қыс қызығы» республикалық онлайн сурет салу байқауында I орындарға, «Абай оқулары» мен «Мұқағали оқуларына» қатысып, Алғыс хаттарға ие болған. Жетекшілік

еткен оқушыларының арасында Нұрсұлтанұлы Дінмұхаммед, Алмас Жанель, Бауыржанов Бақдәулет, Ибайдулла Нұрдәулет, Хамзаев Данияр, Қуандық Айша, Құнанбай Айсұлтан, Нұрпейс Айлин, Амандық Мунира, Жанболатұлы Әбдумәлік, Жангелді Ахмет және Кішкенбай Айқын сынды жүлдегер оқушылар бар.

Ұстаз өзінің көп жылғы педагогикалық тәжірибесін заманауи оқыту әдістерімен ұштастырып, білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және білім сапасын көтеруге бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Педагогикалық ізденісі мен кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіріп, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге өз үлесін қосып келеді.



ЕСІМ ҒАЛИЯ МАХАНБЕТЖАНҚЫЗЫ

1972 жылы 9 желтоқсанда Қызылорда облысы,Сырдария ауданы,Ақжарма ауылында дүниеге келді.1996-1999 жылдары Қызылорда қаласы М.Маметова атындағы педагогикалық колледжінде бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша білім алды. 2000-2005жылдары Қорқыт-Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде “Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі”мамандығы бойынша оқып білім алды.Педагогикалық еңбек жолын 1999 жылы Қызылорда қаласы И.В.Панфилов атындағы №5 мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып бастады.1999 жылдан бері №5 мектеп-лицейінде бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек етіп келеді.

2022 жыл Қызылорда облысының білім басқармасы "Дарын" облыстық қосымша білім беру орталығы Алғыс хатымен марапатталды.

2023 жыл Құрмет грамотасымен Қалалық білім бөлімі Тәуелсіз еліміздің кемел тұлғасын қалыптастыруда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде және білім саласын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін марапатталды.

2023 жыл «Жолдама» Білім беру саласындағы шығармашылық жұмыстармен қатар, *«Алтын белгі»* иегерін дайындаудағы қажырлы еңбегі үшін ризашылық білдіре отырып, *«Біркөлік» шипажайына жолдама* берілді. Облыстық кәсіподақ комитеті.

2024 жыл Қалалық білім бөлімі Тәуелсіз еліміздің кемел тұлғасын қалыптастыруда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде және білім саласын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін Құрмет грамотасымен марапатталды.

2024 жыл Қалалық білім бөлімі Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде көрсеткен ерекше жетістігі үшін Грамота берілді

2025 жыл Республикалық ғылыми-әдістемелік журналының желілік басылымына оқу әдістемелік материал жариялағаны үшін “Жарқын ұстаз”баспасы Құрмет грамотасымен марапатталды.

2025 жыл Диплом III дәрежелі Қалалық білім бөлімі Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде көрсеткен ерекше жетістігі үшін, Қызылорда қаласы 31 қазан.

2023ж Қайрат Ансар ZERDELI 3-4 сынып оқушыларына арналған «Алтын сақа» республикалық математикалық олимпиадасының қалалық кезеңінде I дәрежелі диплом,Қызылорда қаласы.

2023 жыл Жалпы білім беру ұйымдарының 2-4 сынып оқушыларына арналған “Бастау” республикалық математикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде Қызылорда қаласы командасы жүлделі 3 орын алғаны үшін,команда мүшелері Сәруар Іңкәр,Қайрат Ансар,Асхатова Әсел дипломмен марапатталды.

2024 жыл Қайрат Ансар ZERDELI 3-4 сынып оқушыларына арналған «Алтын сақа» республикалық математикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде
III дәрежелі диплом,Қызылорда қаласы.

2024 жыл Құдайберген Даниал математика пәнінен 4-сынып оқушылары арасында өткізілген олимпиаданың қалалық кезеңінде III дәрежелі диплом,Қызылорда қаласы.



РАХМЕТОВА АЙГҮЛ АЙТБАЕВНА

Ұстаздық — мамандық қана емес, ол жүрекпен таңдалған өмір жолы. Балаға білім беріп қана қоймай, оның бойындағы арманын оятып, өзіне деген сенімін қалыптастыру, әр шәкірттің жүрегіне із қалдыру — нағыз ұстаздың биік миссиясы.

Осындай жауапкершілігі мол жолды саналы ғұмырына арқау еткен ұлағатты ұстаздың бірі — Рахметова Айгүл Айтбаевна.

Айгүл Айтбаевна 1978 жылдың 4 тамызында Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген. Бала кезінен білім мен тәрбиеге, ізденіс пен ізгілікке жақын болып өскен ол өмірлік жолын ұстаздықпен байланыстыруды мақсат етті.

1995 жылы Ақтөбе педагогика институтының бастауыш сынып мұғалімі мамандығына оқуға түсіп, 1999 жылы жоғары білім алып шықты. Сол жылы ұстаздық еңбек жолын бастап, жүрегін бала әлеміне арнады.

1999–2005 жылдары Қазалы ауданындағы №70 орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек етті. Жас маман үшін бұл жылдар кәсіби қалыптасу, тәжірибе жинақтау, әр баланың мінезін танып, оның жүрегіне жол табуды үйрену кезеңі болды.

2005 жылы еңбек жолының жаңа белесі басталды. 2005–2008 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш қаласындағы №1 мектеп-гимназияда бастауыш сыныптар бойынша директордың орынбасары қызметін атқарып, ұйымдастырушылық және басқарушылық қырын танытты.

Басшылық қызметпен қатар ұстаздықтың басты құндылығын — балаға білім мен тәрбие беруді ешқашан назардан тыс қалдырмады. 2008–2014 жылдары осы мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып, шәкірт тәрбиесіне қайтадан тікелей араласты.

2014 жылдан бастап Айгүл Айтбаеваның кәсіби өмірі Қызылорда қаласындағы №5 мектеп-лицеймен тығыз байланысты. Бүгінде ол осы білім ордасында бастауыш сынып мұғалімі ретінде жемісті еңбек етіп келеді.

Ұстаздық жолына көз жүгіртсек, Айгүл Айтбаеваның еңбек өтілі — 27 жыл.

Жиырма жеті жыл — күнтізбедегі жай ғана сан емес. Оның ар жағында жүздеген шәкірттің тағдыры, мыңдаған сабақ, талай қуаныш пен толғаныс, ата-ананың алғысы, шәкірттің жеңісі мен ұстаздың маңдай тері жатыр.

Бастауыш сынып мұғалімі болу — баланың мектептегі алғашқы қадамын бағыттау. Әріп танытып, оқуға үйрету ғана емес, баланың білімге деген алғашқы сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Айгүл Айтбаеваның ұстаздық ұстанымы да осы ізгі мақсатпен сабақтас.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген ұлағатты сөзді өзіне темірқазық еткен ұстаз үшін әр шәкірт — жеке тұлға, әр сабақ — жаңа мүмкіндік, әр жетістік — үлкен еңбектің жемісі.

Оның тағы бір ұстанымы: «Ұстазы бейімді болса — шәкірті зейінді болады».

Бұл сөз ұстаздың балаға әсері қаншалықты маңызды екенін терең сезінетінін аңғартады.

Кәсіби дамуды үздіксіз ізденістен көретін Айгүл Айтбаеваның педагогикалық шеберлігі көптеген марапаттармен, алғыстармен және кәсіби жетістіктермен бағаланған.

Ол қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі көптеген Алғыс хаттар мен марапаттардың иегері.

Ұстаздың қоржынында:

* «Үздік мұғалім» атағы;
* «XXI ғасыр көшбасшысы» байқауының жеңісі;
* қала әкімінің марапаты;
* қалалық білім бөлімінің марапаты;
* қалалық және облыстық кітапханалардың марапаттары;
* Қазақстан педагогтарын дамыту орталығының Алғыс хаты;
* «Үлгілі ҚМЖ» Алғыс хаты;
* КІО, Педстарт байқауларындағы жеңістері;
* «Заман педагогы» куәлігі;
* «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Құрмет грамотасы;

* облыстық басқарманың Алғыс хаты;
* Мұқағали Мақатаев оқуларының Алғыс хаты;
* «Педагогика жанашыры» марапаты;
* «Сыр дидары», «Білім кені», «Білім жетістігі» республикалық журналдарының Алғыс хаттары;
* халықаралық журналда мақаласы жарияланып, арнайы Алғысқа ие болуы секілді кәсіби жетістіктер бар.
Бұл марапаттардың әрқайсысы — ұстаз еңбегінің белгілі бір кезеңінен сыр шертетін белгі. Алайда Айгүл Айтбаеваның өзі үшін ең үлкен марапат — шәкіртінің жетістігі.

Ұстаз еңбегінің шынайы нәтижесі оның шәкірттерінен көрінеді.

Айгүл Айтбаеваның шәкірттері қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі түрлі білім, өнер және шығармашылық сайыстарда жүлделі орындардан көрініп келеді.

Оқушыларының арасында қалалық «Зерде» ғылыми жобасының жүлдегерлері, «Бастау» олимпиадасының, «Алтын сақа» олимпиадасының жүлдегерлері бар.

Ұстаз тәрбиелеген шәкірттер білім саласымен ғана шектелмей, шығармашылық бағытта да биіктерден көрінуде. Олар қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі мәнерлеп оқу, қолөнер, би, ән байқауларында жүлделі орындарға ие болған.

Кітапқа деген сүйіспеншілікке баулыған шәкірттері қалалық және облыстық кітапханалардың үздік оқырмандары атанып, өздерінің шығармашылық ойлары мен жетістіктерімен басылым беттерінен де орын алып жүр.

Ал ұстаз үшін шәкіртінің үлкен өмір жолында өз орнын табуы, білімін жалғастырып, елге пайдасын тигізуі — кез келген марапаттан биік.

Кеше ғана алғашқы әріпті үйреткен бүлдіршіннің бүгін үлкен жетістіктерге жетуі — ұстаз еңбегінің үнсіз, бірақ ең әсерлі бағасы.

Айгүл Айтбаеваның ұстаздық жолындағы тағы бір маңызды бағыты — педагогикалық ізденіс пен әдістемелік шығармашылық.

Ол әдебиеттік оқу пәні бойынша авторлық жоба жасап, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал әзірлеген.

Бұл — өз тәжірибесін тек өз шәкірттерімен шектемей, әріптестерімен бөлісуге, педагогикалық ортаға өзіндік үлес қосуға деген ұмтылыстың көрінісі.

Ұстаз үшін ізденіс тоқтаған жерде даму да тоқтайды. Сондықтан Айгүл Айтбаеваның кәсіби жолында жаңашылдыққа ұмтылу, тәжірибені жетілдіру, тиімді әдіс іздеу — тұрақты үрдіске айналған.

Айгүл Айтбаеваның педагогикалық еңбегі «Білікті ұстаз — дарынды шәкірт» қағидасымен үндеседі. Ол осы орталықтың мүшесі ретінде де кәсіби ортадағы ізденістерге белсенді араласып келеді.

Ұстаздықта жылдар өткен сайын тәжірибе толысады, көзқарас қалыптасады. Бірақ бала жүрегіне деген мейірім, шәкіртке деген сенім, білімге деген құрмет жоғалмауы керек.

Айгүл Айтбаеваның ұстаздық болмысының ерекшелігі де осында.

Ол үшін бастауыш сынып — баланың білім әлеміне ашылған алғашқы есігі. Сол есіктен бала қорқынышпен емес, қызығушылықпен, сеніммен және қуанышпен аттауы керек.

Сондықтан оның әр сабағында білім мен тәрбиенің, ізденіс пен шығармашылықтың, талап пен мейірімнің үйлесімі болуы маңызды.

Ұстаздық — мектеп қабырғасымен шектелмейтін үлкен жауапкершілік.

Айгүл Айтбаеваның өміріндегі тағы бір үлкен мектеп — отбасы.

Ол — отбасылы, үш баланың анасы, жұбайының адал жары. Мектепте жүздеген балаға білім мен тәрбие беріп жүріп, өз отбасында да мейірім мен жылулықтың ұйытқысы болып келеді.

Бала тәрбиесінің қыр-сырын кәсіби тұрғыдан ғана емес, ана жүрегімен де сезіне білу — ұстаз тұлғасын тереңдете түсетін қасиет.

Өйткені нағыз ұстаздың бойында білімді маманның білімімен қатар, ананың мейірімі, тәрбиешінің сабыры, азаматтың жауапкершілігі тоғысады.



СЕИЛОВА МИРАМКУЛ ТУРСЫНОВНА

1968 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданында дүниеге келген. 1975-1985 жылдары Шоқан Уәлиханов атындағы № 26 мектепте білім алып, 1986-1988 жылдар аралығында Семей қаласындағы финанс-экономикалық колледждің «бухгалтер-финансист» мамандығы бойынша білімін толықтырды. 1988-1992 жылдар аралығында облыстық денсаулық сақтау бөлімінде есепші болып жұмыс жасады. 2002-2006 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін «бастауыш сынып мұғалімі» бөлімі бойынша жоғары оқу орнын тәмамдады. Педагогикалық еңбек жолын 2009 жылы Қызылорда қаласындағы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде тәлімгер, мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі болып бастады. 2023 жылдан осы уақытқа дейін №5 мектеп-лицейінде бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарып келеді. 2019 жылы қалалық «Үздік мектепалды даярлық мұғалімі - 2019» байқауында «Алғыс хатпен» марапатталды. Мектеп-лицей директорының бірнеше «Алғыс хаты», Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі нәтижелі еңбегі үшін облыстық білім бөлімінің «Құрмет грамотасы», облыстық «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығының «Құрмет грамотасы», қалалық кәсіподақ ұйымының «Алғыс хаты», Республикалық кашықтық олимпиадасы I дәрежелі дипломмен марапатталған.

2023 жылы Республикалық «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып «Алғыс хатпен» марапатталды.

Республикалық қашықтық Абай оқулары байқауына қатыстырған оқушылары 1орын алғаны үшін 2023 жылы дипломмен, 2023 жылы «Ақбота» Республикалық олимпиадасына қатысқан оқушылары 1 орынмен марапатталды.

2023 жылы «Бастау» республикалық математикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде оқушысы 2 орын иеленіп, 2024 жылы ПЕД СТАРТ олимпиадасына қатысқан оқушылары 1 орынмен марапатталды.



ХАСЕНОВА АМАНКУЛЬ САРСЕНБАЕВНА

Хасенова Аманкуль Сарсенбаевна 1980 жылы 1 наурызда Қызылорда облысында дүниеге келген. 1986 жылы №138 орта мектепке қабылданып, 1997 жылы аталған мектепті тәмамдаған. Сол жылы М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжге оқуға түсіп, 2000 жылы «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығы бойынша білім алған.

2000 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек етіп келеді. Педагогикалық еңбек өтілі – 26 жыл. Қазіргі таңда педагог-зерттеуші біліктілік санатына ие, педагогика ғылымдарының магистрі.

Хасенова Аманкуль Сарсенбаевна – білім беру саласында көп жылдан бері жемісті еңбек етіп келе жатқан, кәсіби білімі мен педагогикалық тәжірибесін ұштастыра білетін білікті ұстаз. Ол оқу үдерісінде заманауи

әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Шәкірттерін түрлі пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және шығармашылық байқауларға жүйелі түрде дайындап, олардың республикалық деңгейде жүлделі орындарға ие болуына жетекшілік жасап келеді.

Ұстаздың кәсіби еңбегі бірқатар марапаттармен атап өтілген. Атап айтқанда, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Құрмет грамотасы, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалының «Үздік бастауыш сынып мұғалімі – 2020» Алғыс хаты, «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының Алғыс хаты, Қызылорда қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасы, «Өрлеу» БАҰО АҚ басқармасының Құрмет грамотасы және басқа да қоғамдық ұйымдардың Алғыс хаттары мен марапаттарына ие болған. 2023 жылы «Үлгілі қысқа мерзімді жоспарлау» байқауында III орын, 2023 жылы республикалық КИО олимпиадасында III орын, 2024 жылы «ПЕДстарт» республикалық онлайн олимпиадасында I орын иеленген.

Ұстаздың жетекшілігімен оқушылары да жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. 2022 жылы «Зерде» ғылыми жобасында Нұрманова Еркеназ II орын, «Бастау» олимпиадасының қалалық кезеңінде Қали Сардар I орын иеленді. Сол жылы оқушылары «Пони» олимпиадасында жүлделі орындарға, «Кенгуру – математика барлығы үшін» халықаралық ойын-конкурсында I және II орындарға ие болды. 2023 жылы «Ақбота» марафонында бірнеше оқушысы II орын иеленіп, «Зерде» ғылыми жобасында Нұрманова Еркеназ III орын алды.

2023 жылы «Ақберен» және «Мың бала» республикалық зияткерлік орталықтары ұйымдастырған «Абай оқулары» байқауында Нұрманова Еркеназ II орын, «Мұқағали оқуларында» Алмас Нұрайым Бас жүлде, «Мағжан оқуларында» Бақыт Айзере Бас жүлде иеленді. 2024 жылы «Зерде» ғылыми жобасында Алмас Нұрайым III орын, «Ақбота» марафонында оқушылары жүлделі орындарға ие болды. 2025 жылы «Зерде» ғылыми жобасында Ермұрат Зейнеп III орын, «Жас ғалым» халықаралық ғылыми жобасында II орын иеленді. Сонымен қатар 2025 жылғы «Ақбота» олимпиадасында Асан Айым, Сейтхан Сұлтан, Кеңесбай Али және Сексенбай Ханшайым I орынға ие болды.

Хасенова Аманкуль Сарсенбаеваның педагогикалық еңбегінің маңызды нәтижелерінің бірі – шәкірттерінің білім жолындағы жоғары жетістіктері. 2018–2019 оқу жылында оның 5 оқушысы «Алтын белгі» иегері атанды. Олар – Рахметов Асқар, Нұртай Нұрай, Құсейнова Аружан, Басалхаева Жібек және Мирамбек Назым. Сонымен қатар оның шәкірті Асанов Нұржан олимпиадалық жетістіктерімен танылып, 2019–2020 оқу жылында Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебін «Алтын белгімен» тәмамдаған. 2022–2023 оқу жылында тағы 4 шәкірті – Біржанұлы Ерасыл, Ақылбек Ажар, Ералы Асхат және Сүндетова Асел «Алтын белгі» иегері атанды.

Ұстаз оқу-әдістемелік бағытта да нәтижелі жұмыстар жүргізіп келеді. 2014 жылы «Білім мен тәрбие – сындарлы жүйе» атты мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құралдың авторы болды. «Көркем жазу» авторлық бағдарламасын әзірледі. 2017 жылы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы – білімнің үлесі» республикалық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, дипломмен марапатталды. 2019 жылы «Жаңартылған білім беру – қазіргі заман талабы» атты оқу-әдістемелік құралға авторлық үлесін қосты. 2024 жылы «Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған есептер» атты авторлық бағдарламасын әзірлеп, ISBN нөмірімен жарыққа шығарды.

Хасенова Аманкуль Сарсенбаевна өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ізденімпаз әрі шығармашыл педагог ретінде әріптестері арасында беделге ие. Ол білім беру саласындағы озық тәжірибесін үнемі жетілдіріп, оқушылардың сапалы білім алуына, шығармашылық қабілеттерінің дамуына және тұлғалық қалыптасуына өз үлесін қосып келеді. Ұстаз үшін шәкірт жетістігі – көп жылғы еңбегінің нәтижесі әрі кәсіби қызметінің басты көрсеткіші.



НҰРПЕЙСОВА ДИНА РАХЫМЖАНҚЫЗЫ

Нұрпейсова Дина Рахымжанқызы 1982 жылы 26 қыркүйекте Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Аманкелді ауылында дүниеге келген.

1989 жылы Аманкелді ауылындағы №42 қазақ орта мектебінің 1-сыныбына қабылданып, 1999 жылы аталған мектепті ойдағыдай аяқтаған.

1999 жылы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық колледжге «Бастауыш сыныпта оқыту» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2002 жылы колледжді тәмамдаған.
Педагогтің жалпы жұмыс өтілі – 12 жыл, саладағы жұмыс өтілі – 12 жыл, қазіргі еңбек ұжымындағы жұмыс өтілі – 12 жыл. Кәсіби қызметі барысында өзін ізденімпаз, жауапкершілігі жоғары, өз пәнін жетік меңгерген білікті педагог ретінде танытып келеді. Педагогтің кәсіби жетістіктері мен әдістемелік ізденістері соңғы жылдардағы бірқатар ғылыми-практикалық конференцияларға, олимпиадалар мен байқауларға қатысуынан көрініс табады. 2021 жылы «XXI ғасырдағы ғылым және білім: Еуразия кеңістігінде даму динамикасы» II Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, Сертификат алған. 2022 жылы 1–7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының республикалық «Зерде» конкурсының I қалалық кезеңінде «Физика, космос» секциясы бойынша 7-сынып оқушысы Трегубенко Устин II орын иеленді. Сол жылы «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың республикалық байқауының қалалық кезеңінде «Әскери техника саласындағы техникалар құрастыру» номинациясы бойынша 10-сынып оқушысы Курноскин Евгений III орын алды. 2023 жылы республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 9-сынып оқушысы Ли Анастасия III орын иеленді. Сонымен қатар 2023 жылы республикалық олимпиаданың II қалалық кезеңінде жеңімпаз атанған білім алушыға берілетін 5000 теңгелік сертификатқа ие болған. 2025 жылы Қызылорда облыстық оқу орталығының «9-сынып білім алушыларына арналған қорытынды аттестаттаудың материалдарын әзірлеу және сараптау» жұмысына қатысып, Сертификат алған. Педагог кәсіби білімін үнемі жетілдіріп, біліктілігін арттыру курстарына жүйелі түрде қатысып келеді. 2021 жылғы 10–25 наурыз аралығында «Развитие профессиональной компетентности учителей физики: предметные и методические компетенции» бағдарламасы бойынша 72 сағат көлемінде біліктілікті арттыру курсынан өткен. 2022 жылы Қазақстан Республикасы педагогтерінің біліктілігін арттыруға арналған «Урок физики в школе: фокусы и стратегии улучшений» білім беру бағдарламасы бойынша пәндік құзыреттілікті дамыту, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, сабақта инклюзивті орта құру және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бағыттарын қамтитын 160 академиялық сағат көлеміндегі курсты аяқтаған. 2026 жылы Педагогикалық шеберлік орталығында «Негізгі мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі» бағдарламасы бойынша 80 сағат көлемінде біліктілікті арттыру курсынан өткен. Педагогтің ғылыми-әдістемелік ізденістері баспа беттерінде де жарық көрген. 2021 жылы «XXI ғасырдағы ғылым және білім: Еуразия кеңістігінде даму динамикасы» II Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағында «Физика пәнін оқытуда оқушылардың өз бетімен білім алуына қызығушылығын арттыру» тақырыбындағы мақаласы жарияланған. 2022 жылы халықаралық ғылыми «НАУКА И МИР» журналында «Проблемы преподавания физики на основе обновленной образовательной программы» тақырыбындағы мақаласы жарық көрген. 2023 жылы республикалық ғылыми, ақпараттық-танымдық, педагогикалық «Дара тұлға» журналында «Тербелмелі қозғалыс теңдеулері» тақырыбындағы қысқа мерзімді жоспары жарияланған. Сол жылы «Физика пәнінен дидактикалық материалдар жинағы» атты әдістемелік оқу құралы «Өрлеу» БҒТ порталында жарияланып, ISBN №978-601-7526-09-2 нөмірімен тіркелген. 2024 жылы «Қызықты физика әлемі» факультативтік курсына арналған авторлық бағдарлама әзірлеп, ISBN №978-601-341-501-14 нөмірімен жарыққа шығарған. Педагог өзінің кәсіби қызметінде білім алушылардың физика пәніне қызығушылығын арттыруға, олардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға ерекше мән береді. Оқушылардың ғылыми жобаларға, пәндік олимпиадаларға және шығармашылық байқауларға қатысуын жүйелі ұйымдастырып, олардың білім нәтижелерін арттыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді оқу үдерісіне енгізіп келеді. Кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіріп, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруге және білім беру сапасын арттыруға бағытталған ізденістерімен ерекшеленеді.

ИЗТЕЛЕУОВА АЙГЕРИМ НУРЛАНОВНА



Родилась 20 сентября 1993 года в городе Кызылорда. С 2011 года обучалась в Кызылординском государственном университете имени Коркыт Ата, который окончила в 2015 году с отличием, получив степень бакалавра по специальности «Математика».

В 2015 году начала трудовую деятельность учителем математики в Казахском гуманитарно-юридическом и техническом колледже.

С сентября 2016 года и по настоящее время осуществляет трудовую деятельность в школе-лицее №5 имени И.В. Панфилова города Кызылорда.

В 2020–2022 годах проходила обучение в магистратуре Кызылординского университета имени Коркыт Ата по специальности «7М015100 — Подготовка педагогов математики», успешно получив степень магистра педагогических наук.

В 2022 году прошла стажировку по программе «Современные проблемы физики и математики» в Государственном университете Московской области «Дубна»

Сертификат за участие и обмен опытом на городском семинаре «Жасанды интелект-жыл қоржыны: математика сабағында тәжірибе және тиімді қолдану» . г. Кызылорда 2026

Құрмет грамотасы За активное участие в республиканских педагогических мероприятиях и качественные результаты в обучении. «Өрлеу» 2025

Были опубликованы научных публикации в профильных изданиях:

1. «Математиканы оқыту барысында компьютерлік техниканы қолдана отырып пәнаралық байланысты іске асыру» г. Алматы, Республиканский научно-методический журнал «Математика және Физика» №3 2021
2. «Есептеу эксперементтеріңіңжаратылыстану ғылымындағы рөлі мен орны» г. Алматы, Республиканский научно-методический журнал «Математика және Физика» №3 2022
3. «Использование компьютерных технологий при решении уравнений и неравенств» г.Астана 2022, сборник материалов II Международной научно-практической конференции «Наука и образование в XXI веке: динамика развития в евразийском пространстве»
4. Методическое пособие «Математика- ақыл ойдың мәңгілік шұғыласы» г. Алматы, 2023
5. Методическое пособие «Математика-барлық ғылымдардың логикалық негізі» 2025г. республиканский центр «Өрлеу»

Прошла образовательные курсы

1. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде білім алушыларға патриоттық тәрбие берудегі сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту «Өрлеу» 29.01.2021
2. «ИИ в образовании: Инновационные технологии и цифровая трансформация учебного процесса» Daryn Ustaz , 80 ч 11.01.2026
3. «Обучение математике в цифровой среде: практические инструменты и платформы» ЦПМ, 80 ч 23.01.2026
4. «Развитие предметных компетенций педагогов: эффективные практики обучения математике» ЦПМ , 80 ч 08.06.2026
5. «Практика инклюзивного образования в основной школе» ЦПМ , 80 ч 12.06.2026

ӘБСӘМИЕВА АРУЖАН СЕРІККҚЫЗЫ



1993 жылы 26 наурызда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Бірлік ауылында дүниеге келген. 2010 жылы № 101 орта мектебін аяқтап, 2010-2014 жылдары Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университетінде, Гуманитарлы – педагокикалық институтында, «Математика» мамандығы бойынша білім алды. 2014 жылдың қыркүйек айынан бастап, 2015 жылдың сәуір айына дейін жеке білім беру орталығында математика пәнінен оқытушылық қызметін атқарды.

2015-2017 жылдар аралығында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университетінде, Гуманитарлы – педагокикалық институтында, «Математика» (ғылыми және педагогикалық бағыт) мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі


дәрежесіне ие болды. 2015 жылдың сәуір айынан бастап № 5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейінде, математика пәні мұғалімі қызметін атқарады.
«Білікті ұстаз» педагогтердің республикалық олимпиадасында I дәрежелі дипломмен, Республика көлемінде ұйымдастырылған педагогикалық іс-шараларға белсене қатысқаны және оқытудағы сапалы нәтижелі білімдері үшін «Өрлеу» республикалық орталығынан Құрмет грамотасымен марапатталды.

«Математика пәнінен дидактикалық материалдар жинағы» әдістемелік оқу құралы жарияланды.
2025-2026 оқу жылында, Математика пәні бойынша Республикалық олимпиаданың II кезеңі бойынша оқушысы Көлбаева Аймира III орын иеленді. 5-6 сынып оқушыларына арналған «Алтын сақа» республикалық математикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде оқушысы грамотамен марапатталды.
2026 жылы тамыз айында «Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: математиканы оқытудың тиімді тәжірибесі» тақырыбы бойынша біліктілігін арттыру курсынан өтті.

ЖӘДІГЕР АҚНИЕТ ҚАЙРАТҚЫЗЫ



2004 жылы 25 наурызда Қызылорда облысы, Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2010-2019 жылдары Әли Мүсілімұлы атындағы №101 мектеп-лицейінде оқыды. 2019-2023 жылдар аралы5ында М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжінде «Ағылшынша білімі бар физика мұғалімі» біліктілігі бойынша білім алды. 2023-2026 жылдар аралығында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Физика мұғалімдерін даярлау» мамандығы бойынша білім алды. 2026 жылы «Білім берулегі ғылыми жаңалықтар: қазіргі зерттеулер мен болашақ мүмкіндіктер» атты халықаралық ғылыми конференциясында «Жарықтың сынуы тақырыбын оқытуда симмуляторларды қолданудың мүмкіндіктері» тақырыбында ғылыми баяндама жарияланды.2026 жылдың қыркүйегінен бастап И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде физика пәні мұғалімі қызметін атқаруда



МАҚҰМ КӨРКЕМ НҰРХАНҚЫЗЫ

1998 жылдың 4 қаңтарында Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Ақжарма ауылында дүниеге келген. 2004-2015 жылдары №130 Абай атындағы мектепте оқыды. 2015-2019 жылдар аралығында Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университетінде «Математика пәні мұғалімі» біліктілігі бойынша білім алды. 2019-2021 жылдар аралығында Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде «Математика мұғалімдерін даярлау» мамандығы бойынша білім алды. 2021 жылдың қыркүйегінен бастап 2026 жылдың 12 тамызына дейін Сафуан Шаймерденов атындағы қалалық классикалық гимназиясында математика пәні мұғалімі қызметін атқарды.
2026 жылдың 1 қыркүйегінен бастап И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде математика пәні мұғалімі қызметін атқаруда. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" КММ дан "математика сабағының үздік әдістемелік әзірлемесі" конкурсына қатысқаны үшін сертификат 2020 жыл. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" кмм дан диплом "кемеңгер" математика пәнінің мұғалімдеріне арналған облыстық олимпиадасының қалалық кезеңінде 3-орын.
13.03.2021 жыл. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" кмм дан сертификат "интервью с наставником" 2022 жыл. Диплом международный конкурс пони (пойми! открой! найди! исследуй!) интеллектуальный центр "уркер" - 2019-2020 жыл.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІ БІРЛЕСТІГІ

ДОСЫМОВА КАМШАТ БАУЫРЖАНОВНА

1991 жылы 24 қаңтарда Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2008 жылы №4 Облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатын бітіріп шығады. 2008-2012 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеттің «физика-математика» факультетінде Информатика мамандығы бойынша жоғары білім алған. 2022 жылы аталған жоғарғы оқу орнының 7М01504 Информатика бағыты бойынша магистратураға түсіп, 2024 жылы педагогика ғылымының магистрі атағын алды. Еңбек жолын 2013 жылы И.В Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде информатика пәні мұғалімі болып бастады. 2022 жылы педагог-сарапшы санатын алды.

Біліктілікті арттыру курстары:

«Өрлеу» БАҰО "Инклюзивті білім беруді іске асыратын педагогтердің базалық құзыретін қалыптастыру" (06.10 - 17.10.2025 ж.), 80 сағат

"Өркен" баллардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты "Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу" (15.06 - 26.06.2026 ж.), 80 сағат

Мұғалім жетістіктері:

1. Халықаралық эвристикалық «ПолиМАт» марафоны, I орын, № 0026
2. «Білікті ұстаз» педагогтердің республикалық олимпиадасы, «Информатика» пәні бойынша, II орын, № 2509
3. IQ-ARENA қалалық ұстаздар арасындағы байқау, II орын
4. «Зияткер ұстаз» байқауы, алғыс хат
5. «ЖИ-дің оқу үрдісіндегі мүмкіндіктері мен келешегі» TEDx қалалық информатика пәні мұғалімдері байқауы, III орын
6. Республикалық, «First lego league challenge», Robot design award номинация
7. «Жаңартылған білім беру мазмұнында информатика пәнін оқытудың әдіс тәсілдері», әдістемелік көмекші құрал, ISBN 978-601-02-7112-7
8. «Python бағдарламалау тілінде олимпиадалық есептерді шешу алгоритмдері» авторлық бағдарламасы
9. Қызылорда облысы бойынша білім бөлімі Құрмет грамотасы

Оқушы жетістіктері:

1. «Мамандықтар әлімін ашамыз» Республикалық форумының қалалық кезеңі, Нұрманова Еркеназ, III орын
2. «Шың» жалпы пәндер бойынша республикалық олимпиадасы, Өмірзақ Мадина, I орын
3. «AITU icode» республикалық программалау байқауы, Есин Даниил сертификат (республикалық кезең)
4. «Дарын» республикалық ғылыми жобалар конкурсы, Айдосова Фирюза III орын (облыстық кезең)
5. «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, Алдоңғар Айзия, I орын
6. «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, Костина Алиса, I орын
7. «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, Комилова Шахзода, II орын
8. «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, Тәңірберген Айзере, III орын
9. «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, Ақылбек Амира, III орын
10. «Алтын қыран» пәндік олимпиадасы, Байжанова Жансая, II орын
11. «Әл-Фараби» олимпиадасы, Абдуллаева Даяна, I орын



12. «Ғылымдағы жасанды интеллект» конференциялық, қалалық кезең; Теміруұлы Ерсұлтан, II орын
13. «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, Байжанова Жансая, I орын
14. «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, Челик Микаэль, I орын
15. «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, Рысберді Алдияр, I орын
16. «INNO fest Qyzylorda» облыстық инновациялық идеялар байқауы, Кенжебай Жарқын, сертификат және арнайы жүлде
17. INNO fest Qyzylorda» облыстық инновациялық идеялар байқауы, Теміруұлы Ерсұлтан, сертификат және арнайы жүлде
18. «First Lego League Challendge» республикалық Шамшатбек Қожа, Robot Design Award номинациясы
19. «First Lego League Challendge» республикалық Әбілхайыр Ілияс, Robot Design Award номинациясы
20. «World robot olympiad» қалалық кезеңі, Әбілхайыр Ілияс, II орын



СӘРСЕНБАЙ АРАЙЛЫМ СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

1995 жылы 25 маусымда Түркістан қаласында дүниеге келген. 2012 жылы Абай атындағы мектепті бітіріп шықты. 2012-2016 жылдар аралығында Шымкент қаласындағы Оңтүстік мемлекеттік педагогикалық институтта, «Информатика» мамандығы бойынша бітіп шыққан. 2016 жылы Мирас университетіне 6М060200 Информатика бағыты бойынша магистратураға түсіп, 2018 жылы педагогика ғылымының магистрі атағын алды. Еңбек жолын 2016 жылы И.В Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде информатика пәні мұғалімі болып бастады. 2022 жылы педагог-сарапшы санатын алды.

Біліктілікті арттыру курстары:

Baitursynuly university, инновация социальных инициатив, "Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру жетекші педагог ассистиенттер/тьюторлар даярлау (13.09.2024 ж) 108 сағат

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АО, Smart – оқыту: оқу процесін ұйымдастырудың негізгі қағидаттары», біліктілігін арттыру курсы, (19.08 – 29.08.2024 ж), 80 сағат

"Өркен" баллардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты "Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу" (15.06 - 26.06.2026 ж.), 80 сағат

Халықаралық эвристикалық «ПолиМАт» марафоны, I орын, № 0029

Қалалық «Пәндік білім беру аясында тіл білімін кіріктіре оқытудағы жаңаша идеялар» кәсіби байқау, III орын № 112

«Білікті ұстаз» педагогтердің республикалық олимпиадасында «Информатика» пәні бойынша, II орын, № 2509

Қалалық «Зияткер ұстаз» білім бәйгесі, Алғыс хат, № 10253

Облыстық «Үздік қысқа мерзімді жоспар – 2023», III орын, № 007344

Республикалық, First lego league challenge, Robot design award номинация

Авторлық бағдарлама, «Мультимедиялық технологиялар»

Жаңартылған білім беру мазмұнында информатика пәнін оқытудың әдіс тәсілдері, әдістемелік көмекші құрал ISBN 978-601-02-7112-7

«Білім берудегі жасанды интеллектінің рөлі» атты I Республикалық конференцияда сөз сөйледі.

Республикалық «Үздік педогог -2025» педагогикалық байқауда әділ алқа мүшесі болды.

Оқушы жетістіктері:

Данишпан Айлин, Қашықтықтан өтетін жалпы білім беретін пәндер бойынша «Шың» олимпиадасы, II орын, № 24397

Айдарбек Рауан, «Зерде» ғылыми жобасының қалалық кезеңі, III орын, №864

Зұлхарнай Жания, Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде «Информатика» пәні бойынша, III орын, № 2043

Қалхаман Ақниет, Жомарт Әділсұлтан, «Brain Battle» атты қалалық интеллектуалдық сайыс, II орын, №113

Жалғас Бекарыс, Беримбаев Рахман, CP Open CUP III 2025 облыстық спорттық бағдарламалау сайысы, Алғыс хат

республикалық Қуатбай Нұрасыл,

«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы I орын, № 042568

Қуатбай Нұрасыл, «Скретч ортасында бағдарламалау» зияткерлік-шығармашылық байқауы, III орын, № 2017

Темірбек Хамза, қалалық «Жас сәулетшілер» байқауы, II орын,(жүлде қоры Ноутбук) №4042

Шамшатбек Қожа, Республикалық First Lego League Challendge, Robot Design Award номинациясы.

Баникасов Радомир, роботехникадан «ROBOIMAQ» атты қалалық чемпионатта «Робосумо» бағыты бойынша, Алғыс хат.



РЫСБАЕВА АЙДАНА ДАНИЯРҚЫЗЫ

1994 жылы 13 шілдеде Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2012 жылы №173 Әлия Молдағұлова атындағы қазақ орта мектебін бітіріп шықты. 2012-2016 жылдар аралығында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде, «Информатика» мамандығын бітірді.Еңбек жолын 2020 жылы И.В Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде информатика пәні мұғалімі болып бастады. 2023 жылы педагог-модератор санатын алды. 2024-2026ж. аралығында декреттік демалыста болды.

Біліктілікті арттыру курстары:

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АО, «Білім берудегі ЖИ модельдері», (07.09 – 18.09.2026 ж), 80 сағат.

Жетістіктер: Құрмет грамотасы- «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы,2023ж

Оқушылар: Диплом, Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде информатика пәнінен 3 орын –Бурхан Алинұр 10 сынып, 2023ж



БАСЫҒАРАЕВА ӘСЕМ ҚАЙРАТҚЫЗЫ

1993 жылы 16 наурызда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Ыбырай Алтынсарин атындағы №10 орта мектепті 2010 жылы бітірген. 2010-2014 жылдары Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің «Информатика» факультетінде жоғары білім алған. 2014жылы магистратураға түсіп, 2016 ж магистр атағын алды. Алғашқы еңбек жолын , 2020 жылы И.В Панфилов атындағы №5 мектеп лицейінде информатика пәні мұғалімі болып жұмыс жасайды. Педагог-модератор категориясын 2023 жылы алды.

Біліктілікті арттыру курстары:

Педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастыруымен "Информатика пәнін оқытудағы цифрлық технологиялар және жасанды интеллект" курсын оқыды.

"Негізгі мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі" атты курсты сәтті аяқтады.

"Цифрлық сауаттылықты қалыптастырудағы педагогикалық тәсілдер" атты мақала халықаралық дәрежедегі "IN THE WORLD OF SCIENCE AND EDUCATION" журналында жарық көрді.




ҚҰДАЙБЕРГЕН ӘСЕЛ ЖОЛДАСБЕККЫЗЫ

1995 жылы 16 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысы, Жетісай қаласында дүниеге келген. 1998 жылы Қызылорда қаласына көшіп келген. 2001 жылы Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектебінің табалдырығын аттап, 2012 жылы мектепті бітірген. 2012-2016 жылдары Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің «Информатика» факультетінде жоғары білім алған. Жоғарғы оқу орнын бітңргеннен кейін, еңбек жолын 2016 жылы И.В Панфилов атындағы №5 мектеп лицейінде информатика пәні мұғалімі болып бастады. 2018 жылы педагог-модератор категориясын алды. 2021 жылы педагог-сарапшы категориясын алды. Осы жылы отбасын құрып, 2021-2023 жж, 2023-2026 жж арасында декреттік демалыста болды. 2026 жылдың қыркүйек айында жұмысқа қосылды.

Біліктілікті арттыру курстары:

«Өрлеу біліктілікті арттыру» мекемесінің ұйымдастыруымен «Білім берудегі ЖИ модельдері» курсы 01.06-12.06.2026ж;

«Педагогикалық шеберлік орталығы» ұйымдастыруымен "Негізгі мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі" атты курсы 14.09-25.09.2026ж.



СҮТТІБАЕВА САЛТАНАТ ЕГІЗБАЕВНА

1983 жылы 18 маусымда Шымкент қаласында дүниеге келген. 2012 жылы №187 Мұстафа Шоқай атындағы қазақ орта мектебін бітіріп шықты. 2000-2004 жылдар аралығында Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетін, «Физика-Информатика» мамандығын бітірді. Еңбек жолын 2004 жылы Әли Мүсілімов атындағы № 101 мектеп-лицейінде физика пән мұғалімінен бастап, 2011 жылыдан бастап және қазіргі таңда И.В Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейин де информатика пәні мұғалімі.



ӘБІШЕВА АҚЕРКЕ СЕРЖАНҚЫЗЫ

1985 жылы 9 тамызда Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1991 жылы Ш.Есенов атындағы №153 мектеп-лицейінің табалдырығын аттап, 2001 жылы бітіріп шықты. 2001 – 2007 жылдары Қорқыт ата атындағы ҚМУ-нде «Физика және математика» мамандығы бойынша білім алып, үздік дипломға бітіріп шыққан. Жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін 2007 – 2018 жылдар аралығында Ш.Есенов атындағы №153 мектеп-лицейде физика және информатика пәнінен мұғалімі болып қызмет атқарған. 2018 жылдан бастап И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде информатика пәнінің мұғалімі қызметін атқаруда. 2023 жылы педагог-сарапшы санатын алды.

Біліктілікті арттыру курстары:

1) "Python бағдарламалау тілін оқытудың әдістемесі мен тәжірибесі" сертификат, 80 сағат, 28.10-08.11.2024, Тіркеу №0821076

2) "Білім беру ұйымдарын инклюзивті оқыту", 80 сағат, 13.11.2023

«Педагогтың кәсіби мүмкіндіктері мен тұлғалық қасиеттері» педагогтерді курстан кейінгі қолдау облыстық форумына қатысқаны үшін «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының сертификаты

«Зерде» республикалық 2-7 сынып оқушылары арасында зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстары конкурсының қалалық кезеңінде әділқазы мүшесі болғаны үшін Анықтама

«Білікті ұстаз-дарынды шәкірт» ҚР педагогтарының шығармашылық-әдістемелік орталығының бастамасымен құрылған республика педагогтарының «Білікті ұстаз-дарынды шәкірт» орталығының мүшесі екенін растайтын куәлік

«Білім беру саласындағы жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен болашағы» атты мақала. Еуразия инновациялық ғылыми–зерттеу орталығы (халықаралық)
Тамыз, 2025 жыл

«Мектептегі Робототехника: Жобалау және оқушыларды дайындау» атты Республикалық семинар. Астана қаласы Қараша, 2025 жыл



ҚОЖАБЕРГЕНОВА СӘНИЯ АЛМАСБЕККЫЗЫ

1994 жылы 23 шілдеде Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2012 жылы №187 Мұстафа Шоқай атындағы қазақ орта мектебін бітіріп шықты. 2012-2016 жылдар аралығында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін, «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығын бітірді. 2016-2018 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін, «Информатика» мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Еңбек жолын 2016 жылы И.В Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде программист қызметінен бастап, 2019 жылыдан бастап және қазіргі таңда информатика пәні мұғалімі. 2024 жылы педагог-модератор санатын алды.

Біліктілікті арттыру курстары:

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АО, Smart – оқыту: оқу процесін ұйымдастырудың негізгі қағидаттары», біліктілігін арттыру курсы, (03.06 – 14.06.2024 ж), 80 сағат.

Жетістіктер: Алғыс хат- «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы,2022ж

Оқушылар: II дәрежелі Диплом, Үздік ғылыми жоба,Алмас Аружан- Республикалық байқау,2024ж

I дәрежелі Диплом, Мұрат Абдуғаффар - «Ақбота» зияткерлік олимпиада, 2024ж



ДУЗУМБЕТОВА АСЕМ БАУЫРЖАНОВНА

1992 жылы 12 қаңтарда ма ызылорда облысы Арал қаласында дүниеге келген. 2008 жылы №83 мектепті бітіріп шықты. 2011-2014 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы университетін бітірп шыққан. Еңбек жолын 2011 жылы №101 мектеп лицейінен бастап,қазіргі таңда И.В Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде информатика пәні мұғалімі болып жұмыс істеймін. 2023 жылы педагог-сарапшы санатын алдым.



ЕРЖАНОВА ДИНАРА ЖАЙЛАУБАЕВНА

1985 жылы 11 маусымда Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1992 жылы Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектебінің табалдырығын аттап, 2003 жылы бітіріп шықты. 2003 – 2008 жылдары Қорқыт ата атындағы ҚМУ-нде «Қолданбалы математика» мамандығы бойынша білім алып, үздік дипломға бітіріп шыққан. Жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін 2009 – 2018 жылдар аралығында М.Мәметова атындағы жоғары колледжінде математика және информатика мамандығы бойынша оқытушы қызметін атқарған. 2018 жылдан бастап И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде информатика пәнінің мұғалімі қызметін атқаруда. 2025 жылы педагог-сарапшы санатын растады.



ДОСЖАНОВА ГУЛЬНУР УРЫНБАСАРОВНА

1990 жылы 19 қаңтарда Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2005–2009 жылдары Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжінде «Информатика және есептеуіш техникасын оқыту» мамандығы бойынша білім алған. 2009–2012 жылдары Болашақ университетінде «Информатика» мамандығы бойынша жоғары білім алған. 2016 жылы Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейіне лаборант қызметіне орналасып, 2018 жылдан бастап осы білім ордасында информатика пәні мұғалімі болып еңбек жолын жалғастырып келеді. Қазіргі таңда педагог-сарапшы. 2021–2022 оқу жылынан бастап сынып жетекшілік қызметін атқарып келеді.

Педагог еңбек жолында өзін кәсіби білімі мен тәжірибесін білім алушылардың сапалы білім алуына бағыттайтын, ізденімпаз, жауапкершілігі жоғары және жаңашылдыққа ұмтылатын маман ретінде танытып келеді. Информатика пәнін оқыту барысында заманауи цифрлық технологияларды, бағдарламалау құралдарын және тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдерді оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізіп, оқушылардың цифрлық сауаттылығын, алгоритмдік және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына, пәндік олимпиадаларға, зияткерлік және шығармашылық байқауларға қатысуға бағыттап, олардың қабілеттерін ашуға және кәсіби бағдарлануына қолдау көрсетіп келеді.

Педагог кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп, білім беру саласындағы заманауи бағыттарды меңгеруге белсенді қатысады. 2021–2022 оқу жылында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Python бағдарламалау негіздері» курынан өтті. Сол оқу жылында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ ұйымдастырған «Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту» бағдарламасы бойынша білімін жетілдірді. 2023–2024 оқу жылында Baitursynuly University ұйымдастырған «Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және жетекші педагог» бағдарламасына қатысты. 2024–2025 оқу жылында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ ұйымдастырған «Білім берудегі жасанды интеллектінің рөлі» және «Python бағдарламалау тілін оқытудың әдістемесі мен тәжірибесі» тақырыптарындағы курстардан өтті. 2025–2026 оқу жылында Daryn Ustaz педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығының «Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технология мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» бағдарламасы бойынша кәсіби біліктілігін арттырды.

Педагогтің кәсіби еңбегі бірнеше мәрте жоғары бағаланып, 2024 жылы Қызылорда облысының әкімінің Алғыс хатымен, Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығының Алғыс хатымен, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің Құрмет грамотасымен және республикалық «Өрлеу» педагогикалық шеберлікті дамыту орталығының Құрмет грамотасымен марапатталды. 2025 жылы Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығының Құрмет грамотасына ие болды.

Педагогтің кәсіби қызметінің нәтижелілігі оқушыларының жетістіктерінен де айқын көрінеді. 2024 жылы оқушысы жалпы білім беретін пәндер бойынша 7–8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысып, Қызылорда облыстық білім басқармасының Алғыс хатына ие болды. 2024 жылы Айдосова Фирюза жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткізілген «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының қалалық кезеңіндегі «Мен мамандықты таңдаймын» байқауында II дәрежелі Дипломмен марапатталды.

2025 жылы Айдосова Фирюза жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңінде «Информатика» бағыты бойынша III дәрежелі Диплом иеленді. 2025 жылы Қозыбақова Маржан «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалінің қалалық кезеңінде «Үздік әлеуметтік жарнама» номинациясы бойынша III дәрежелі Дипломмен марапатталды.

2026 жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында Әшірбек Әділет, Джакешов Рамазан, Оразбек Марфуға және Костин Эльдар I дәрежелі Диплом иеленді. Сондай-ақ 2026 жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын»

республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Bebras» информатика бойынша ойын-конкурсында Алмас Гүлжанат пен Комбай Жаннұр II дәрежелі Дипломмен марапатталды.

Жалпы алғанда, педагог-сарапшы информатика пәнін оқытуда заманауи цифрлық технологияларды тиімді пайдалана білетін, бағдарламалау және жасанды интеллект бағыттарындағы кәсіби білімін үнемі жетілдіріп отыратын, ізденімпаз әрі шығармашыл маман. Ол білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың зияткерлік, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға жүйелі түрде ықпал етіп келеді. Оқушыларының түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен ғылыми жобаларда, зияткерлік және шығармашылық байқауларда жүлделі орындарға ие болуы педагогтің кәсіби шеберлігі мен еңбегінің нақты нәтижесі болып табылады.



БАЙТҰЯҚОВА ТЕҢЕЛ НҰРЛАНҚЫЗЫ

1993 жылы 16 мамырда Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2019 жылы Шымкент қаласындағы Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінде «Информатика» мамандығы бойынша білім алған. 2021 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Информатика» мамандығы бойынша білімін жетілдірген. 2017 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде информатика пәні мұғалімі болып еңбек жолын бастап, қазіргі таңда педагог-модератор ретінде қызмет атқарып келеді. 2024–2025 оқу жылынан бастап сынып жетекшілік қызметін де атқарып келеді.

Педагог өзінің еңбек жолында кәсіби білімі мен тәжірибесін білім алушылардың сапалы білім алуына бағыттап, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үдерісінде тиімді қолдануымен ерекшеленіп келеді. Информатика пәнін оқыту барысында оқушылардың цифрлық сауаттылығын, логикалық және алгоритмдік ойлау қабілеттерін дамытуға, бағдарламалау мен робототехникаға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізеді. Сонымен қатар білім алушыларды түрлі пәндік олимпиадаларға, зияткерлік-шығармашылық байқауларға, робототехника және бағдарламалау бағытындағы жарыстарға дайындап, олардың кәсіби және шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлес қосып келеді.

Педагог кәсіби біліктілігін үнемі арттырып, заманауи білім беру талаптарына сай жаңа технологияларды меңгеруге ерекше мән береді. 2024 жылы «Инклюзивті білім беру мен үйде оқытуды ұйымдастыру және арнайы балалармен жұмыс жасау» тақырыбындағы 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсынан өтті. 2025 жылы мектеп директоры орынбасарларының кадрлық резерві бағдарламасына қатысты. 2026 жылы «Білім берудегі ЖИ модельдері» тақырыбында «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығында біліктілігін жетілдірді. Сонымен қатар «Білім беру ұйымында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми-практикалық негіздері» тақырыбындағы біліктілікті арттыру бағдарламасына қатысты.

Еңбек жолындағы кәсіби жетістіктері де жоғары. «Дарынды жастардың тірегі – білікті ұстаз» атты республикалық байқауға қатысып, Алғыс хат және Сертификатпен марапатталды. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша дайындаған мақаласы жоғары бағаланып, Диплом және Сертификатқа ие болды. Еліміздің жас жеткіншектеріне сапалы білім беру жолындағы еңбегі мен білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Алғыс хаттармен марапатталды. Қызылорда қаласы әкімінің және «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы – Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының Алғыс хаттарына ие болды.

Информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған іс-шараларға да белсенді қатысады. Қала мектептерінің информатика пәні мұғалімдері арасында өткен «ROBOTUR» қалалық сайысында кәсіби шеберлігін көрсетіп, Алғыс хатпен марапатталды. Робототехникадан өткен «ROBOIMAQ» қалалық чемпионатында «Биатлон» бағыты бойынша өз шеберлігін танытып, Алғыс хатқа ие болды. «Scratch ортасында бағдарламалау» зияткерлік-шығармашылық байқауына белсенді қатысты.

Білім алушылардың нәтижелі жетістіктеріне де айрықша үлес қосып келеді. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде информатика пәнінен оқушысы III орын иеленді. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің демеушілік қолдауымен және «GRAND MASTER» бағдарламалау мектебінің ұйымдастыруымен өткен «JUNIOR SKILLS Kazakhstan – 2024» чемпионатының «Спорттық бағдарламалау» құзыреттілігі бойынша Қызылорда облыстық кезеңінде I орын иеленді. Сондай-ақ спорттық бағдарламалау бойынша «JUNIOR SKILLS Kazakhstan» чемпионатында үздік нәтиже көрсетіп, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2 білім грантын иеленуге қол жеткізді.

Педагог сынып жетекшісі ретінде де оқушылардың тәрбиесіне, тұлғалық қалыптасуына және олардың қоғамдық ортаға белсенді араласуына жүйелі түрде қолдау көрсетіп келеді. Оқу мен тәрбиені сабақтастыра

отырып, білім алушылардың жауапкершілігін, еңбекқорлығын, шығармашылық қабілетін және заманауи цифрлық дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар атқарады.
Жалпы алғанда, педагог-модератор кәсіби білімі терең, ізденімпаз, жауапкершілігі жоғары, заманауи технологияларды меңгерген және оларды білім беру үдерісінде тиімді пайдалана білетін білікті маман ретінде қалыптасқан. Ол өзінің кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіріп, оқушылардың пәндік, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға елеулі үлес қосып, мектептің білім беру сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарға белсенді атсалысып келеді.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІ БІРЛЕСТІГІ ЖӘНЕ БӘД



АБДУЛДАЕВ НАҒИ АЛМАТБЕКҰЛЫ

Абдулдаев Нағи Алматбекұлы 1993 жылы 14 сәуірде Қызылорда қаласында дүниеге келген.
2011–2015 жылдары Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алып, жоғары білім алған.
2017 жылы Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады.
Еңбек жолы барысында білім беру, дене шынықтыру және спорт салаларында түрлі қоғамдық және спорттық іс-шараларға белсенді қатысып, оқушылар мен әріптестер арасында спортты насихаттауға өз үлесін қосып келеді. Сонымен қатар қалалық және облыстық деңгейдегі спорттық жарыстарда төрешілік жасап, түрлі іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстарына белсенді атсалысқан.
Марапаттары мен жетістіктері:

- Қызылорда облысы әкімдігінің «Денсаулық фестивалі – 2019» акциясы аясында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Салауатты жұмыс орны» жобасына енген мекемелер арасында өткізілген топтық спорттық эстафетаға белсенді қатысқаны үшін «Дипломмен» марапатталған;
- Қызылорда қаласының білім бөлімі ұйымдастырған қол күресінен жарыста I орын иеленіп, «Дипломмен» марапатталған;
- Қызылорда қаласының білім бөлімінің «Үздік шабуылшы» номинациясы бойынша «Алғыс хатымен» марапатталған;
- И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі директорының бірнеше «Алғыс хатымен» марапатталған;
- Қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мадақтамасымен» марапатталған;
- Қызылорда қаласының білім бөлімі және қалалық білім қызметкерлері кәсіподақ комитетінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған;
- «AMANAT» партиясының Қызылорда қалалық филиалының «Алғыс хатымен» марапатталған;
- Алматы қаласындағы республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық мерзімді баспасөз басылымы «Білім Әлемі» ұйымының «Дипломымен» марапатталған;
- Тасбөгет кенті әкімінің ауыспалы кубогі үшін шағын футболдан өткізілген ашық турнирде төрешілік жасап, жарыстың жоғары деңгейде өтуіне атсалысқаны үшін «Алғыс хатымен» марапатталған;
- Қызылорда қаласының білім бөлімі мен қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі ұйымдастырған «Былғары доп» қалалық ашық біріншілігінде төрешілік жасағаны үшін «Алғыс хатымен» марапатталған;
- Қызылорда қаласы Полиция басқармасының «Динамо» спорт кешенінде өткізілген жастар арасындағы жарысқа белсенді қатысқаны үшін «Алғыс хатымен» марапатталған;
- Қызылорда облысының білім басқармасы «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы ұйымдастырған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша оқушылардың республикалық олимпиадасын ұйымдастыру жұмыстарына белсенді атсалысып, ерекше үлес қосқаны үшін «Алғыс хатымен» марапатталған;

- Қызылорда қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен өткен жарыста II орын иеленіп, «Мадақтамамен» марапатталған;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Алғыс хатымен» марапатталған;
- «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының бірнеше сертификатына ие болған;



АЛДАЖАРОВ ТЕМІРЖАН БАУЫРЖАНҰЛЫ

1995 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген.
2001–2012 жылдар аралығында №171 қазақ орта мектебінде білім алды.
2012–2015 жылдары «Болашақ» университетінде «Дене шынықтыру және спорт мұғалімі» мамандығы бойынша білім алып, жоғары арнаулы білім алды.
2016 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді.
Қазіргі таңда педагог-модератор біліктілік санатына ие. Жалпы еңбек өтілі – 11 жыл.
Марапаттары мен жетістіктері
2019 жыл – «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығының Алғыс хаты.
2019 жыл – UEFA D санатындағы сертификат.
2019 жыл – «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығының куәлігі.
2020 жыл – Қызылорда қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасы.
2020 жыл – Қалалық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасы.
2022 жыл – Облыстық волейбол федерациясының сертификаты.
2022 жыл – Ұлттық мектеп лигасында шәкірті Сайфетдин Ляззат «Үздік ойыншы» аталымы бойынша Дипломмен марапатталды.
2023 жыл – Ұлттық мектеп лигасында I орын иеленді.
2024 жыл – «Бүгінгі ұстаз таңы» газетінің Алғыс хаты.
2024 жыл – «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығының сертификаты.
2025 жыл – «ККО» инклюзивті білім беру бағыты бойынша сертификат.
2025 жыл – «Бүгінгі ұстаз таңы» басылымының сертификаты.
2026 жыл – Ұлттық мектеп лигасында шәкірті Сейтқазы Алтынай «Үздік нәтижелі ойыншы» аталымы бойынша Дипломмен марапатталды.
Еңбек жолында дене шынықтыру мен спортты дамытуға, оқушыларды салауатты өмір салтына баулуға, спорттық жарыстарға дайындауға және мектеп спортының дамуына белсенді үлес қосып келеді.



ЖҰМАБАЕВ ДӘУЛЕТ БҰХАРБЕКҰЛЫ

1987 жылы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында дүниеге келген.
1993–2004 жылдар аралығында №239 қазақ орта мектебінде білім алған.
2004–2008 жылдары Х.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Дене шынықтыру және спорт мұғалімі» мамандығы бойынша білім алған.
2008–2009 жылдары Алматы қаласындағы №5572 әскери бөлімінде әскери қызмет атқарған.
2010–2016 жылдар аралығында «Облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығында» тәрбиеші қызметін атқарған.
2016 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді. Қазіргі таңда педагог-сарапшы біліктілік санатына ие. Жалпы еңбек өтілі – 15 жыл.
Еңбек жолы барысында білім беру және спорт саласында бірқатар жетістіктерге қол жеткізген. 2019 жылы UEFA D санатындағы сертификатқа ие болды. Сол жылы Қызылорда облысының білім басқармасының Дипломымен және бірнеше Алғыс хаттарымен, Қызылорда қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің Құрмет грамотасымен, Қызылорда қаласы әкімінің Алғыс хатымен, Қызылорда қаласының білім бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ 2019 жылы «Достық» кубогі аясында шәкірті Рабаев Еркебұлан «Үздік қорғаушы» аталымы бойынша марапатталды.
2020 жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының сертификатына, Қызылорда қаласының білім бөлімінің Құрмет грамотасына ие болды. Сол жылы Ұлттық мектеп лигасында шәкірті Паталах Анастасия «Үздік ойыншы» аталымы бойынша Дипломмен марапатталды.
2021 жылы «Достық» кубогі аясында шәкірті Болат Азамат «Үздік шабуылшы» аталымы бойынша Дипломмен марапатталды. Сонымен қатар Қызылорда облысының білім басқармасының және Қызылорда қаласының білім бөлімінің Дипломдарымен марапатталды. Сол жылы Ұлттық мектеп лигасында шәкірті Губенко Арина «Үздік ойыншы» аталымы бойынша Дипломға ие болды.
2024 жылы және 2026 жылы Қызылорда қаласының білім бөлімінің Дипломдарымен марапатталды.
Педагогикалық қызметі барысында оқушыларды дене шынықтыру мен спортқа баулып, олардың спорттық қабілеттерін дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттауға және түрлі деңгейдегі спорттық жарыстарға дайындауға белсенді үлес қосып келеді. Шәкірттері қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі спорттық жарыстарда жүлделі орындарға ие болып, түрлі номинациялар бойынша марапатталып келеді.



МАХАНОВ ЕРБОЛАТ ШАМИЛОВИЧ

Маханов Ерболат Шамилович 1981 жылы 21 мамырда дүниеге келген. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Өткелбаев көшесі, 27А. 2000–2004 жылдары Қ.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алып, жоғары білім алған.

Еңбек жолын 2005 жылы №11 орта мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастаған. 2005–2015 жылдар аралығында аталған білім беру ұйымында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі қызметін атқарды. 2015–2019 оқу жылдары №11 мектеп-лицейінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды. 2019–2020 оқу жылдары №9 мектеп-гимназиясында директордың бейінді орынбасары қызметін атқарды. 2021–2022 оқу жылдары №5 мектеп-лицейінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 2022 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы №5 мектеп-лицейінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді.

Жалпы еңбек өтілі – 20 жыл. Қазіргі таңда педагог-сарапшы біліктілік санатына ие, сондай-ақ I санатты педагог. Біліктілік санатының тіркеу нөмірі – №207, 02.09.2025 жыл.
Еңбек жолында білім беру, дене шынықтыру және спорт саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, оқушыларды спортқа баулуға және олардың шығармашылық әрі спорттық қабілеттерін дамытуға белсенді үлес қосып келеді. Әсіресе шахмат спорты бойынша оқушыларды дайындап, қалалық және облыстық деңгейдегі жарыстарда жүлделі орындарға ие болуына жетекшілік жасаған.

2025 жылы «Ұлттық мектеп лигасы» аясында қала мектептерінің 5–6 сынып оқушылары арасында өткізілген шахмат сайысында шәкірттері II орын иеленіп, жетекшісі ретінде Дипломмен марапатталды. 2024

жылы білім қызметкерлері арасында өткізілген «Спартакиада-2024» жарысында шахматтан «Үздік ойыншы» номинациясы бойынша Дипломға ие болды. Сонымен қатар 2024 жылы Қызылорда қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

2024 жылы бұқаралық спортты дамыту мақсатында қала мектептері оқушылары арасында өткізілген шахмат жарысында шәкірттері III орын иеленіп, Дипломмен марапатталды. Сол жарыста «Үздік жетекші» номинациясы бойынша Дипломға ие болды. Сондай-ақ қалалық оқушылар арасында өткізілген шахмат жарысында №5 мектеп-лицейі командасының жетекшісі ретінде Алғысқа ие болды және №5 мектеп-лицейінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

2023 жылы мектеп оқушылары арасында өткізілген шахмат олимпиадасының қалалық кезеңінде 2–4 сынып қыздар арасында шәкірті Асхатова Әсел I орын иеленіп, Дипломмен марапатталды. Осы олимпиаданың облыстық кезеңінде Асхатова Әсел II орын иеленіп, Дипломмен марапатталды. Сонымен қатар 2023 жылы «Ұлттық мектеп лигасы» аясында қала мектептерінің 7–8 сынып оқушылары арасында өткізілген шахмат сайысында шәкірттері II орын иеленіп, жетекшісі ретінде Дипломмен марапатталды.

2022 жылы Қызылорда қаласы әкімінің Алғыс хатымен және Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы төрағасының Алғыс хатымен марапатталды. Сол жылы «Дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсынан өтті.

2020 жылы «Бейіндік оқытудың педагогикалық және психологиялық негіздері» атты әдістемелік құрал және «Стол теннисі» атты әдістемелік көмекші құрал әзірледі.

2019 жылы «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасарының Алғысымен, 2018 жылы «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалының Алғыс хатымен марапатталды. 2017 жылы Қызылорда қаласы әкімінің Алғыс хатына және Қызылорда қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасына ие болды.

Ерболат Шамилович Маханов еңбек жолында өзін білікті, жауапты және ізденімпаз педагог ретінде танытып, оқушылардың дене шынықтыруға, спортқа және салау



МЕҢЛЕСБАЙҰЛЫ ШЫНБОЛАТ

Меңлесбайұлы Шынболат 1993 жылы 31 шілдеде Қызылорда қаласына қарасты Ж.Махамбетов ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Білімі – жоғары. Қазіргі таңда педагог-модератор біліктілік санатына ие.

Шынболат Меңлесбайұлы Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарады. Жалпы еңбек өтілі – 11 жыл, оның ішінде білім беру саласындағы және осы еңбек ұжымындағы жұмыс өтілі – 11 жыл.

Еңбек жолы барысында өзін білікті, жауапты, ізденімпаз әрі белсенді педагог ретінде танытып, білім алушылардың дене шынықтыруға және спортқа қызығушылығын арттыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, мектепішілік және қалалық спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді үлес қосып келеді. Сонымен қатар жастармен жұмыс жасауға, қоғамдық жұмыстарға және білім беру ұйымының түрлі іс-шараларына белсенді қатысады.

Педагогикалық қызметіндегі белсенділігі мен кәсіби жетістіктері үшін бірнеше мәрте марапатталған. Атап айтқанда, 2019 жылы Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Лагерь жұлдызы» номинациясы бойынша Дипломымен марапатталды. 2020 жылы Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі мен Қалалық білім қызметкерлері кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасына, сондай-ақ Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің Құрмет грамотасына ие болды. Сол жылы «Үздік жастар кеңесі – 2020» кәсіби байқауында «Іскер» номинациясы бойынша Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі және қалалық кәсіподақ комитетінің марапатына ие болды. 2021 жылы Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Шынболат Меңлесбайұлы өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіруге ұмтылатын, жас ұрпақтың денсаулығы мен дене тәрбиесіне ерекше мән беретін педагог ретінде еңбек етіп келеді. Оқушыларды спортқа баулу, олардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру, белсенділік пен

жауапкершілікті арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп, білім беру саласының дамуына өзіндік үлесін қосып келеді.



БАЙКЕТЕ ӨМІРЖАН ТЕМІРҰЛЫ

Байкете Өміржан Теміұлы 1992 жылы 7 қыркүйекте Қызылорда облысы, Жосалы ауданы, Иіркөл ауылында дүниеге келген.

2013–2017 жылдары Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алған.

2017 жылы Қызылорда қаласындағы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейіне дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастаған. Қазіргі таңда аталған білім беру ұйымында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келеді.

Педагогикалық қызметі барысында оқушыларды дене шынықтыру мен спортқа баулып, олардың спорттық қабілеттерін дамытуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және түрлі деңгейдегі спорттық жарыстарға дайындауға белсенді үлес қосып келеді. Өзі де спорттық жарыстарға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болған.

2022 жылы Қызылорда облысы әкімдігі ұйымдастырған 9–11 сынып оқушылары арасында өткізілген «Ұлттық мектеп лигасы» жарысының футбол спорт түрінен III орын иеленіп, Дипломмен марапатталды. Сол жылы ұлағатты ұстаз Ли Всеволод Алексеевичті еске алуға арналған мектеп ұстаздары арасында өткен баскетбол жарысында «Үздік сұрмерген» номинациясы бойынша Дипломға ие болды.

2023 жылы үстел теннисі спорт түрінен «Ұлттық мектеп лигасының» аймақтық кезеңінде 7–8 сынып оқушылары арасында өткізілген жарыстарда Б тобы бойынша II орын және Е тобы бойынша I орын иеленіп, Дипломдармен марапатталды. Б. Момышұлының туғанына 120 жыл толуына орай алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдері арасында өткізілген «Сыр мергені» атты пневматикалық винтовкадан ату жарысында II орын иеленді.

2023 жылы «Сапалы дене тәрбиесі – еліміздің адами капиталының негізі» тақырыбындағы апталық аясында өткізілген «Сергектік және денсаулық» атты қалалық үстел теннисі жарысында III орын, сондай-ақ «Салауатты өмір – кемел болашақ» тақырыбында 5–6 сынып оқушылары арасында өткізілген қалалық ашық біріншілікте үстел теннисінен II орын иеленді.

Сонымен қатар 2023 жылы Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Ұлттық мектеп лигасы» аясындағы футзалдан «Теңбіл доп» жарысында 5–6 сынып оқушылары арасында №5 мектеп-лицейінің командасы I орын иеленді. «Ұлттық мектеп лигасының» футболдан «Былғары доп» жарысының 5–6 сынып ер балалар арасындағы облыстық іріктеу кезеңінде №5 мектеп-лицейінің командасы II орынға ие болды. Сондай-ақ 9–11 сынып ер балалар арасында футзалдан өткізілген «Теңбіл доп» қалалық іріктеу жарысында №5 мектеп-лицейінің командасы III орын иеленді.

2024 жылы «Ұлттық мектеп лигасы» аясында үстел теннисінен 7–8 сынып оқушылары арасында өткізілген қалалық кезеңде II орын иеленіп, Дипломмен марапатталды.

2025 жылы «Ұлттық мектеп лигасы» аясында 5–6 сынып оқушылары арасында өткізілген үстел теннисі жарысының облыстық іріктеу кезеңінде №5 мектеп-лицейінің командасы III орын иеленді. Сол жылы «Ұлттық мектеп лигасы» аясында 5–6 сынып оқушылары арасында өткізілген үстел теннисі жарысында №5 мектеп-лицейінің командасы I орын иеленді.

2025 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 34 жылдығына орай қала мектептері мұғалімдері арасында өткізілген волейбол жарысында I орын иеленді. Дүниежүзілік сайлау күніне арналған Қызылорда қаласы бойынша учаскелік сайлау комиссиялары мүшелері арасында өткен шағын футбол жарысында III орынға ие болды. Сонымен қатар «AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының

Алғысымен марапатталды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «UEFA Grassroots Leaders» бағдарламасы бойынша «D» санатындағы сертификатына ие.

Педагогикалық қызметі барысында Өміржан Темірұлы оқушылардың спорттық жетістіктеріне ерекше көңіл бөліп, олардың қалалық, облыстық және басқа да деңгейдегі жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетуіне ықпал етіп келеді.

Атап айтқанда, 2022 жылы 7–8 сынып оқушылары арасында өткізілген «Ұлттық мектеп лигасы» жарысының қалалық кезеңінде футболдан шәкірті Петрик Евгений «Үздік қорғаушы» номинациясы бойынша Дипломмен марапатталды.

2023 жылы «Алтын күз» мерекесіне орай 2007–2010 жылдары туған жасөспірімдер арасында үстел теннисінен өткізілген қалалық турнирде шәкірті Али Абылайжан III орын иеленіп, Мадақтамамен марапатталды. Сол жылы «Ұлттық мектеп лигасының» қалалық кезеңінде 7–8 сынып оқушылары арасында үстел теннисінен өткізілген жарыста Али Абылайжан «Үздік ойыншы» номинациясы бойынша Дипломға ие болды.

2023 жылы «Сапалы дене тәрбиесі – еліміздің адами капиталының негізі» тақырыбындағы апталық аясында «Сергектік және денсаулық» атты қалалық үстел теннисі жарысында белсенділік танытып, жоғары нәтиже көрсеткен шәкірті Али Мәдіжан «Үздік ойыншы» номинациясымен Алғыс хатпен марапатталды. Сол жылы тоғызқұмалақтан өткен қалалық жарыста үздік өнер көрсеткен шәкірті Құрманов Қыдырәлі Алғыс хатпен марапатталды.

2025 жылы «Дене тәрбиесі және спорт үздіксіз білім беру жүйесінде: дамыту мәселелері мен мүмкіндіктері» тақырыбындағы апталық аясында өткізілген мектепаралық «Сергектік және денсаулық – 2024» атты үстел теннисі жарысында үздік нәтиже көрсеткен шәкірті Маратұлы Даниял «Үздік ойыншы» номинациясы бойынша Дипломмен марапатталды.

2026 жылы «Ұлттық мектеп лигасы» жарысының қалалық кезеңінде футбол спорт түрінен 5–7 сынып оқушылары арасында №5 мектеп-лицейінің командасы II орын иеленіп, Дипломмен марапатталды.

Өміржан Темірұлы еңбек жолында өзін білікті, ізденімпаз, жауапты және белсенді педагог ретінде танытып, дене шынықтыру мен спортты насихаттауға, оқушылардың спорттық қабілеттерін дамытуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға елеулі үлес қосып келеді. Оның жетекшілігімен №5 мектеп-лицейінің оқушылары футбол, футзал, үстел теннисі, баскетбол және басқа да спорт түрлерінен қалалық және облыстық жарыстарда жүлделі орындарға ие болып келеді.



ДҮЙСЕНБЕКОВА ГҮЛЖАН САЙЛАУҚЫЗЫ

Дүйсенбекова Гүлжан Сайлауқызы 1989 жылы 30 мамырда Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында дүниеге келген.

1995–2006 жылдар аралығында Жалағаш ауданындағы №246 орта мектепте білім алып, 2006 жылы аталған мектепті аяқтаған.

2006–2009 жылдары Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университеті жанындағы колледжде «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша білім алып, колледжді тәмамдаған.

2009–2012 жылдары Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университетінің күндізгі бөлімінде «Информатика» мамандығы бойынша білім алып, «Информатика бакалавры» академиялық дәрежесін алған.

2013–2014 жылдары Жалағаш аудандық «Наркескен» спорт клубында «Жастар практикасы» бағдарламасы аясында нұсқаушы қызметін атқарған. Осы кезеңде спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға, жастарды спортқа тартуға және салауатты өмір салтын насихаттауға белсенді атсалысқан.

2014–2016 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алып, аталған мамандықты тәмамдаған.

2015 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді.

Гүлжан Сайлауқызы еңбек жолында өзін жауапты, ізденімпаз, шығармашыл және өз ісіне берілген педагог ретінде танытып келеді. Ол оқушылардың дене дайындығын жетілдіруге, спортқа деген қызығушылығын арттыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және бос уақыттарын тиімді

ұйымдастыруға ерекше көңіл бөледі. Сонымен қатар мектепішілік, қалалық және облыстық деңгейдегі спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді қатысып, оқушыларды түрлі спорттық жарыстарға дайындап келеді.

Педагогикалық қызметімен қатар кәсіби біліктілігін арттыруға, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруге және білім беру үдерісіне заманауи технологияларды енгізуге ұдайы көңіл бөледі. Ақпараттық жүйелер және информатика саласындағы алғашқы білімі де педагогикалық қызметінде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

2020, 2021, 2022, 2023 және 2024 жылдары Қызылорда облысының білім басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Гүлжан Сайлауқызының көпжылдық педагогикалық қызметі барысында оқушылары түрлі спорттық жарыстарға қатысып, жақсы нәтижелер көрсетіп келеді. Ол дене шынықтыру пәнін оқытумен қатар, оқушылардың бойында командалық жұмыс, жауапкершілік, тәртіп, төзімділік және салауатты өмір салты қағидаларын қалыптастыруға үлес қосып келеді.

Қазіргі таңда Дүйсенбекова Гүлжан Сайлауқызы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі ретінде еңбек етіп, жас ұрпақтың дене тәрбиесін жетілдіруге, спорттық қабілеттерін дамытуға және білім беру саласының дамуына өз үлесін қосып келеді.

АБДУЛХАМИТОВ НҰРЛАН ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ

1993 жылы 10 қаңтарда Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2010 жылы №9 Нағи Ілиясов атындағы мектепті бітіріп шықты. 2010-2014 жылдар аралығында Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық колледжінде «Дене шынықтыру» мамандығын бітірді. 2013-2015 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Дене шынықтыру» мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Еңбек жолын 2014 жылы И.В Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде дене шынықтыру пәні мұғалімі болып бастады. 2020 жылы педагог-сарапшы санатын алды. 2025 жылы педагог-сарапшы санатын растады.

Біліктілікті арттыру курстары:

«Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзіреттілігін дамыту» курсы, Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы,10.10.2025ж, 80 сағат.



ЖҰМАБАЕВ ҚАНАТ БИҚАСЫМҰЛЫ

1994 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келді.

2000-2011 жылдары №11, №257 мектебінде оқыды.

2012-2016 жылдары Кәсіптік білім беру Қорқыт ата атындағы университетінде «Дене шынықтыру және спорт мұғалімі» мамандығы бойынша білім алды.

2017-2019 жылдары Болашақ университетінде «Дене шынықтыру және спорт мұғалімі» мамандығы бойынша білім алды.

2019 жылдан бастап №5 И.В. Панфилов атындағы мектеп-лицейінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарады.

Педагог-модератор. Жұмыс өтілі: 7 жыл.

2024 жыл. Диплом. Қызылорда облысының білім басқармасы. «Ұлттық мектеп лигасы» аясында «Футбол» спорт түрі бойынша 5-6 сынып ер балалар арасындағы облыстық іріктеу жарысында II орын.

2024 жыл. Алғыс. Қызылорда облысының білім басқармасы. Білім беру саласының дене шынықтыру мен спорт жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін.

2024 жыл. Алғыс хат. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Мұғалімдер арасындағы республикалық спартакиадаға белсенді қатысқаны үшін.

2024 жыл. Диплом. Футболдан «Былғары доп» Ұлттық мектеп лигасының қалалық кезеңінде 5-6 сынып оқушылары арасында II орын.

2025 жыл. Диплом. Қызылорда облысының білім басқармасы. Мектеп оқушылары арасында облыстық күзгі спартакиада бағдарламасы бойынша футзал жарысында I орын.

2025 жыл. Диплом. Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі. «Спартакиада-2025» жарысында «Футзал» спорт түрі бойынша аймақтық (IV аймақ) кезеңінде II орын.

2025 жыл. Диплом. Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі. «Ұлттық мектеп лигасы» аясында футзал «Теңбіл доп» (9-11 сынып оқушылары) жарысының қалалық іріктеу жарысында «Үздік ойыншы» номинациясымен Ақылбек Айдархан. Жетекшісі: Жұмабаев Қанат.

2025 жыл. Диплом. «Ұлттық мектеп лигасы» аясында «Футбол» спорт түрі бойынша 7-8 сынып ұлдар арасындағы қалалық кезеңде «Үздік қорғаушы» (Жанғазыұлы Дәурен) номинациясын иеленген оқушыны дайындағаны үшін.

2025 жыл. Диплом. Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы. Облыстық күзгі спартакиада бағдарламасы бойынша футзал жарысының «Үздік қақпашы» (Абсалық Дархан) номинациясын иеленген оқушыны дайындағаны үшін.
2025 жыл. Диплом. Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі. 9-11 сынып оқушылары арасындағы футзал жарысында III орын иеленген команданы дайындағаны үшін.
2026 жыл. Диплом. Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі. «Ұлттық мектеп лигасы» аясында футзал «Теңбіл доп» (9-11 сынып оқушылары) жарысының қалалық іріктеу жарысында III орын.
2026 жыл. Алғыс. Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі. «Ұлттық мектеп лигасы» аясында футбол «Теңбіл доп» жарысының қалалық кезеңінде төрешілік еткені үшін.
2026 жыл. Диплом. «Ұлттық мектеп лигасы» қалалық 9-11 футбол ұлдар III орын.
2026 жыл. Диплом. «Ұлттық мектеп лигасы» қалалық 7-8 футбол ұлдар III орын.



ТЕЛЕУБАЕВ ҒАЛЫМЖАН ЗИЯДИНҰЛЫ

1994 жылғы 30 қыркүйекте Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қызылорда қаласындағы №101 орта мектепті тәмамдаған. 2012–2016 жылдары «Болашақ» университетінде 5В010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алып, бакалавр академиялық дәрежесін иеленді.
Еңбек жолын 2017 жылғы 4 қыркүйекте Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде дене шынықтыру пәні мұғалімі болып бастады. Қазіргі таңда осы білім ордасында еңбек етіп келеді. 2026 жылы «Педагог-модератор» біліктілік санаты берілді.

Ғалымжан Зиядинұлы оқу-тәрбие үдерісінде білім алушылардың дене дайындығын жетілдіруге, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және ұлттық спорт түрлеріне қызығушылығын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізеді. Оқушыларды қалалық және аймақтық жарыстарға дайындап, олардың спорттық нәтижелерге қол жеткізуіне жетекшілік етеді.

2022 жылы Қызылорда қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Балалар жылына» орай өткізген тоғызқұмалақ жарысында шәкірті III орын иеленді. Сол жылы жастарға сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі еңбегі үшін Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

2023 жылы шәкірттері бірқатар жетістікке жетті: «Сапалы дене тәрбиесі – еліміздің адами капиталының негізі» тақырыбындағы апталық аясында өткізілген қалалық тоғызқұмалақ жарысында I орын, Ұлттық мектеп лигасының аймақтық кезеңіндегі тоғызқұмалақ сайысында II орын және жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері арасында өткен баскетбол сайысында №5 мектеп-лицей командасы II орын алды. Бұл нәтижелер мұғалімнің оқушылардың спорттық шеберлігін дамытуға бағытталған тұрақты еңбегін көрсетеді. Кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіріп отырады. 2025 жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығында «Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбы бойынша 80 академиялық сағат көлеміндегі біліктілікті арттыру курсынан өтті. Сондай-ақ «Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» тақырыбындағы 80 академиялық сағаттық курсты аяқтады.

Педагог өз қызметінде оқушылардың денсаулығын нығайтуға, командалық рухын қалыптастыруға, жауапкершілік пен табандылық қасиеттерін дамытуға ерекше мән береді. Әр оқушының қабілетін байқап, спорттық әлеуетін ашуға жағдай жасайтын ізденімпаз әрі талапшыл ұстаз.



АРЫСТАНБЕКОВ ЕРЖІГІТ ЖӘНІБЕКҰЛЫ

Арыстанбеков Ержігіт Жәнібекұлы 1995 жылдың 1 қаңтарында Қызылорда қаласына қарасты Абай ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ.

2001 жылы №138 Абай атындағы қазақ орта мектебінің 1-сыныбына қабылданып, 2012 жылы аталған мектепті толық аяқтаған.

2012 жылы Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетіне оқуға түсіп, 2016 жылы «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

Еңбек жолын 2016 жылы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі қызметінен бастаған. Қазіргі таңда да осы білім ордасында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келеді.

Педагогикалық қызмет барысында оқушылардың денсаулығын нығайтуға, дене дайындығын жетілдіруге, спортқа қызығушылығын арттыруға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға ерекше көңіл бөліп келеді. Сабақ барысында оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескеріп, заманауи және тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін жүйелі түрде қолданады.

Арыстанбеков Ержігіт Жәнібекұлы кәсіби байқауларға, спорттық және қоғамдық іс-шараларға белсене қатысып, білім беру ұйымының қоғамдық өміріне өзіндік үлесін қосып келеді. Әріптестерімен бірлесіп өткізілетін мәдени-спорттық, тәрбиелік және қоғамдық іс-шараларға белсенді атсалысады. Кәсіби қызметінде оқушылардың спорттық жетістіктерін арттыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға және бұқаралық спортты дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізіп келеді. Мұғалім ретінде кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіріп, түрлі деңгейдегі кәсіби байқаулар мен педагогикалық іс-шараларға қатысып, өзінің білімі мен тәжірибесін ортаға салып келеді.

Еңбегі мен қоғамдық белсенділігі үшін Қызылорда қаласы және облыс көлемінде түрлі марапаттармен, алғыс хаттармен және дипломдармен атап өтілген. Білімі – жоғары. Педагог-модератор. Жалпы еңбек өтілі – 11 жыл, саладағы еңбек өтілі – 11 жыл, қазіргі еңбек ұжымындағы жұмыс өтілі – 11 жыл.

Әріптестері арасында жауапкершілігімен, еңбекқорлығымен, іскерлігімен және кәсіби ізденісімен ерекшеленеді. Оқушылармен жұмыс барысында олардың жеке қабілеттерін ашуға, спортқа деген қызығушылығын арттыруға және салауатты өмір салтын ұстануына бағыт-бағдар береді.
Арыстанбеков Ержігіт Жәнібекұлы – өз мамандығына адал, ізденімпаз, белсенді, жауапкершілігі жоғары педагог. Ол білім беру саласындағы жаңашылдықтарды меңгеруге, кәсіби біліктілігін арттыруға және тәжірибесін жетілдіруге үнемі ұмтылады.
Отбасылы. Бір ұлдың әкесі. Отбасы – оның өміріндегі басты құндылықтарының бірі. Бос уақытында спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстануға және отбасымен уақыт өткізуге көңіл бөледі. Алдағы уақытта да кәсіби білімі мен тәжірибесін жетілдіріп, білім беру саласының дамуына, оқушылардың спорттық қабілеттерін шыңдауға және дені сау, белсенді, отансүйгіш ұрпақ тәрбиесіне өз үлесін қосуды мақсат етеді.



АЛМАБАЕВ САЯТ ЖҮНІСБЕКҰЛЫ

Алмабаев Саят Жүнісбекұлы 1991 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақтөбе ауылында дүниеге келген.
1998 жылы Ақтөбе ауылындағы №109 қазақ орта мектебінің 1-сыныбына қабылданып, 2009 жылы аталған мектепті толық аяқтап, жалпы орта білім алған.

2009 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне «Алғашқы әскери даярлық» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2013 жылы жоғары білім алған.
2014-2016 жылдары «Болашақ» университетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алып, аталған мамандықты тәмамдаған.
2014 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып еңбек етіп келеді. Білім беру саласындағы жалпы еңбек өтілі – 12 жыл. Кәсіби қызметінде оқушылардың дене дайындығын жетілдіруге, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спортқа деген қызығушылығын арттыруға және түрлі спорттық жарыстарға дайындауға ерекше көңіл бөледі. Оқушылармен волейбол, футбол және басқа да спорт түрлері бойынша жаттығу жұмыстарын жүргізіп, мектеп оқушыларының қалалық және облыстық деңгейдегі жарыстарға қатысуына жетекшілік етеді.
Қазіргі таңда педагог-сарапшы біліктілік санатына ие. Кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында біліктілікті арттыру курстары мен семинарларға тұрақты қатысып, дене шынықтыру және спорт саласындағы заманауи әдіс-тәсілдерді тәжірибесінде тиімді пайдаланып келеді.
Еңбек жолында бірқатар марапаттар мен жетістіктерге ие болған.
2019 жыл – UEFA санатындағы D категориясы бойынша сертификат алған.
2020 жыл – Қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.
2020 жыл – Қалалық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталған.
2022 жыл – Қызылорда облысы әкімінің орынбасарының Алғыс хатымен марапатталған.
2022 жыл – Қызылорда облыстық футбол федерациясының дипломымен марапатталған. Қыздар арасындағы футбол жарысында жүлделі II орынға ие болған.
2022 жыл – Қалалық білім бөлімінің дипломымен марапатталған. Волейболдан I орын алған.
2023 жыл – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Алғыс хатымен марапатталған.
2023 жыл – «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығының сертификатына ие болған.
2024 жыл – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Алғыс хатымен марапатталған.
2024 жыл – Қызылорда қаласының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің Алғыс хатымен марапатталған.
2025 жыл – Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы ұйымдастырған футбол жарысында III орын алғаны үшін дипломмен марапатталған.
Еңбек жолында өзін білікті, жауапты және ізденімпаз педагог ретінде көрсетіп келеді. Оқушылардың спорттық қабілеттерін дамытуға, олардың салауатты өмір салтын ұстануына және мектептің спорттық жетістіктерін арттыруға елеулі үлес қосып келеді.
Қазіргі уақытта Қызылорда қаласындағы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келеді.



ЕСЕНДИКОВА УМИТ ЖАНУЗАКОВНА

Есендікова Үміт Жанұзаққызы 1983 жылғы 17 наурызда Қызылорда облысы, Арал ауданында дүниеге келген.

1990-2000 жылы жалпы білім беретін мектепті аяқтаған.

2000-2004 жылдар аралығында «Сейхун» академиясында білім алып, тарих пәні мұғалімі мамандығын меңгерген.

2011-2013 жылдар аралығында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Дене шынықтыру» мамандығы бойынша білім алып, аталған мамандықты тәмамдаған.

2009 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде еңбек етіп келеді. Білім беру саласында жинақтаған мол тәжірибесі бар.

Қазіргі таңда мектепте дене шынықтыру бағыты бойынша педагогикалық қызмет атқарып, оқушылардың дене дайындығын жетілдіруге, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және ұлттық спорт түрлеріне қызығушылығын арттыруға ерекше көңіл бөліп келеді.

Үміт Жанұзаққызы ұлттық спорт түрлерін, соның ішінде қазақтың дәстүрлі ұлттық ойыны – «Бес асық» ойынын кеңінен насихаттауға белсенді үлес қосып келеді. Республика және облыс көлемінде

өткізілетін «Бес асық» ұлттық ойыны бойынша түрлі жарыстар мен іс-шараларға қатысып, оқушыларды жарыстарға дайындап, жүлделі орындарға ие болып жүр.

Педагогикалық қызметінде оқушылардың спорттық қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және өскелең ұрпақты салауатты өмір салтына тәрбиелеуге басымдық береді.

Еңбек жолында өзін жауапты, ізденімпаз және тәжірибелі педагог ретінде көрсетіп келеді. Кәсіби білімі мен тәжірибесін үнемі жетілдіріп, білім алушылардың жан-жақты дамуына өз үлесін қосып келеді.

ТЕХНОЛОГИЯ БІРЛЕСТІГІ



ПАЛЫМБЕТОВА ЖАДРА МЕЙРАМБЕКОВНА

1985 жылы 25 қазанда Қызылорда қаласында дүниеге келген.

2000 жылы Қызылорда қаласындағы №43 орта мектепті бітірді. 2000–2005 жылдар аралығында Шымкент қаласындағы Әбілхан Қастеев атындағы көркем сурет колледжінде білім алып, бейнелеу өнері саласы бойынша кәсіби білім алды.

2010–2012 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша білімін жетілдірді.

2007 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде көркем еңбек пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді. Жалпы еңбек өтілі – 19 жыл. Кәсіби қызметінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыруға және ұлттық өнерді дәріптеуге ерекше көңіл бөліп келеді. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші.


Педагогикалық қызметімен қатар, бейнелеу өнері саласында шығармашылық жұмыстармен айналысып, Қазақстан Республикасының Суретшілер одағының мүшесі ретінде кәсіби шығармашылық ортада белсенді еңбек етіп келеді.

Еңбегі мен шығармашылық жетістіктері үшін бірқатар марапаттарға ие болған. Атап айтқанда, Қызылорда облысы әкімінің орынбасарының Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасы Педагогтар қоғамының «Тәуелсіз елдің үздік ұстаздары – 2022» дипломы және төсбелгісімен, Суретшілер одағының 90 жылдығына арналған халықаралық көрмеге қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталған.

2024 жылы Алматы қаласында өткен «Бейнелеу өнері» бағытындағы іс-шараға қатысып, Қазақстан Республикасының Алғыс хатына ие болды. Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасы Суретшілер одағы» Қызылорда облыстық филиалы тарапынан бейнелеу өнеріне қосқан үлесі үшін Салихадин Айтбаев атындағы медальмен марапатталды.

Отбасылы. Үш баланың анасы.

Педагогикалық және шығармашылық қызметін қатар алып жүріп, жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беруге, ұлттық өнерді насихаттауға және бейнелеу өнерінің дамуына өз үлесін қосып келеді.



БИСЕНБАЕВ БАУРЖАН АМЗЕЕВИЧ

Бисенбаев Бауржан Амзеевич 1965 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген.

1972–1982 жылдар аралығында №411 орта мектепте білім алып, 1982 жылы аталған мектепті тәмамдаған. Сол жылы Қызылорда педагогикалық институтына «Химия және биология мұғалімі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1987 жылы жоғары оқу орнын бітірген.

1987 жылы Макаренко атындағы балалар үйіне мұғалім болып еңбек жолын бастаған. Сол жылы Кеңес Одағының Қарулы Күштері қатарына әскери борышын өтеуге шақырылып, 1989 жылы әскерден оралған.


1989 жылдың тамыз айынан бастап Қалалық білім бөлімінің нұсқауымен №5 орта мектепке еңбек даярлығы пәнінің мұғалімі болып қызметке орналасқан. Қазіргі таңда И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде көркем еңбек пәнінің мұғалімі болып еңбек етіп келеді.

Педагогикалық еңбек өтілі – 37 жыл. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші. Бауржан Амзеевич – білім беру саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі ұстаз. Ол оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық қолөнерді дәріптеуге, ағаш, металл және тері өңдеу өнерін үйретуге, техникалық шығармашылыққа баулуға ерекше көңіл бөліп келеді. Ұстаздың шәкірттері қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі түрлі шығармашылық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

1. 2019 жыл – «Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» атты өлкетану сәндік-қолданбалы шығармашылығының республикалық көрмесінің қалалық кезеңінде III орын иеленді.
2. 2020 жыл – «DARYN ECOART» суреттер мен қолөнер бұйымдарының республикалық экологиялық конкурсының облыстық кезеңінде I орын иеленді.
3. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту бағыты бойынша сертификатпен марапатталды.
4. Тәуелсіз еліміздің кемел тұлғасын қалыптастыруда жас ұрпаққа саналы білім мен тәрбие беріп, білім саласын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін Құрмет грамотасымен марапатталды.
5. 2023 жыл – «Әскери техникалар макеті» тақырыбында қала мектептері оқушылары арасында 7–10 сыныптар бойынша өткізілген сайыста III орын иеленді.
6. 2023 жыл – «Әскери техникалар макеті» тақырыбында қала мектептері арасында өткізілген сайысты ұйымдастыруға белсене қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.
7. 2023 жыл – «Әскери техникалар макеті» тақырыбында өткізілген қалалық сайысқа қосқан үлесі үшін Алғыс хатпен марапатталды.
8. 2023 жыл – «Техникалық мамандықтар» бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «Өндіріс өзгерісі – келешек техникада» атты апталық аясындағы «Art-Fest 2023» қалалық сайысында II орын иеленді.
9. 2023 жыл – білім беру саласының дамуына қосқан елеулі үлесі, жас ұрпаққа сапалы білім мен өнегелі тәрбие берудегі еңбегі және қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін Құрмет грамотасымен марапатталды.
10. 2024 жыл – «Көркем еңбек» пәні бойынша білім беру процесін жобалау және жүзеге асыру бағыты бойынша сертификат алды.
11. 2024 жыл – 7–8 сынып оқушылары арасында «Қазақтың ұлттық қолөнері» тақырыбында өткізілген қалалық байқауды ұйымдастырғаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.
12. «Білім және инновация» журналы редакциясының шешімімен журналдың №4 (47), 2023 жылғы санында «Ручная обработка древесины на уроках технологии» атты мақаласы жарияланып, осыған байланысты сертификатпен марапатталды.
13. «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауының облыстық кезеңінде II орын иеленді.
14. «Пейзаж – ғажайыптар әлемінде» атты сурет байқауында III орын иеленді.
15. «Алтын қазына» тақырыбында өткізілген республикалық көрме-байқауының қалалық кезеңінде «Ағашты, сүйекті, теріні көркемдеп өңдеу» номинациясы бойынша I орын иеленді.
16. «Қазақтың ұлттық қолөнері» тақырыбында өткізілген «Ағаштан, металдан және теріден қолөнер бұйымын жасау» байқауында II орын иеленді.
17. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай Алғыс хатпен марапатталды.
18. Еліміздің жас жеткіншектеріне сапалы білім беру жолында сіңірген еңбегі мен білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Алғыс хатпен марапатталды.
19. «Сабақты зерттеу тәсілін заманауи педагогикалық құрал ретінде тәжірибеге енгізудің тиімділігі» тақырыбында технология пәні мұғалімдері арасында өткен қалалық семинарға қатысып, Алғысқа ие болды.
20. «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауының облыстық кезеңінде «Металды өңдеу» номинациясы бойынша III орын иеленді.

Бисенбаев Бауржан Амзеевич – еңбекке жауапкершілікпен қарайтын, кәсіби шеберлігі мен мол тәжірибесін жас ұрпақ тәрбиесіне бағыттап келе жатқан білікті ұстаз. Ол ұлттық қолөнерді, техникалық шығармашылықты және еңбекке баулу мәдениетін оқушылар арасында насихаттап, шәкірттерінің шығармашылық ізденісіне бағыт-бағдар беріп келеді.

Ұстаздың педагогикалық тәжірибесі мен шығармашылық еңбегі білім беру саласының дамуына, оқушылардың өнерге және еңбекке қызығушылығын арттыруға елеулі үлес қосып келеді.



ДАУЕНОВА ЖАЙНА БАЛҒАБАЙҚЫЗЫ

Дауенова Жайна Балғабайқызы 1991 жылы 4 наурызда Қызылорда облысы, Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1997–2006 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы №8 П.Д.Осипенко атындағы орта мектепте білім алған. 2000–2004 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы Қабылов атындағы өнер мектебінде «Бейнелеу өнері» бағыты бойынша толық курсты аяқтаған. 2006–2010 жылдары М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінде «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мұғалімі мамандығы бойынша білім алып, арнайы орта оқу орнын тәмамдаған. 2010–2013 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

Еңбек жолын 2011 жылы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде іс қағаздарын жүргізуші қызметінен бастаған. 2014 жылдан бастап аталған мектеп-лицейде «Бейнелеу өнері және сызу», «Көркем еңбек» пәндерінің мұғалімі қызметін атқарып келеді. Жалпы еңбек өтілі – 12 жыл. Біліктілік санаты – педагог-модератор.

Жайна Балғабайқызы – өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, шығармашылық ізденісі мол, тәжірибелі педагог. Ұстаздық қызметінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, көркемдік-эстетикалық талғамын қалыптастыруға, ұлттық өнер мен қолөнерді дәріптеуге ерекше көңіл бөледі. Оқушыларын түрлі шығармашылық байқауларға дайындап, олардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыру бағытында нәтижелі жұмыстар жүргізіп келеді.


Педагогикалық және шығармашылық еңбегі үшін мектеп-лицей директорының бірнеше Алғыс хатымен, Қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасымен, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы – Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының Алғыс хаты және Құрмет грамотасымен, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталған.

Жайна Балғабайқызы «Мен өз елімнің патриотымын!» атты жас суретшілер арасында өткізілген байқауға қатысып, Алғыс хатқа ие болды. «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында өткізілген облыстық жас суретшілер конкурсында қазылар алқасының мүшесі ретінде қызмет атқарды. «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы – Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының кәсіби даму курстарына қатысып, сертификаттар алды.

«Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясы аясында ұйымдастырылған «Менің Анам – ең қымбат жан» атты шығармашылық көрме-жәрмеңкесіне және «Ертегі кейіпкерлерін саламыз» атты сурет байқауына қатысып, Алғысқа ие болды. Сонымен қатар «Қылқалам бейнелеген қазақылық» атты сурет байқауына қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.

2022 жылы Қызылорда қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, «Менің отбасым» атты сурет байқауына қатысып, Алғысқа ие болды. 2024 жылы «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы – Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының Құрмет грамотасымен марапатталды. Сол жылы «Қазақтың ұлттық қолөнері» тақырыбында өткізілген қалалық байқауды ұйымдастыруға белсене қатысқаны үшін Алғыс хат алды және Қызылорда қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. «Жалпы білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқытуды ұйымдастыру (үйден оқыту)» тақырыбындағы курсты аяқтап, сертификат алған. «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауының қалалық кезеңінде III орын иеленген.

Жайна Балғабайқызы педагогикалық қызметін шығармашылықпен ұштастыра отырып, жас ұрпаққа сапалы білім мен өнегелі тәрбие беруге, ұлттық өнерді насихаттауға және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға өз үлесін қосып келеді. Өзінің кәсіби білімі, ізденісі мен еңбекқорлығы арқылы білім беру саласында нәтижелі еңбек етіп жүрген білікті ұстаз.



ЖУНИСОВА ЖАНАТ ЖҰМАҒҰЛҚЫЗЫ

Жунисова Жанат Жұмағұлқызы 1981 жылы 30 маусымда Қызылорда облысы, Жалағаш кентінде дүниеге келген. 1998 жылы №201 орта мектепті бітірген. 2001–2005 жылдар аралығында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Кәсіби оқыту және еңбек (кәсіпке дейінгі оқыту және сәндік-қолданбалы өнер)» мамандығы бойынша білім алып, жоғары оқу орнын тәмамдаған.

Еңбек жолын 2005 жылы «Қызылорда-Қызмет» колледжінде оқытушы қызметінен бастаған. 2005–2013 жылдар аралығында аталған колледжде білім алушыларға кәсіби білім беріп, педагогикалық тәжірибесін қалыптастырған. 2013 жылдан бастап И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде көркем еңбек пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді. Жалпы еңбек өтілі – 20 жыл. Біліктілік санаты – педагог-зерттеуші.

Жанат Жұмағұлқызы – кәсіби білімі мен шығармашылық қабілетін педагогикалық қызметімен ұштастыра білген тәжірибелі ұстаз. Өз сабақтарында көркем еңбек, дизайн, сәндік-қолданбалы өнер және ұлттық қолөнер бағыттарын тиімді пайдаланып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ерекше көңіл бөледі. Оқушыларын қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі шығармашылық және ғылыми жобаларға дайындап, олардың түрлі байқауларда жүлделі орындарға ие болуына жетекшілік жасап келеді.

Педагогикалық және шығармашылық еңбегі үшін Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының Құрмет грамотасымен, білім беру саласының дамуына қосқан елеулі үлесі, жас ұрпаққа сапалы білім мен өнегелі тәрбие берудегі еңбегі және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін Құрмет грамотасымен, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Құрмет грамотасымен марапатталған. Сонымен қатар түрлі білім беру және шығармашылық іс-шараларға белсенді қатысқаны үшін бірнеше Алғыс хаттар мен сертификаттарға ие болған.

Жанат Жұмағұлқызының шәкірттері де түрлі шығармашылық байқауларда жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Оның жетекшілігімен «Бояулар құпиясы» жас суретшілердің республикалық байқауының облыстық кезеңінде «Менің елім – менің жерім» номинациясы бойынша I орын, «Туған қаламның бояулары» атты қалалық өнер байқауында I орын, «Көктемгі стоп-кадр» тақырыбындағы қалалық өнер байқауында III орын, «Сыныптан тыс оқуды дамытудың заманауи цифрлық ресурстары» байқауында III орын иеленген жетістіктер бар. Сондай-ақ «А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай» ұйымдастырылған байқауда I орын иеленген.

2023 жылы «Техникалық пәндер» бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «Өндіріс өзгерісі – келешек техникада» атты апталық аясындағы «Жас архитектор» облыстық сайысына қатысып, III дәрежелі нәтижеге қол жеткізген. Сол жылы «Көктемгі стоп-кадр» жобасы аясындағы «Көктем көркі» іс-шарасына, Ұлы Жеңіс мерекесіне орай ұйымдастырылған «Біз ұмытпаймыз! Біз мақтанамыз!» шарасына және Қала күніне орай өткізілген «Қызылорда менің көзіммен» атты қалалық жас суретшілер байқауына белсенді қатысқаны үшін Алғыс хаттармен марапатталған.

2024 жылы жазушы-драматург, ақын, аудармашы, ғалым әрі педагог Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына арналған іс-шараға қатысып, сертификат алған. Сол жылы Жанат Жұмағұлқызының жетекшілігімен оқушысы Бостан Альбина «Алтын қазына» тақырыбында өткізілген республикалық көрме-байқаудың қалалық кезеңінде «Ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдердің үлгісін жасау» номинациясы бойынша III орын иеленген.

Педагог кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отырады. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында «Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өтіп, сертификат алған. Сонымен қатар «Инклюзивті білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» тақырыбындағы курсты аяқтап, сертификатқа ие болған.

2026 жылы «Мамандықтар әлемін ашамыз» облыстық форумында I орын, «Есірткіге жол жоқ!» тақырыбындағы есірткіге қарсы қолөнер бұйымын жасау байқауында I орын, «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауының облыстық кезеңінде II орын, «Зерде» ғылыми жобалар сайысының қалалық кезеңінде III орын иеленген.

Сонымен қатар есірткіге қарсы эмблема-логотип әзірлеу байқауына белсенді қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталған.

2026 жылы «Заманауи білім беру кеңістігіндегі өнер мен технология мүмкіндіктері және дамудың жаңа бағыттары» атты халықаралық форумға қатысып, педагогикалық тәжірибесімен бөліскені үшін сертификатпен және білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талқылауға, тәжірибе алмасуға қосқан үлесі үшін Алғыс хатпен марапатталған.

Жанат Жұмағұлқызы сонымен қатар педагогикалық тәжірибесін тарату бағытында да белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Халықаралық «Өрлеу-Өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткізілген Қазақстанның жас ғалымдарына арналған республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша іс-шараларға қатысып, сертификат алған. «TOP TEACHERS» халықаралық ғылыми-педагогикалық әдістемелік журналының жұмыстарына қатысып, педагогикалық тәжірибесін насихаттаған. Алматы қаласында шығатын республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық мерзімді баспасөз басылымы «Білім әлемі» арқылы да шығармашылық және әдістемелік жұмыстарын жариялап, дипломдар мен сертификаттарға ие болған.

Жанат Жұмағұлқызы өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ізденімпаз, шығармашылық әлеуеті жоғары, кәсіби білімі мол ұстаз. Ол көркем еңбек пен сәндік-қолданбалы өнерді заманауи білім беру технологияларымен ұштастыра отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық өнерді дәріптеуге және жас ұрпақты еңбекке баулуға елеулі үлес қосып келеді. Педагогикалық ізденісі мен шығармашылық еңбегі нәтижесінде шәкірттері түрлі деңгейдегі байқауларда жоғары жетістіктерге жетіп, білім беру саласында өзіндік тәжірибесін қалыптастырған білікті педагог.



ЕРМАТОВ АЙБОЛ МАҚСАТҰЛЫ

Ерматов Айбол Мақсатұлы 1988 жылы 20 желтоқсанда Қызылорда облысы, Қызылорда қаласында дүниеге келген.

1996–2005 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы №173 Ә.Молдағұлова атындағы орта мектепте білім алған. 2000–2004 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы Қабылов атындағы өнер мектебінде «Бейнелеу өнері» бағыты бойынша толық курсты аяқтаған.

2005–2009 жылдары М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінде «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мұғалімі мамандығы бойынша білім алған. 2009–2012 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша жоғары білім алып, оқу орнын тәмамдаған.

Еңбек жолын 2012–2013 жылдары Қазақ гуманитарлық, заң және техникалық колледжінде «Бейнелеу өнері және сызу» пәнінің мұғалімі қызметінен бастаған. 2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Бейнелеу өнері және сызу», «Көркем еңбек» пәндерінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді.

Айбол Мақсатұлы – бейнелеу өнері мен көркем еңбек саласында тәжірибелі, шығармашылық ізденісі мол педагог. Ол сабақ барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға, ұлттық қолөнерді дәріптеуге және оқушыларды түрлі шығармашылық байқауларға дайындауға ерекше көңіл бөледі. Сонымен қатар қалалық және облыстық деңгейдегі жас суретшілер байқауларына қазылар алқасының мүшесі ретінде қатысып, кәсіби тәжірибесімен бөлісіп келеді. Педагогикалық және қоғамдық қызметі барысында мектеп-лицей директорының бірнеше Алғыс хатымен, Қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасымен, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Қызылорда облысы бойынша филиалының Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарымен марапатталған.
2019 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің Сертификатына, сондай-ақ Қызылорда қаласының білім бөлімі мен қалалық кәсіподақ комитетінің Дипломына ие болды. 2020 жылы Жастар ресурстық орталығының Алғыс хатымен марапатталды.

2020 жылы ауыл мектептерінің 7–10 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында өткізілген қашықтан облыстық жас суретшілер байқауында қазылар алқасының мүшесі, сондай-ақ «Бояулар құпиясы» республикалық жас суретшілер байқауының облыстық кезеңінде қазылар

алқасының мүшесі болды. Сол жылы Қызылорда қаласының білім бөлімі мен қалалық білім қызметкерлері кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталып, «Үздік көркем еңбек пәнінің мұғалімі – 2020» қалалық байқауында III орын иеленді.

2021 жылы «Наурыз шуағы» тақырыбында 5–9 сынып оқушылары арасында өткізілген үздік қолөнер жұмыстары байқауына белсене қатысқан оқушылары Қаппар Р. мен Ишанбек Б.-ға жетекшілік жасап, Алғысқа ие болды. Сол жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы – Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар «Ұлттық Ұлан – елі мен халқына қорған» облыстық байқауында қазылар алқасының мүшесі болды және Қызылорда қаласы бойынша білім беру бөлімі мен қалалық білім қызметкерлері кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасына ие болды.

2022 жылы «Бояулар құпиясы» республикалық жас суретшілер байқауының облыстық кезеңінде қазылар алқасының мүшесі қызметін атқарды.

2023 жылы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы – Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының Алғыс хаттарымен марапатталды. Сол жылы «Қысқы стоп-кадр» тақырыбында өткен қалалық шығармашылық байқауға белсене қатысқан оқушысы Ахметова Русалинаға жетекшілік етіп, Алғысқа ие болды.

2024 жылы 7–8 сынып оқушылары арасында «Қазақтың ұлттық қолөнері» тақырыбында өткізілген қалалық байқауды ұйымдастыруға белсене қатысқаны үшін Алғыс грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар оның жетекшілігіндегі Ансеров Аттила «Қазақтың ұлттық қолөнері» тақырыбында өткізілген «Ағаштан, металдан және теріден қолөнер бұйымын жасау» қолөнер сайысында III орын иеленді.

Айбол Мақсатұлы кәсіби біліктілігін арттыру бағытында да жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. 2013 жылы «Жалпыға ортақ еңбек қоғамын қалыптастырудағы заманауи оқыту технологиялары» бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға арналған 36 академиялық сағаттық оқу курсын аяқтап, сертификат алған. 2024 жылы «Көркем еңбек» пәні бойынша білім беру процесін жобалау және жүзеге асыру тақырыбында 80 академиялық сағат көлеміндегі оқу курсын аяқтап, сертификатқа ие болды. 2025 жылы «Білім алушыны кәсіби бағдарлаудағы мектептің іс-әрекеті» тақырыбында 80 академиялық сағат көлеміндегі оқу курсын аяқтап, сертификат алды.

Педагог өз тәжірибесінде бейнелеу өнері, көркем еңбек, ұлттық қолөнер және шығармашылық бағыттарды тиімді ұштастырып, оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттыруға және олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға елеулі үлес қосып келеді. Оның жетекшілігімен оқушылар қалалық және облыстық деңгейдегі түрлі шығармашылық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

Ерматов Айбол Мақсатұлы – кәсіби білімі мен шығармашылық қабілетін ұштастыра білетін, ізденімпаз әрі тәжірибелі педагог. Ол жас ұрпаққа сапалы білім мен өнегелі тәрбие беруге, ұлттық өнер мен қолөнерді дәріптеуге және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға өз үлесін қосып келеді.